

БАЖЫТКА

АШАРАР

ЖОЛ



БИЛЛИ ГРЭМ

*Бақытқа апарар жол*

*Билли Грэм*

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің діни сараптамасынан 5-05-16 / 462 нөмірі бойынша 08.09.2015 күні өткізілді.

ӘОЖ 2  
КБЖ 86.3  
Г 76

Билли Грэм  
БАҚЫТҚА АПАРАР ЖОЛ – Алматы: ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ,  
2015 – 119 бет.

ISBN 9965-896-98-4

«Бақытқа апарар жол» – мәсіхшілік ілімге сай бақыт формулалары жайында баяндайтын кітапша. Кітапшада сипатталған құндылықтар қоршаған орта мен мына дүниенің құндылықтарынан бөлек. «Бақытқа апарар жол» рухани ұстанымдарға негізделген. Бұл кітапшаны оқыған адам бақыттың өзінен, яғни өз рухани өмірін реттеуден басталатынын түсінеді.

ӘОЖ 2  
КБЖ 86.3

ISBN 9965-896-98-4

© ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2015

*Бақытқа апарар жол туралы осы кітапты өмірлерін Құдайға арнаған, осы бақытқа апарар жолды Маған көрсете білген аяулы анам мен қадірменді әкеме арнадым.*

## Автордың кіріспе сөзі

Мен дүниедегі ең ұлы уағыз – таудағы уағыз жайлы кітап жазбақ едім, ойлана келе бақытты болудың сегіз өсиеті туралы жазумен ғана шектелуді жөн көрдім. Бұларды ой елегінен өткізіп қарағанда, ұққаным: Иса осы уағзында жеке адамның бақытты болу формуласын көрсетіп берген. Осы формула кез келген ғасырдағы, елдегі, әлеуметтік жағдайдағы, нәсілдегі әрбір жеке адамға арналған.

Қолыма қалам алмас бұрын осы жайлы басқалардың не жазғанын қарастырмақ болдым. Бақытқа жеткізер өсиеттер жайлы аз жазылғаны мені қатты таңғалдырды. Киелі кітапты зерттеушілердің сілтемелері оларға аз орын береді, алайда Иса Мәсіхтің осы өсиеттерінде Оның ілімінің тереңдігі мен кеңдігі толығымен көрініп тұр.

Бұл өсиеттер – төңкеріс жасайтын ілім. Олар бізді қайран қалдырады. Өздері терең мағыналы, сөйте тұра, өте қарапайым. Егер бұларды өмірімізге толық қолданар болсақ, онда бүкіл әлем түбегейлі өзгеріп кетер еді. Егер сіз осы формулаларды өз өміріңізге енгізсеңіз, жаңарған, бақытты адамға айналасыз.

Тіпті қаншама мыңдаған бет жазса да, ешбір жазушы Көктегі Ұстаздың осы бір керемет сөздерінің мағынасын сарқып айта алмайды. Мен де тек басты сұрақтарды ғана қозғаймын. Егер бақыттан рухтың сабырлылығын, нық сенімді, жан дүниенің тыныштығын, қуаныш пен қанағаттануды көрсек, онда Иса Мәсіх бақыттың ең жоғары дәрежесінде болғанын білеміз. Оның бақыты сыртқы жағдайларға тәуелді емес еді; Оның бақыты дүние-мүлікке негізделген жоқ. Ол өмірдегі өтпелі құндылықтар мен жағдайлардан жоғары тұрған рухани

деңгейде өмір сүрді. Ол болашағы үшін қауіптенген де жоқ. Иса ең ауыр сәттерін өзін сабырмен, нық сеніммен жігерлі түрде басынан өткізді. Ол, тіпті, рухтың сол бір сабырлылығымен өлімнің де дәмін татты.

Оның құпиясы неде еді? Иса бұл құпияны бақытты болу өсиеттерінде ашып берді. Келіңіз, Оның соңынан ерейік, сонда бақытқа апарар жолды табамыз.

## Бақытты іздеу

Жақында бір француз философы былай деді: «Бүкіл әлем қауіпсіздік пен бақытты аласұра іздеуде». Ал Гарвард университетінің директоры былай деп пайымдайды: «Әлем халқы өз жан дүниелеріне тыныштық пен жүректеріне жағымды ән іздейді». Сонымен қатар Техастық бір миллионер де былай деп ағынан жарылды: «Мен бақытты ақшаға сатып алуға болады деп ойлаған едім, дегенмен, олай болмай шықты. Қазір бәрінен де көңілім қалды». Бір танымал киножұлдыз өксіп жылайды: «Менің ақшам, атағым, тіпті сымбатым мен сұлулығым да бар. Соған қарағанда, осы дүниедегі ең бақытты әйел болуым керек еді, бірақ мен бақытсызбын». Ағылшындық зиялы қауымның атақты мүшелерінің бірі былай деп ақтарылды: «Менің қолым жетпеген нәрсе жоқ, бірақ бұдан әрі қарай өмір сүргім келмейді. Бұл қалай болғаны?»

Бірде әлдекім психиатрға келіп: «Дәрігер мырза, мен жалғызбастымын, бақытсызбын, әрі өмірден қажыдым, маған көмектесе аласыз ба?» – депті. Ал психиатр оған циркке барып, атақты бір сайқымазақтың қойылымын тамашалауды ұсынады. Ол сайқымазақ, көпшіліктің пікірі бойынша, ең көңілсіз адамды да күлдіре алады екен. Бірақ әлгі емделуші: «Бұл мүмкін емес, өйткені сол сайқымазақ – менмін», – дейді. Университетте оқитын бір студент: «Мен бар болғаны жиырма үштемін, бірақ өмірімдегі көптеген уайым-қайғыдан кейін өмірден түңілдім», – дейді. Бұрын атақты болған грек бишісі былай депті: «Жалғыз қалғанымда қолдарым дірілдейді, көзім жасқа толады, ал жүрегім аласұрып тыныштық пен бақыт іздейді. Мен оларды тапқан жоқпын».

Дүниедегі ең ұлы мемлекет қайраткерлерінің бірі маған былай деп еді: «Мен қарт адаммын. Өмір мен үшін өз мағынасын әлдеқашан жоғалтты. Енді мен өзіме беймәлім әлемге қадам жасауым керек. Сен жігіт, маған қандай да бір үміт бере аласың ба?»

Мына жалған дүние бақыттың кілтін сарыла іздеп, алға ұмтылуда. Қанша білім алсақ та, ақылымыз көбейер емес. Экономикалық жетістікке неғұрлым көбірек қол жеткізген сайын, соғұрлым құлази түсеміз. Тіпті бос уақытты рахаттана өткізсек те, өмірге разы емеспіз. Біз тынымсыз теңіз сияқтымыз: әйтеуір, өйтіп-бүйтіп сәл ғана рахат табамыз. Бірақ олардың бәрі де тұрақты емес, ешқайсысы да бізді қанағаттандырмайды.

Сонымен, ізденіс жалғасуда! Адамдар биліктің, рахаттың және байлықтың шөлін қандыру үшін өлтіруге, алдауға, қулыққа, ұрлауға, әрі соғысуға қабілетті. Осылайша, олар тыныштық, қауіпсіздік пен бақытқа ие боламыз деп үміттенеді. Ал іш жақтан бір дауыс үздіксіз қайталайды: «Сен аңсаған өмір бұл емес!»

Біз өмірдің сәнін келтіретін, бақыттың арнасы, әйтеуір, бір жерде тоқтамай ағып жатыр деп сенеміз. Бір жерде, бір күні сол бақытқа апарар жолға жетеміз деп өзімізге жиі айтамыз. Кейде оны тауып алғандай боламыз, ал іс жүзінде ол алдамшы бірдеңе болып шыға келеді, сөйтіп, көңіліміз қалып, абдыраған бақытсыз күйде қала береміз.

Бізге кездейсоқ жағдайларға тәуелді тайғанақ бақыт емес, өмірімізге берік тұғыр орнатар бақыт керек. Біз қайғылы, әрі азапты жағдайларда да жанымызды қуанышқа толтырар бақытты іздейміз.

Үйімнің маңында қысы-жазы ауқымын өзгертпейтін қайнар бұлақ ағып жатыр. Төңіректе су тасқыны болуы мүмкін, алайда осы қайнардың ағыны қалыпты



жағдайдан асқан емес. Ұзақ уақытқа созылатын жазғы құрғақшылықта да сарқылмайды. Ол жыл бойы еш өзгермейді.

Иә, адамдар аңсап жүрген бақыт та осындай.

Өз болмысына қарай адам үш түрлі себепке байланысты риза болмай жүреді. Біріншіден, Құдайдың бейнесіне ұқсас болып жаратылғандықтан. Егер ол Өзіне ұқсас етіп жаратқан Құдайымен байланыста болмаса, онда адам – жер бетінде жалғызілікті, абыржып жүрген кезбе. Адамға Құдайдың бар екенін білу жеткіліксіз. Әр пенде өзінің жарық дүниеде жалғыз еместігіне, Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімі өмірін басқаратынына сенімді болуы керек.

Екіншіден, егер адам ақиқатты білмесе, ұдайы қауқарсыз күйде болады. Адам – хайуан емес. Ол өзінің шыққан тегін, не үшін жаралғанын және болашағы жайлы ақиқатты білуге мұқтаж.

Үшіншіден, адам төзгісіз күрестер мен алдамшы үміттерден өзін азат ететін мамыра-жай тыныштыққа мұқтаж. Адамның жанына сынақтарда да, бір нәрседен айырылғанда да, оның болмысына бойлай еніп, үздіксіз әрекетте болатын тыныштық керек. Таудағы уағызында Иса Мәсіх «бақытты» сөзін сегіз рет қолданады, «макариос» сөзі Киелі кітапта «бақытты» деп аударылған, бірақ ол «бақытты» дегеннен әлдеқайда артық ұғымды білдіреді, ал біз осы аударманы өзгертпедік.

Таудағы уағызда бірінші сөз «Бақытты» деп басталады. «Макариос» – ақ батаға ие болу, игілікті дегенді білдіреді. Осыдан соң Иса Мәсіхтің бақыт жайлы формуласы тізіледі. Біз «бақытты» сөзін алдық.

Бұл формула, яғни өсиеттер – Мәсіх ілімінің бөлшегі ғана, барлық ілімі емес. Иса Мәсіхтің келу мақсаты – әлеуметтік реформа жасау ғана емес және жер бетіндегі

мүлтіксіз өмірдің үлгісі болу да емес. Иса – ең алдымен, Құтқарушы. Ол біздің күнәларымызды Өз айқышына шегеледі, күнәкарлардың күнәларының құнын төлеп, құтқарылуы үшін айқышта өлді. Осы жайтты ескермей, Таудағы уағызды ұғына алмаймыз. Көне Өсиет «Мәсіх момын болады, Ол азапты қуанышқа айналдырады, шыншылдық Оның күнделікті наны болады» деп үйретті. Мәсіх – кемелді Адам, Ол – бақыттылықтың барлық өсиеттерін орындай алған адам бейнесіндегі Құдай. Ол Өз басынан өткізген тәжірибесін Таудағы уағызында бізге жеткізді.

Мәсіхтің ілімі жер бетінде жүргенде – революциялық және дана ілім болады. Оның сөздері өте қарапайым, әрі терең мағыналы еді. Оның сөздері адамдарға қатты әсер етті. Оған адамдар қуанышпен де, кейде ашумен де қарады. Оны тыңдағандар ешқашан бұрынғы қалпында қалмады. Мәсіхті тыңдағандардың барлығы да жақсы, не жаман адамға айналды. Адамдар Исаның соңынан еріп кететін немесе ашуланып, кетіп қалатын. Мәсіхтің сөздерінде күш адамдарды шешуші әрекеттерге шабыттандыратын. Мәсіх былай дейді: «Кім Менімен бірге болмаса, сол Маған қарсы» (Матай 12:30).

Мәсіхтің соңынан сол кездің адамдары ілесті. Олар бүкіл дүниенің астын үстіне төңкерді, өйткені олардың жүректері шындықпен өзгерген еді. Тарих та жақсылыққа қарай күрт бұрылды. Адамдарды сүю әдетке айналды. Мәсіхшіліктің ізінен кеңпейілділік, ізгілік және ар-намыс ере келді. Өнер, музыка және ғылым тез дами бастады. Адамзат өз жаратылысындағы Құдайдың бейнесіне ұқсас тұстарын жүзеге асыратын дәрежеге жетті. Қоғам мәсіхшіліктің ықпалын сезіне бастады. Әділетсіздік, қатыгездік және шыдамсыздық, рухани күштің екпінімен ығыстырыла бастады. Бұл рухани күш бір жағынан

Мәсіхтің ілімінен, екінші жағынан Оның Голғотадағы құрбандығынан бастау алып жатты.

Осы рухани күш дүниеге келіп кіргеннен бері жүздеген жылдар өтті. Мәсіхшіліктің рухани арнасы толастамай, кейде шапшаң, көбіне баяу ағуда. Мәсіхшіліктің басты арнасына лайланған, жалған ағымдар үлкен қатер төндіруде, ал әлем болса нағыз ақиқатты жалғаннан ажырата алмауда. Мәсіхке алғаш адал сенгендер бақытты еді. Біздің ұрпақ мәсіхшілік терминологиясы туралы көп естиді, әйтсе де Мәсіх ілімінің қағидаларын орындауға деген ықыластары шамалы. Сондықтан бүгін біз мәсіхшілердің санын көбейтуден гөрі олардың сапасын жақсартуға мұқтажбыз.

Адамдар қозғалыс күш іспетті, мәсіхшілікке қарсы шығуы мүмкін, алайда Құдай Рухына кенелген адамға қарсылық көрсете алмайды. Ал мұндай адам дандайсыған менмендікке, біздің заманымыздың рационализмі мен материализміне үлкен сабақ екені анық. Біз заңның әріптері жайлы жиі дауласамыз, оның орнына әр адамның оқи алатын «Мәсіхтің хаты» болуымыз керек (2 Қор. 3:2).

Бізге бастауға қайта оралып, Құтқарылу Өзенінен емдік қасиеттер тауып алатын уақыт келді. Иса Жақып құдығының басында самариялық әйелге былай деген еді: «Кімде-кім Мен беретін судан ішсе, ол мәңгі-бақи шөлдемейтін болады» (Жохан 4:14). Күнәлары мен түңілуден қасірет шеккен бұл әйел бүкіл бір халықтың бейнесі еді. Оның ұмтылыстарына біз де ұмтылып жүрміз. Оның көңілі қалған нәрселерден біздің де көңіліміз қалды. Сол әйелдің күнәлары мен жалбарынған дұғалары – біздің де күнәларымыз бен жалыну дұғаларымыз болатын. Алайда сол әйелдің Құтқарушысы – біздің де Құтқарушымыз, оның кешірілгені – біздің де

кешірілгеніміз, қуанышы – біздің де қуанышымыз бола алады.

Мен сізді өзіммен бірге шабытқа толы ізденістерге, ғажайып бір сапарға шақырамын. Қайда дейсіз бе? Бақытқа апаратын жолды іздеуге! Біз уақыттың тілін кері бұрып, екі мың жыл бұрынғы Ғалилеяға ойша аттанайық. Палестинадағы тау беткейі. Ғалилеялықтар әңгімені сабырмен күтуде. Олар Иса Мәсіхке үміттеніп, көз тігіп отыр. Міне, Иса адамдарға сөйлей бастады. Палестинадағы осы тауда Мәсіх айтқан сөздер – барлық кезеңдер мен барлық халықтарға арналған терең мағыналы әрі асқақ айтылған сөздер болып тарихқа жазылуы керек еді. Сол жерде тебірене ой елегінен өткізілген қарапайым сөздерімен Мәсіх бақытқа апарар жолды ашты. Бұл – біздің жердегі уақытымыз бен кеңістігіміздегі үстіртін бақыт емес, мәңгілік бақытқа апаратын – сара жол. Ол айтқан бірінші сөз – «Бақытты» болды. Тыңдап отырғандар, сірә, біз сияқты бірден сақтана қалған болар. Мен бұл үшін арнайы мінажат ете отырып, төмендегі беттерден Мәсіхтің сөздерін тыңдап қана қоймай, бұл сөздерге жүрегіңізді ашып, оларға өз еркіңізді бағындырарсыз деп үміттенемін.

## Бақыттылық – жарлылықта

*«Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты,  
Құдай Патшалығы сондайларға арналған».*

Францияның бір саяси қайраткері: «Егер бүкіл әлемге тамақ пен ақша жеткілікті болса және туғаннан өлгенге дейін қауіпсіздікте болса, онда ешкім бұдан артықты тілемес еді», – дейді. Мен өзімнен «осылар адамды шынымен-ақ бақытты ете ме» деп жиі сұраймын. Сөйтіп, бұл сұраққа еш мүдірместен «Жоқ!» – деп жауап қайтарамын. Көптеген адамдардың бай болса да, сорлап жүргендерін жиі көремін. Дүниеде ақшаға сатып алуға болатынның барлығына ие адамдар баршылық, бірақ олар – қызба мінез, түнерген, аянышты жандар. Орташа дәулетті адамдардан мынадай сөздерді әлденеше рет естідім: «Егер менде қауіпсіздік кепілдігі болса, мен бақытты болар едім». Немесе: «Егер жақсы үйім, көлігім, теңіз жағасында қысқы сарайым болса, онда бәріне риза және бақытты болар едім».

Бұл солай ма өзі?

Мәсіх бақытқа мұндай жолмен ие бола алмай-тынымызды анық айтты. Ол қауіпсіздік пен байлық адамды бақытты етпейтінін әрі толық қанағаттандыра алмайтынын ескертті. Таудағы уағыз адамдардың екі түрлі тобына: ең алдымен, Өзінің шәкірттеріне және Оны қоршаған адамдар тобына арналды. Таудағы уағыздан шәкірттер Мәсіхке сенушілердің болашақта ие болуға тиісті Уәделі жерінің асқақ бейнесін көрді. Мәсіхті айнала қоршаған тобырға Таудағы уағыз – Мәсіхтің соңынан ерудің не екенін білдіретін, айқындалған ұлы жеңіс болды. Соған дейін Иса олар үшін ешкімге ұқсамайтын айрықша бір адам ғана болатын. Мәсіхтің

мінезі тартымды еді, Оның даусы жұмсақ, жүріс-тұрысы жағымды болатын. Ол – ұлы Ұстаз, жанашыр Көсем болды. Жер бетінде Оған ұқсас әлі ешкім болған емес. Мәсіхті тыңдап тұрған бұл адамдардың өмірі ауыр еді. Бұл адамдар Мәсіхтің бұған дейінгі істерін ұмытпаған. Бірақ тауда Мәсіх айтқан бірінші сөздерді естігенде, Оның ізбасарларының көбінің көңілі қалды. Дін – олар үшін мағынасы аз ырым мен шара. Дін адамның күнделікті өмірінде көрініп тұруы керек екені олардың саналарына кірмеген еді. Оларда бақытты болудың үміті әлдеқашан үзілген әрі бұл сөздің шынайы мағынасын баяғыда ұмытқан, бәлкім, білмеуі де мүмкін.

Мәсіх адамдарға «бақытты» деген сөздің шынайы түсінігін қайтарып беруге тиіс болды. Одан да зорғысы – Мәсіх бұл сөздерге өмірдің мәнін беруі қажет болатын.

«Бақытты» деген сөздің мағынасы не? Мәсіхті тыңдап тұрған адамдар бұл сөзден нені түсінбекші? – осы адамдар Рим империясынан жеңіліс тапқан сорлы да, аянышты құлдар империясынан еді ғой. Олар жақсылықтан үміттенбей, оны күтпей-ақ өмір сүріп жатқан болатын.

Бірақ «бақытты» деген сөзден кейін келесі сөз айтылды: «рухани жарлылар» (қазақшада «Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты»). Егер Мәсіх «руханижарлы» деген сөзді айтпайкетсе, адамдар қуанып қалар еді, өйткені олар шынымен де жарлы болатын. Бірақ Ол «рухани жарлы» деді. Бұл адамдар Мәсіхтің сөздерін қатты таңдана отырып, тамсана тыңдады деп пайымдауға болады. Осы алдыңғы айтылған сөздер оларға қарама-қайшы болып естілді. Біздер, әдетте, кедей адамдардың барлығын бақытсыз деп санаймыз, бірақ Иса Мәсіх бақытқа апарар жол жарлылық арқылы одан да сорақысы «рухани жарлылық» деп оқытты.

Бұл нені білдіреді?

Біріншіден, рухы жарлы адам өзінің рухани кедейлігін түсінеді. Адам дәулетті және де рухани кедей болуы мүмкін. Аса мұқтаж бола тұра, соны сезбейтін адамнан өткен мүсәпір жоқ. Көне Өсиеттегі Самсон есіңізде ме? Ол айнала қоршаған філістірлердің ортасында тұрып, Жаратқан Иенің өзін тастап кеткенін білген жоқ.

Әлдекім мынаны байқапты: «Ештеңе білмейтін, тіпті, өзінің надан екенін білмейтін адамнан өткен надан жоқ. Өліп бара жатып өзін саумын деп ойлау – аурудың ең жаманы. Қолында ештеңесі жоқ, бірақ өзін баймын деп ойлайтын адамнан өткен жарлы жоқ».

Парызшылдардың екіжүзділігі ғана емес, Құдай алдындағы өздерінің мүсәпірлігін көрмей тұрғандары да қайран қалдырарлық еді. Жарлы бола тұра, өзін бай санайтын немесе сауатсыз бола тұра, өзін білімді санайтын адам да мүсәпір.

Иса Мәсіх бізге Інжілде өз байлығы жайлы жалған түсінігі бар адамды сипаттайды. Өз-өзіне риза болған сол адам былай дейді: «Сосын өзіме – көп жылға жететін мол қорың бар, енді демалып, ішіп-жеп, көңіліңді көтер деймін» (Лұқа 12:19). Ал жан дүниенің заттармен, жүректің шараппен немесе тамақпен қоректенбейтіні – ақылсыз адамның ойына да кірмейді. Бұл адам материалдық құндылықтарды өмірдегі басты нәрсе деп санағандықтан, Құдай оған: «Ей, түйсіксіз!» – дейді. Осы нақыл сөздегі бай адам сияқты жалған ұғымда жүрген барлық адамдардың бәріне Құдай былай дейді: «Өзі үшін байлық жинап, ал Құдаймен қарым-қатынасында бай болмаған адамның ақыры осындай» (Лұқа 12:21).

Тәннің көзі, құлағы, қол-аяғы бар. Тәннің белгілі бір мұқтаждықтары мен әуестіктері бар: ішіп-жеу, көбею түйсігі және т.б. Бірақ Киелі кітап адамның жан дүниесі оның денесінен әлдеқайда маңызды деп

үйретеді. Сіз – тіршілік етуші жансыз. Сіздің жаныңыз Құдайдың бейнесіне ұқсас жаратылды. Яғни сіздің тәніңіздің өз ерекшеліктері мен әуестіктері бар болса, дәл солай жаныңыздың да өз қалаулары бар. Жанның ерекшеліктері – бұл әр адамның жеке мінез-құлқы, ақылы, ар-ожданы мен есте сақтау қабілеті. Өзіңіздің мұқтаждықтарыңызды қанағаттандыруға талпынасыз. Оған мамыра-жай тыныштық пен бақыт керек.

Адамдар тәнді қоректендіруге көбірек көңіл бөледі де, жанның қорегіне мүлдем зер салмайды. Соның салдарынан біз толыққанды емеспіз. Біз өзімізге тәни және материалдық тұрғыдан жүк артамыз да, жанымызды жүдеу, әлсіз, жұтаң етіп қалдырамыз. Жан Құдайдың бейнесіне ұқсас етіп жаратылғандықтан, тірі Құдайды білгенше қанағат таппайды. Жанның аса мұқтаж қажеттіліктерін, қалауларын, әуестіктерін тек Құдай ғана қанағаттандыра алады. Сіз киножұлдыз сияқты тартымды, таусылмас байлыққа ие бола алуыңыз мүмкін, бірақ жаныңыздың алаңсыздығына, бақытына және тыныштығына ие бола алмайсыз. Неге? Жауап өте қарапайым – өйткені сіз бар назарыңызды жаныңыз емес, тәніңізге, тәндік қажеттіліктеріңізге аудардыңыз. Тәнге ықылас аудару қандай қажет болса, жанға да сондай қажет. Жанға Құдаймен қарым-қатынас, оңаша қалу, тыныштық, толғаныс керек. Егер жанның рухани азығы жоқ болса немесе сирек қоректенер болса, ол әлсірей береді, сола береді, абыржып, мазасызданады.

Көптеген адамдар ішімдікке салынады, кейбіреулер заңсыз жыныстық қарым-қатынасқа барады. Өйткені жандарының айғайы мен талпыныстарын арақпен тұншықтырғылары келеді. Бірақ Құдайдан басқа ешкім де, еш нәрсе де жанды разы ете алмайды, өйткені жан Құдай үшін жаратылды. Сондықтан жан Оны тапқанша



іштей қиналыста қала береді. Құдайға апарар жол рухани жарлылықты түйсінуден басталады. Рухани жарлылар өмірдің мән-мағынасын материалдық құндылықтармен өлшемейді. Яғни материалдық құндылықтар солғынданады. Рухы жарлылар өмірді мәңгілікке жоспарлайды. Құдайдың өзіне қажет екенін ашық мойындап, көнбіс жүрекпен Оны «Я, Құдай, мен күнәкармын, рақым ете гөр!» – деп шақыратын адам – дана адам. Құдайдың жоспары бойынша рухани толығу тазарудан басталады. Өзінің рухани жарлылығы үшін тәубе ету, кешірім алу мен рухани баюдың алдында жүреді. Мәсіх адамның бақыты – оның жан дүниесін Құдайға арнап ашқан кездегі рухани жарлы екенін мойындауында астарланған дейді. Киелі кітап бізге тәніміз сияқты жанымыздың да ауыратынын ашып берді. Жанның дерті қатерлі ісіктен де, сал болып қалудан да жаман. Бұл дерт – бүкіл әлем азап шегіп жатқан оба. Ол жеке адамның өміріне түңілу мен шатасуды әкеледі. Сол дерттің аты жағымсыз болғандықтан оны қолданғымыз келмейді. Тіпті атауын естен шығарып та үлгердік, алайда ол жайлы ар-ұяты бар психиатрлар жиі айтуда. Бұл дерттің аты – күнә. Бүкіл адамзат өз Жаратушысына қарсы күнә жасады. Құдай – Киелі, шыншыл және адал. Ол күнәмен ымыраға келмейді. Осы себепті күнә Құдай мен адамды бөліп тастады. Біз Оның заңын бұзғанымызды және өз күнәларымыздан тазаруға дайын екенімізді мойындауымыз керек. Сондай-ақ Құдайсыз өмір мәнсіз, ол тек өлімге апарарды. Осыны мойындау оңай емес. Біз бәріміз төкаппармыз, ол әрқайсымызда әр түрлі көрінуі мүмкін. Әрине, біздікі дұрыс емес, бәріне өзіміз кінәліміз деп мойындағымыз келмейді. Бірақ Құдай былай дейді: «Бәрі де күнә жасап, Құдайдың... ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим. 3:23). Біз Құдайдың жоспары бойынша өмір сүре алмадық.

Тіпті Оның біз туралы мақсаттарына жете алмадық және бәрін бүлдірдік. Біз өз күнәларымызды мойындауымыз керек. Ол – бақыт пен мамыра-жай тыныштыққа, жан рахатына апарар жолдың басы ғана.

Қазіргі ұрпақ әр түрлі сапасы төмен философиялық ілімдерге әуес. Сондықтан олар Құдайсыз өмір сүруде. Бүгінгі күні өмірге діннің қайта оралуы – біздің мәселелерімізді гуманизмнің шеше алмайтынының куәсі. Жоханның Аян кітабындағы Лаодикиялық қауым секілді біздің де айтарымыз мынау: «Мен баймын, ауқаттымын, еш нәрсеге мұқтаж емеспін» (Аян 3:17). Бірақ жанымыздың сұраныстарын қанағаттандыруға біздің байлығымыз бен сұлулығымыз үстірт, әрі жеткіліксіз екенін өзіміз де көрдік. Келіңізші, ақиқаттың бетіне тура қарайық: бұл дүниеге біз құр алақан, жалаңаш келгенбіз, сондай-ақ о дүниеге де өзімізбен еш нәрсе алып кете алмаймыз. Жаңа туған адамда ақша бар ма, өліп бара жатқан кісі де ақшасыз.

Құдайдың шексіз мейірімі мен сүйіспеншілігіне кенелуіміз үшін неге жарлы болмасқа?! Біз өмірге құр алақан келгенбіз, бүгін біреуміздің қолымыз бір нәрсеге жеткен болса, ол тек Құдайдың Өз мейіріміне бөлеп, мүмкіндік бергені. Рухы жарлылар өздерінің Жаратушыға тәуелді екендіктерін және күнәларын ашық мойындайды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Сонымен бірге күнәні тастап, одан аулақ жүруге шешім қабылдаулары тиіс.

Екіншіден, рухы жарлылар Құдайдың өздеріне арнап Иса Мәсіхтің өлімімен және қайта тірілуімен дайындаған байлығын қабылдауға дайын болулары керек.

Қазіргі медицина шапшаң дамып жатыр. Дәрігерлер бір дертті емдеудің жаңа тәсілін ашқан кезде, осы дерттің алдын алу үшін жаңа вакциналарды да ойлап табады. Егер адамзат өзінің азаптары мен күнәкар болмысын

емдеудің тәсілін тапса, қандай керемет болар еді. Жек көрудің орнына жақсы көру үшін, ашкөздіктің орнына қолындағы барына шүкіршілік ету үшін адамға бір дәріні еге салуға болар еді. Бұл, әрине, біздің барлық қиындықтарымызды шешіп бере алар еді.

Айталық, адамның барлық өткен қателіктерінің, сәтсіздіктері мен күнәларының емі табылды дейік, онда өткенімізді түзеп, үзіліп қалған үміттерді жалғай алар едік. Бұл бір тосын жай немесе таңғаларлық оқиға болмас па еді?

Осы мәселелердің бәріне Мәсіхтің жауап бергенін білуге тиіспіз. Адам барлық күнәларына кешірім ала алады. Біздің жанымызды құрсап алған торды бұзуға болады. Сонда күнәнің, әбігершіліктің, түңілудің орнына әділдік, қуаныш пен бақыт келер еді. Жан сыртқы жағдайларға тәуелсіз, мамыра-жай тыныштықты таба алады. Бұл мәселенің шешімін Мәсіх екі мың жыл бұрын Голғотада жүзеге асырған болатын.

Мәсіхшілердің сиыну үйлерінің төбелерінде айқыш тұр. Неге олай дейсіз бе? Айқыш не себепті мәсіхшіліктің белгісіне айналды? Себебі Мәсіх айқышта Өзінің қанын төкті. Сол қан өкініп, тәубе еткен күнәкарлар, өзінің рухани жарлы екенін мойындайтындар, Оны жеке Құтқарушысы, Иесі және Тәңірі деп қабылдағандар үшін сауықтырушы қанға айналды. Мәсіхтің Голғотадағы өлімі кездейсоқтық емес. Бұл – адамзатты Өзімен татуластырайын деген Құдайдың ежелгі жоспары еді. Әділетсіздіктеріміз бізді Құдайдан бөліп жіберді. Сондықтан Құдай Өзінің Жалғыз Ұлы Исаны осы дүниеге арнайы жіберді. Өйткені Ол біздің күнәларымызды Өз мойнына артып, сол үшін жазасын тартуы керек болды. Құдай бізді шексіз сүйетінін және Өз мейірімін осылайша көрсетті.

Дегенмен, Құдайдың өз пендесінен күтетіні де бар Ол біздің жан күйреуіне ұшырағанымызды, өз рухани жарлылығымызды мойындауымызды күтеді. Құдай біздің сеніммен Иса Мәсіхке бет бұрғанымызды қалайды. Тек Құдай ғана бізге жаңа болмыс береді. Онымен бірге өміріміз де жаңа күйге ене алады. Тыныштық, сүйіспеншілік, қуаныш, соның ізінше бақыт та біздің қолымызда болады. Әлемді шарлаған саяхаттарымда мен дүниеден өз өмірлеріне разы, бақытты адамдарды іздеумен болдым. Бірақ мен ондай адамды өз жүректеріне Иса Мәсіхті өз еріктерімен және табанды түрде сеніммен қабылдаған адамдардан табатынмын. Өмірге разы да бақытты болудың бір ғана жолы бар – бұл тәубе ету жолы, Құдаймен татуласу жолы, Құтқарушы Иса Мәсіхке деген адал сенімнің жолы.

Мұндай тәжірибе сізге таныс па? Бұл тек сезім толғаныстары емес. Бұл Оған толық үміт арту. Егер сіз шынымен де бақытты болғыңыз келсе, онда Құдайдың талаптарымен келісуіңіз керек: Голғотадағы айқышқа мойынсұнуыңыз, Мәсіхті өз Құтқарушым деп жүрегіңізге қабылдауыңыз керек. Бұдан басқа жол жоқ.

Үшіншіден, егер сіз рухани жарлы екеніңізді мойындасаңыз, онда өзіңіз Құдайға тәуелді екеніңізді түсінуіңіз керек. Иса Мәсіх Құдай Патшалығына кіру үшін бізге бала сияқты кішірею керектігін ескертті. Балалар – қамқорлыққа мұқтаж, олар өз ата-аналарының қамқорлығы мен қорғауында. Мұндай жағдайда балалар жоқшылық көрмейді, бірақ ата-анаға сенім артатын қарым-қатынассыз олар күйсіз болар еді.

Біз Құдайдың балалары ретінде Оның қамқорындамыз. Киелі кітап былай дейді: «Әкенің сәбиіне жаны ашығаны іспетті Жаратқан Иеміз де Өзін қас-терлегендерге дәл сондай мейіріммен жанашырлық көрсетеді» (Забур 102:13). Ата-ананың қамқорлығында-

ғы балалар тамақ, киім және баспана туралы ойламайды. Бұлардың бәрін олар әке-шешеден күтеді. Бұл, әрине, дұрыс. Иса Мәсіх былай деді: «Сондықтан не ішіп-жейміз, не киеміз деп уайымдамаңдар! Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді» (Матай 6:31, 33).

Құдай біздің жағдайымыздың жақсы болуына да жауапкершілік алады. Ол қажетімізді өзіне айтуға шақырады, өйкені Ол біздің қамымызды жейді. Біз Құдайдың қамқорлығында болғандықтан, Иса Мәсіх: «Көңілдерің толқымасын!» (Жохан 14:1) – деді. Балалар әке-шешелерінен өздеріне қажет нәрсені сұрауға қорықпайды. Өсіп-жетіліп жатқан балалар әке-шешелеріне өз қалауларын батыл айта алады. Еврейлерге арналған хаттың 4-тарау, 16-аятында мынаны оқимыз: «Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен жақындап, өтініштерімізді білдірейік. Осылай көмекке мұқтаж кездерімізде Оның мейірімділігі мен рақымдылығына ие боламыз». Құдай біздің барлық мұқтаждықтарымызды, әрі Өзіне қалай тәуелді екенімізді біледі. Сондықтан да Иса былай деді: «...сұраңдар, сонда аласыңдар» (Жохан 15:7).

Өзінің барлық мұқтаждықтарын күнделікті мінажатында Құдайға әкеле алатын адам бақытты. Әр күні таңертең он бес минут уақыт Құдайдың алдына келу – біздің бүкіл өмірімізді өзгертіп, «тауларды да қозғалта» алады.

Бірақ осы бақыт пен таусылмайтын игілік біздің Құдаймен қарым-қатынасымызға байланысты. Тек Оның рухани жоғарыдан туған балалары ғана Құдайға Көктегі Әкем деп келуге құқықтары бар. Ал Оның баласы болу үшін Тәңірге өкінген жүрекпен келу, Оның баласы етіп

алуын қабылдау және Оған толықтай сенім арту қажет. Адам өз істері арқылы Құдаймен татуласа алмайды. Тек сенім арқылы, Оның жарылқауымен Иса Мәсіхті Құтқарушым деп қабылдау арқылы ғана біз Құдайдың сүйіспеншілігімен және өзіміздің құтқарылуымызды таба аламыз. Ешкім өзінің жеке бақытына апарар жолдың құнын төлей алмайды. Біздің бақытымыз бен құтқарылуымыз – Құдайдың Иса Мәсіх арқылы берген сыйы.

Төртіншіден, рухы жарлылар қалауларынан өз еріктерімен бас тартулары тиіс. Олар өз өмірлеріне жетекшілік етуді Иса Мәсіхтің қолына тапсырғандар. Олар айқыштарын алып, Мәсіхтің соңынан еруге келіскен жандар.

Бізді қазіргі заманның менмен, өзімшіл философиясы былай деп сендіреді: адамдар Құдайдың көмегінсіз-ақ биік асуларды алуға қабілетті. Көптеген философтар: «Дін сезімтал адамдарға ғана қажет, ал өз күшіне сүйене алатын адамнан артық ешкім жоқ», – деп санайды. Өкініштісі, бұған дейінгі кез келген басқа ұрпаққа қарағанда, біздің өзімшіл ұрпақ маскүнемдікті, нашақорлықты, қылмысты, соғыстарды, бүлінген отбасыларды, өлтіруді және өзіне қол жұмсауларды әлдеқайда көп жасады. Бізге өзіміздің барлық сәтсіздіктеріміз бен аса қымбатқа түскен қателіктерімізге көз жіберетін кез келді. Өзімізге сенім артқанды қойып, Құдайға көбірек сенім артатын кез келді!

Иса келген ғибадатхананың жас әрі бай басшысы тақуалығы мен байлығының қамын жеп, құтқарылудан бас тартты. Інжіл оның «қайғырып», кетіп қалғанын айтады, өйткені ол өзімшілдік пен байлығына үміт артудан бас тартуды қаламады.

Біз айналамыздан күн сайын астамшылықты, дандайсуды және өзімшілдікті көреміз, бұл – күнәнің көрінісі. Ал азаптанып, күйреген әлемге көктен дауыс

естіледі: «Саған рухани баюың үшін тазартылған «саф алтынды» Менен сатып алуға кеңес беремін. Масқара жалаңаштығың көрінбес үшін Менен «аппақ киімді» алып киін, сондай-ақ көре алуың үшін «көзге жағатын шипалы май» да сатып ал! (Аян 3:18). Әрі қарай Мәсіх былай дейді: «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, онымен бірге дастархандас боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20).

Аспан Патшалығындағы орын ақшаға сатып алынбайды. Аспан Патшалығын тән мен қан мұра ете алмайды. Тек рухани жарлылар мен Құдай бай деп санаған, жалған дүниеден бас тартқандар ғана ол жерге кіруге лайықты болады, өйткені олар сіңірген еңбектері үшін емес, рухани жарлы болғандықтан барады.

«Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты; Құдайдың Патшалығы сондайларға арналған!» (Матай 5:3).

### **Бақыттылық – қасіретте**

*«Күнәларына өкініп, қайғырғандар бақытты, Құдай оларды жұбататын болады» (Матай 5:4).*

«Ренжіме, досым!» деген мейірімді достарымыздың тілектері де енді бізді жұбата алмайтын кез келді. Өйткені біздің қажеттіліктеріміз әдеттегі психологиялық деңгейден тереңірек жатқандықтан, мұндай жұбатулар қауқарсыздығымызды ұлғайта түседі.

Сыртқы жетістіктеріне қарамастан, адам шын мәнінде жарлы. Мәсіхтің сөздері де адамдардың айрықша тобына – рухани жарлыларға бағытталды. Мәсіх былай деді: «Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды. Ол

Мені жарлыларға Ізгі хабар жеткізуге тағайындады» (Лұқа 4:18). Бұл Мәсіхтің ілімі қолдарында ештеңесі жоқ адамдарға ғана арналған дегенді білдірмейді. Ол, ең алдымен, рухани тұрғыдағы жарлы мен жақыбайға келді.

Егер шынайы бақытты тапқымыз келсе, біз Иса Мәсіх бастаған нәрседен бастауымыз керек. Егер бақытқа кенеліп өмір сүргіміз келсе, бақыттылық өсиеттерін қабылдауымыз керек. Өсиеттердің екіншісі – «Күнәларына өкініп, қайғырғандар бақытты, Құдай оларды жұбататын болады». Бұл бірден ақылға қонбайды. Қасірет пен қуанышты біріктіруге бола ма? Қатты қасірет шегіп жүрген адам бақытқа бөлене ала ма? Адам қасіреттің ащы дәмінен қуаныштың хош иісін сығып ала алар ма еді?

Біздің жиырмасыншы ғасыр өзін мұңмен көлегейлемейді. Ол тарихқа дамудың, бірақ үстіртін дамудың жүзжылдығы ретінде енетін болады. Біздің ғасырда кең тараған «Болса қайтейін?» деген тіркес көптеген адамдардың өмірге немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Көпшіліктің ойы мынаған саяды: егер біздің жайлы көлігіміз, көңіл көтеретін теледидарымыз, қызықты фильмдер мен жылы үйлеріміз, ас үй толған техника т.б. болса, онда біздің жанымыздың жағдайы маңызды емес. Біреу былай дейді: «Күлесің бе – бүкіл дүние сенімен бірге, жылайсың ба – онда жалғызсың». Сондықтан зиялы көрсетілімнің жүргізушілері беттеріне күлдіргі бетперде киіп алады, теледидарды бар даусына қояды, қаладан қалаға машинамен ойқастайды, сөйтіп жанның сұраныстарын ұмытқылары келеді.

Мен теледидар пысықтарын дамытушыларды да сынап-мінеп отырған жоқпын, бірақ адам өміріне үстірт қарауға болмайтынын түсінуді сұраймын. Атақты сықақшыларға зер салыңыздаршы. Олардың



беттеріндегі әжімнің астында өмірдің ащы тұстары жасырулы. Олардың міндеті – біздің көңілімізді көтеру, бірақ олар өмірдің әлдеқайда күрделі екенін жақсы біледі.

Иса Мәсіх былай деген жоқ: «Түйілгендер, түнергендер, қабақтарын ашпайтындар бақытты». Бұл сөздер жылауық адамдар мен көңілдері бос кейуаналарға қатысы жоқ. Бұл сөздер жай адамдарға жемісті де, бақытты өмірге жол көрсету үшін арналған болатын.

«Жылағандар» деген сөз нені білдіреді? Оның мағынасы – зор азапты бастан өткізгендер, әділетсіздікке зарлағандар. Иә, «Жылағандар» деген сөздің әр түрлі мағынада бес жақты қыры бар сияқты, меніңше.

Ең алдымен, өмірден орнын таба алмай өкіну.

Еремия – «қайғыға батқан пайғамбар», бірақ ол өзін аяғанан емес, керісінше, өз еркімен жүріп, тырым-тырымы шыққан халқына жаны ашыды. Ол былай деді: «Уа, Жаратқан Ие, адамның өмір жолы өз еркінде еместігін білемін. Адамның өз жүретін жолын өздігінен бағыттауына болмайды» (Еремия 10:23).

Шынымен күшті болмас бұрын өзіңіздің әлсіз екеніңізді түсінуіңіз керек. Дана болмас бұрын өзіңізде даналық жоғын түсінуіңіз керек. Күшке ие болмас бұрын өзіңізде күш жоқ екенін ұғынуыңыз керек. Құтқарушы алып берген құтқарылудың қуанышына ие болмас бұрын адам күнәнің ажал құштыратынын түсінуі керек. Құдайдың тәртібі бойынша қайғы әрқашан шаттықтың алдында жүреді. Өзінің түкке тұрғысыз екендігіне, қауқарсыздығына және өз орнын таба алмағанына жылағандар бақытты.

Құдайдың тағы бір ұлы пайғамбары Ишая адамға шаттанып дауыс көтеруден бұрын Құдай алдында

қайғырып тізе бұғу қажет екенін өз тәжірибесінен білетін. Ишая өзінің Құдайға жағымсыз күнәсін түсінген кезде, Құдайдың киелі нұрынан жарқырап кетті. Сонда ол: «Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Себебі мен күнәкармын, аузымнан шыққан сөздерім арам, әрі сөйлеген сөздері арам халықтың арасында тұрып жатырмын. Сонда да мен Патшаны, Әлемнің Иесін өз көзіммен көрдім!» (Ишая 6:5), – деп айқайлап жіберді.

Жер бетінде Құдайдың киелілігінің алдында өз мейірімділігіне қанағаттанған адам жоқ. Иса Мәсіх жер бетінде болғанда елші Жохан Оны жиі көріп, жиі тыңдаған. Енді ол аянда көрген Көктегі Иса Мәсіхтің киелілігін былай деп сипаттайды: «Мен Оны көргенде, өлі адамдай алдына құлап түстім» (Аян 1:17). Бірақ біздің өз орнымызды таба алмағанымыз бен күнәлілігіміз жайлы қасірет ұдайы емес, өйткені Тәңір былай деді: «Алайда Мен Өз еркіме сай қылмыстарыңды өшіріп тастаймын! Енді қайтып ешқашан да күнәларыңды есіме алмаймын» (Ишая 43:25).

Ұлы пайғамбар кешірілудің қуанышын бастан өткізбес бұрын өзінің Оған лайық еместігіне қатты өкінуі керек болатын. Егер сіз күнәнің қайғысын сезбесеңіз, күнә жайлы өкінішті қалай ұғасыз? Сізге рухани биіктікке шықпас бұрын қайғы-мұң өңіріне түсу керек. Мәсіх Құтқарушы және Дос ретінде ашылмас бұрын сізге жалғыздық пен торығуды бастан өткізу керек. Лайық еместік жайлы мұң-қайғы – Құдайдың назарында. Киелі кітап былай дейді: «Жүрегі жаралыға Жаратқан жақын тұрады, жаны күйреп, күнәларына өкінгенді құтқарады» (Забур 33:19).

Мен көптеген адамдардан хат алдым, олар күнәлары мен зұлым мінез-құлықтарынан арылмақ болып, жанталаса тырысқанмен, құр әуре болғандарын айтады. Тырысып бақты, бірақ шамалары келмеді. Ақыр

соңында олар Мәсіхке келді және Исадан күш алып, сол ниеттерінен арылды.

Тәжірибелер біздің қауқарсыз екенімізді көрсетеді. Тарих адамның дәрменсіз екенін дәлелдейді. Киелі кітап біздің өз-өзімізді құтқара алмайтынымызды айтады. Иса Мәсіхтің жер бетіне келуі де әлемнің қауқарсыздығын, жоғарыдан келген көмек болмаса, тығырықтан шыға алмайтынын дәлелдейді.

Менің өзімді құтқаруға шамам жетпейтінім және Иса Мәсіхке зәрулігімді мойындап, Оған бет бұрған күнім – өмірімдегі ең бақытты күн болды. Мен асырып айтып отырған жоқпын: менің қайғым – қуанышқа, мұң мен шерім – ән мен жырға айналды.

Өздерінің қауқарсыздығына қайғырғандар бақытты, өйткені оларды Құдайдың Өзі жұбататын болады.

Қайғы-мұңның екінші тегі – өкініштің азабы.

Біз өзімізді құтқаруға қауқарсыз екенімізді түсінген кезде соның себебін де біле аламыз. Оның себебі – күнә. Біз күнәні бақылай алмаймыз, бірақ өмірімізде күнәнің болмауына өзіміз жауаптымыз. Жазбада: «Барлығы күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» – деп жазылғандай, күнәнің қайғы-мұңы да жалпыға ортақ болуы тиіс.

Заманауи психоанализ техникасы біздің ғасырдың қиналыстарынан туындап отыр. Психиатрдың қолына түскен адамдар кейде өз кінәларын сезінуден әлдеқандай жеңілдік алады, алайда бұл жеңілдік уақытша әрі ол толыққанды болмайды. Психиатрия – ғылым ретінде тек сананы зерттейді. Жан үшін ол ештеңе істей алмайды. Жанның дәрігері – тек Мәсіх қана. Құдай айтып, Ишая пайғамбар жазып алған сөз: «Маған бет бұрыңдар, сонда құтқарыласыңдар» (Ишая 45:22). Өкініп, тәубе ету – өзіңді аяу емес, күнәңіз ашылып қалғандақтың, еңсеңіз-

дің түсуі де емес. Бұл – ой-сананың бағытының өзгеруі, бұл – құтқарылу жоспарына сіздің де қатысуыңыз. Сөйтсе де, өкініп, тәубе ету сіздің құтқарылуыңызды сатып ала алмайды, оған еңбек те сіңіре алмайды. Ол тек қана Құдайдың рақымдылығын қабылдау үшін жүрек пен ерікті дайындайды.

Өкініп, тәубе ету – сіздің құтқарылу ісіне қатысуыңыз. Сіздің жаныңызды Құдай Өзі өзгертеді, оны жаңа күйге енгізіп, сізді кешіреді. Иә, сіздің қыңыр мінезіңіз бен күнәмен бұзылған еркіңізді Құдайға бағындыру оңай емес, алайда бұл іс жүзеге асқан кезде, шығып кеткен сүйек буынға қайта түскеніндей сіздің өміріңізде анық болады. Сонда сіз елші Пауыл: «Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!» (2 Қорынттықтар 5:17) – деп неге айтқанын бірден түсінетін боласыз.

Босанардың алдындағы толғақтай, күнәнің мұң-қайғысы да, рухани қайта туудың алдында жүреді. Сол кезде қатты қынжылып, өкіріп жылауыңыз керек деп тұрған жоқпын, олай болуы да мүмкін. Істеген күнәларыңыздың өкініші сырт көзге білінбеуі мүмкін, бірақ сіздің шынайы қайғы-мұңыңыз бен Құдайдан көмек пен құтқарылу сұрап, Оған бет бұруға деген шешіміңіз сізді өкініп, тәубе етуге алып келеді. Ал онсыз Құдаймен татуласу мүмкін емес. Киелі Жазба былай дейді: «Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның Оған бет бұрып, құтқарылуына түрткі болады» (2 Қорынттықтар 7:10).

Үшіншіден, «жылағандар бақытты» деген сөздерден сүйгендіктен болатын мұң-қайғыны көруге болады.

Алғашқы көліктерде жанармай деңгейінің көрсеткіші бар болатын. Көрсеткіштегі жанармайдың деңгейі бактағы жанармай деңгейіне сәйкес болатын. Егер сіз Құдайды қалай сүйетініңізді білгіңіз келсе, жақындарыңызға деген сүйіспеншілігіңізге қараңыз.

Дұрыс көрсеткіш осы. Киелі кітап былай дейді: «Сүйікті бауырларым, бір-бірімізді сүйейік! Себебі сүйіспеншілік Құдайдан; сүйетін адам – Құдайдың рухани баласы, ол Құдайды танып біледі» (Жоханның 1-ші хаты 4:7).

Адамның бір-біріне деген адамдықтан жұрдай істері жайлы тарихи деректер өте көп. Сондай-ақ осы ғасырда жағдай жақсарған жоқ. Бүгінгі күні күнә мен зұлымдықтың құрсауында өліп бара жатқандарды құтқару жайлы ойлайтындар аз. Әйгілі Авраам Линкольн бір кездері былай деген еді: «Өзінің жақынын қамшымен тілгілеп жатқанда, ештеңе сезінбейтін адамды аяймын». Бұл дүниеде жақынының жарлылығы мен сорлылығына селт етпейтін тасжүректер көп. Өйткені адамдардың басым көпшілігі жоғарыдан туылуды, жаңаруды басынан өткермеген. Бұл – Құдайдың сүйіспеншілігі Киелі Рух арқылы осы адамдардың жүрегіне әлі әсер етпеген деген сөз.

Көптеген адамдар әлдебір «әлеуметтік Інжіл» туралы айтып жүр, бұл дәл Иса Мәсіхтің қанымен әлемнің құны төленгені жайлы айтатын Інжілден бөлек тұрған сияқты. Алайда шындық мынау – бір ғана Тәңіріміз Иса Мәсіхтің Інжілі ғана бар. Біз құнымыз төленіп, Құдаймен татуласуға тиістіміз, сонда ғана басқалардың мұқтаждықтарына сезімтал боламыз. Егер жүрегіміз Киелі Рухқа әлі толмаса, жақындарымызды Құдай бізден күткендей сүйе алмаймыз.

Елазардың өлімі жайлы хабар келгенде, Иса Мәсіх көзіне жас алды. Ол Иерусалим үшін қайғырып, мұңға батты, өйткені сол қала өзінің болашағын білмей, Құдайдың даусына құлақ салмаған болатын. Мәсіхтің ұлы жүрегі адамдардың мұқтаждықтарына сезімтал болды. Ол көне әсиеттің екеуін бір әсиетке біріктірді: «Құдай Иенді шын жүректен сүй... өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй».

Орта ғасырда өмір сүрген итальяндық уағыздаушы Франциск Ассизский бақытқа апаратын жолды тауып, былай деп мінажат етті:

«Тәңірім, Сен мені  
Өзіме жұбаныш іздеуші емес,  
Қайта басқаларды жұбатуды  
Аңсайтын ете гөр;  
Тәкаппарлық ақыл-есімді уламасын,  
Бірақ көнбіс рухпен  
Саналы ете гөр.  
Сүйікті емес,  
Бірақ сүйетін етші!  
Осы бір мейірімділіктерді  
Сенен сұраймын, О, Құдайым,  
Өйткені берсек біз аламыз,  
Өзіміз жайлы ұмытсақ,  
Өзімізді табамыз.  
Басқаларды кешірсек –  
Өзімізге де кешірім аламыз.  
Мәңгі өмір үшін  
Өліп, қайтадан тірілеміз!

Адамның өзін ойлап төккен көз жасы – әлсіздіктің көз жасы, ал басқалар үшін төккен сүйіспеншіліктің көз жасы – қуаттылығының белгісі. Адасқан жан үшін қамығып, құлаған жанды тұрғыза білмесеңіз, басқаларға жеткілікті түрде жанашыр бола алмағаныңыз. Жанашыр адамның қасиеттерін сіңіріп, басқаның қайғысына, азабына және бақытсыздығына ортақ болмасаңыз, онда сіз шын бақытты танып біле алмайсыз.

Төртіншіден, уайымның жұбаныш әкелетін тағы бір түрі бар, ол – жанның жаңару үшін шеккен уайым. Бұл

жұмбақ сияқты естілуі мүмкін, бірақ бұл шынайы және өте сезімтал уайым. Киелі кітап былай дейді: «Сион толғақ азабын шегер-шекпестен «балалы» болып, бірақ күнде тұрғындарға толатын болады» (Ишая 66:8). Бұл бізге рухани жаңармаған миллиондаған адамдар үшін айтылған мінажаттардың үздіксіз ағысын еске салады. 1954 жылдың басында Құдай Лондонда ғажайып жолмен әрекет етті. Сол жерде отыз сегіз мың ер адам мен әйелдер Иса Мәсіхті жеке Құтқарушым деп қабылдады. Бұл бір адамның немесе бір топтың ісі емес. Бұл – Құдайдың көптеген мінажаттарға берген жауабы болатын. Құдай Өз сөзі арқылы: «Егер Менің халқым сиынатын болса, онда Мен Көктен еститін боламын», – деп уәде еткен болатын.

Елуінші күні, үш мың адам құтқарылардан бұрын Мәсіхтің шәкірттері он күн ораза ұстап, мінажат етті. Жерлестерінің құтқарылуын ойлаған Джон Нокс былай деп сиынды: «Құдайым, маған Шотландияны бере гөр, егер олай болмаса, мен өлемін...» Құдай бұл мінажатқа оның отанын рухани оятумен жауап берді. Дәл осы нәрсе Киелі Рухпен сиыну деп аталады, өйткені ол Құдай Рухынан ағып шығады.

Киелі кітап бізге былай дейді: «Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл-күрсінісімізді Оған жеткізеді» (Римдіктерге 8:26). Мұндай мінажат біздің қиындығымыздың тауларын жоқ етіп, шөл дала мен ормандардан ұшып өтіп, біз мінажат еткен жандарға Інжілдің сауықтырушы күшін апара алады. Мұндай сиыну уайымы – біздің өмірімізде Киелі Рухтың бар екенін куәлік етеді. «Киелі Рухтың Өзі сиынады» дейтін дәлел шын мәнінде Мәсіхтің Өзі құтқарылмаған адамдар үшін уайымға бататынын, жалбарынатынын және солар үшін мінажат ететінін де көрсетеді. Осылайша, біз Құдайдың қызметкерлеріне айналамыз.

Он алтыншы ғасырда Джон Нокс отанына ояныш сұрап сиынды да, сонда Шотландияның бір ұлы рухани биіктікке көтерілді. Он сегізінші ғасырда Джон Уэсли Құдайға жалбарынғанда, методистер қозғалысы дүниеге келді. Мартин Лютер Құдайға бар жүрегімен жалынды, сөйтіп, Реформация жүзеге асты. Құдай мәсіхшілердің рухани құрыған әлем үшін сиынғандарын қалайды.

Бесіншіден, жоқшылық көру уайымы бар. Құдай ешқашан ешкімге қайғы-мұң, азап пен аурудан босатуды немесе тегіс қызғылт жолды уәде еткен жоқ. Біз – көз жасқа толы әлемдеміз. Бұлт пен көлеңке сияқты уайым-қайғы біздің соңымыздан қалмайды. Қасірет шегу – біздің сеніміміз сыналып қайнайтын қазан. Осы әлемнің отты азғыруларынан сәтті өткендер одан «саф алтындай» жарқырап шығады.

Киелі кітап «шынайы мәсіхшілер жоқшылықтан биік тұрып, салтанат құрады» деп анық айтады. Забур жыршысы былай дейді: «Кешке жылап-сықтау басым болады, ал таң ата қуаныш тосып тұрады» (Забур 29:6). Өзіңе деген аяныш жұбаныш әкелмейді, керісінше, қайғыны тек ұлғайтады. Уайым-қайғы да өз-өзінен жұбаныш әкелмейді. Өйткені уайым-қайғы одан да үлкен қайғы-мұңды тудырады. Өзіңіздің қиналыстарыңызды адамдардың бәріне айта бермеңіз. Бұл сізге титтей де көмектеспейді, есесіне басқаларды қамықтырады. Егер мұң мен қайғыны мәсіхшілерше қабылдар болсақ, бұл бізге жұбаныш әкелер еді, өйткені Мәсіх: «Жылағандар бақытты, өйткені олар жұбанатын болады!» – деген еді.

Мәсіхтің бізбен бірге екенін білсек, мұң-қайғыда да жұбанамыз. Иса былай деді: «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Матай 28:20). Егер азапты жалғыз шегуге міндетті емес екенімізді білсек, оны көтеруге болады.



Бала күнімізде қолымызды, не аяғымызды жарақаттап алып, бақыра жылап, шешемізге жиі жүгіретін едік қой! Мейірімді анамыз құшағына алып, сүйгенде, сауығып кеткен сияқты жұбанып алып, кете беретінбіз. Сүйіспеншілік пен жанашырлық – ауруды басатын күшті құралдар, олар адам қолымен жасалған дәрі-дәрмектің барлығынан әлдеқайда асып түседі. Иса Мәсіх: «Көңілдерің толқымасын! Құдайға сеніңдер және Маған да сеніңдер» (Жохан 14:1), – деді. Сенім күшті болған кезде біздің қайғы-мұң мен азаптарымыз ұсақ-түйек болып қалады. Қайғыда Құдай бізді әнмен жұбатады. Әйүптің кітабында Құдай өзінің әнге айналғанын айтады. Біздің Құдаймен бірге болуымыз қайғыны әнге айналдырады және ол – жұбату әні.

Осы жұбаныш біздің маңайымызда орналасқан қауымның жас жетекшісінің жесіріне қуат берді – ол күйеуін жерлеген күні жексенбілік мектепте сабақ бере алды. Оның қаралы күнінде үміті бар еді. Бұл – Құдайдың мейірімі мен даналығына сенім артқан қаралы күн. Жесір әйел Құдайдың ешқашан қателеспейтініне сенді.

Атомның күшін таппас бұрын ғалымдар оны немен ыдыратуға болатынын іздеді. Бірақ атомның зор ұлы күшінің құпиясы оның өздігінен ыдырайтындығында болатын. Дәл солай біздің өміріміздегі мұң-қайғыда да бақыт бар. Ең сезімтал адам бәрінен де керемет ән сала алады. Бақаның бақылдаған үнін бұлбұлдың сайраған үнімен салыстыруға болмайды. Бақа ауруға, ысқырған дауылдарға және ретсіз өмірге сезімтал емес. Бір уағыздаушы былай дейді: «Азап пен жетістік бірге жүреді. Егер сіз жетістікке азапсыз жеткен болсаңыз, онда сіздің алдыңызда басқалар азап шеккен. Егер сіз азап шегіп, жетістікті көрмесеңіз, бұл – сізден кейінгілердің жетістікке ие болулары үшін».

«Жылағандар бақытты». Өйткені олар өздерінің аурулары, азаптары, мұқтаждықтары – жаңа, тамаша әлем туар алдындағы азап екенін біледі. Олар бақытты, өйткені мынаған сенімді: Құдайлық өнерге лайықты керемет туынды жасау үшін Көктегі Суретші жарықты да, көлеңкені де пайдаланады.

Құдай жылап жүргендерге осалдығы үшін мақтануға, көз жастарын төге жүріп күлуге қайғы-мұңда ән салуға ынталандырады, өйткені олар Ақиқатты түсінеді. «Егер қиыншылықтарға төзе берсек, Онымен бірге патшалық ететін де боламыз» (2 Тімоте 2:12).

### **Бақыттылық – кішіпейілділікте**

*«Кішіпейіл жандар бақытты: олар жерді иемденетін болады!» (Матай 5:5)*

Адамдардың көпшілігі бақытқа апарар қысқа жолды іздейді. Біз рухани қажеттіліктің саф алтынын беткі жақтан іздейміз, бірақ оны өз орнынан – тереңнен іздеу керек.

Қарсылықтар ең аз жиектердің бойымен жүру, бірақ сол қарсылықтың жылуды, жарықты тудыратынын және өмірдің жасырын күштерін шығаратынын ұмытып кету – бұл табиғи заңдылық.

Көптеген адамдар темір-терсек сақталған қоймасы бар адамға ұқсайды. Қаланың кедей көшелерінен жинаған ескі темірлерді сатып алып, сата жүріп, ол ұзақ та көп жұмыс істеді. Бірде оның қоймасының мұнай бар жерде тұрғаны анықталады. Ол сол жерге бұрғышыларды шақырады да, көп ұзамай «қара алтын» жердің астынан атқылай бастайды. Оның темір-терсек қоймасы шынымен байлықтың көзіне айналды.

Бақыттылық өсиеттерінен біз рухани алтынның көзін табамыз. Бұл—шындық болу мүмкін бе?—депадамдардың көпшілігі күмәнданады. Олар тереңге сүңгімей-ақ, «ескі-құсқыны», пайдасы жоқ заттар мен жердің алтынын жинаумен әуре болуда. Олар Құдайдың шақыруы мен уәделеріне ешқашан назар аудармағандықтан, нұрланған өмірдің кілтін таба алмайды да, рухани жарлы болып қала береді және өздері туғызған бақытсыздықтан азап шегеді. Олар өздерінің іштеріндегі жай-күйі сыртқы дүниеден маңыздырақ екенін ұмытып кетеді. Мұндай адамдар ішкі қорғаныс қамалын тұрғызбағандықтан, жанның дұшпаны – шайтанның құрбанына айналады.

Осындай адамдар үміттері үзілген кезде күңкілдейді, әрі мұңға батады.

Егер адам дұрыс өмір сүріп, өз құтқарылуын қамтамасыз ете алатын дәрежеде болса, онда Құдай Өзінің жалғыз Ұлын әлемге жіберіп, айқышқа шегелер ме еді? Мәсіхтің әлемге келуі – Құдайдың сорлы пендесі үшін қам жейтінінің дәлелі. Ол Өзінің Ұлын бізді сеніммен мәңгі өмірді иеленсін деп қана жіберген жоқ, сонымен бірге жер бетінде ағыл-тегіл Өмірге, бас әріппен басталатын Өмірге ие болу үшін жіберді.

Исаның ілімі басқа ешбір іліммен салыстыра алмайсың. Мәсіх діндегі ілімді іс жүзінде көрсетті. Ол ешқашан да: «Мен былай ойлаймын, мүмкін... немесе солай шығар», – деген жоқ. Ол нақты, беделді түрде сөйледі. Оның сөздері шындықты ашам деп әуре болып жүрген әлдебір философтың бос сөздері сияқты салмақсыз болған жоқ. Мәсіхтің ақиқаты – есептің шешімін нық білетін математиктің нақтылап айтқанындай, өйткені оның шешуі есептің ішінде еді.

Бақыттылықтың үшінші өсиетінде былай делінген: «Кішіпейілділер бақытты, олар жерді иемденетін болады!» Кішіпейілдікте де бақыттың жасырулы

жатқанын ойлап па едіңіз? Сөздікте кішіпейіл деген сөзді былай түсіндіреді: «жұмсақ, көнбіс, жолбергіш». Көпшілігіміз жұмсақ, көнбіс, жол бергіш адамды сирек кездестіреміз.

Мәсіх шәкірттерінің жазаланып таяқ жеген, иесіне жербауырлап жақындайтын санасыз күшіктей болғанын көргісі келеді деуге бола ма? Бақыттылық дегеніміз – бағынуға мәжбүр болу ма? Жоқ, олай емес! Құдай бағынушыларын күштеп көндіруден рахаттанатын әлдеқандай билікқұмар біреу емес. Иса олай деп үйреткен жоқ. Мүлдем олай емес!

Еркіне қарсы әрекетке міндетті болу – бақыттылық емес. Өзінің құл екеніне жәбірленіп жүрген құлдан асқан бейшара жоқ. Бұл Құдайдың мінезіне және адамның еркін моральдік еркіндігіне қарама-қайшы келеді. Яғни ерікті емес адамнан бағынуды талап ету. Иә, дәл солай.

Құдай Өзін бізге Өз әділдігіне сәйкес ашып көрсетеді. Құдай ешқашан да мәңгілік өмір мен рухани өлімнің, жақсылық пен жамандықтың, шындық пен жалғандықтың арасындағы біздің таңдау еркімізді кесіп өтпейді. Құдайдың түпкі мақсаты – тек даңққа бөленіп қана қою емес, сондай-ақ Ол Өзінің жаратқандарының ішіндегі ең жоғарғы тіршілік иесі – адаммен тығыз да, бақытты қарым-қатынас орнату. Ол адамның таңдаған еркінен тыс қадамды ешқашан талап етпейді.

Бәлкім, Иса айтып отырған кішіпейілдік әлсіздікті білдіретін болар? Бұлай болуы мүмкін бе: аурулар, жұтаң, әрі жігері жоқтар ерекше игілікке кенелуі мүмкін бе? Мен олай демес едім! Исаның шәкірттері кішіпейіл, әрі тәртіпті болды, бірақ олар жігерсіз емес еді.

Иса Мәсіх бұл жерде жаратылысынан момын адамдар туралы айтып тұрған жоқ. Кейбір адамдар басқаларға қарағанда жағымды, жұмсақ мінезді болады. Олардың

момын мінездері мінажат пен рақымдылықтың салдары ғана емес, ата-тектерінен келе жатқан мінез-құлықтың ерекшелігі. Яғни ондай адамдар шешесі немесе әкесі, болмаса әжесі жұмсақ мінезді болғандықтан ғана момын. Бұл жаман емес, бірақ Иса Мәсіх табиғатынан осындай жақсы қасиеттері бар адамдар туралы айтып па еді? Олай болса, бұл – өткір мінезді адамдар Мәсіх айтқан бақытты біле алмайды дегенді білдіреді.

Таудағы Уағызда Иса Мәсіх санаға төңкеріс енгізетін сөздер айтты. «Кішіпейілділер бақытты». Оның бізді бақытқа апарар жол жайлы сөздері осы заманғы идеяларға мүлдем қарама-қайшы еді. Адамдар былай дейді: «Ақылдылар бақытты, өйткені оларға достары тамсанатын болады», «Өжеттер бақытты, өйткені олар өркендейтін болады», «Дарындылар бақытты, өйткені олар жоғары мансапқа қол жеткізеді», «Байлар бақытты, өйткені олардың достары көп, әрі осы заманғы жаңа заттарға толы үйлері бар». Бірақ Иса Мәсіх былай дейді: «Кішіпейілділер бақытты, өйткені олар жерді иемденетін болады». Кішіпейілділік – Құдай берген сый және рухани қайта туудың жемісі екенін Ол білетін.

Мұсаның момындығы туа біткен момындық емес. Жас кезінде ол мысырлықты ашу үстінде өлтіріп тастады. Өзінің кішіпейілділігі – Құдайдың берген сыйы екенін ол әлденеше рет айтты. Исраилдіктер айдаланы кезіп жүрген кезде өз Құдайларынан бас тартып, пұттарға табына бастады. Мұны білген Мұсаның ашуы лап етіп, он өсиет жазылған тас тақталарды жерге лақтырып жіберген еді ғой. Кішіпейілділік – Мұсаға Көктен кейінірек келген кереметі еді.

Петір елшінің мінезін де тумысынан кішіпейіл болды деу мүмкін емес. Ол ашуға булығып, Иса Мәсіхті тұтқындауға келгендердің бірінің құлағын шауып

тастады. Қызметші қыз оның Иса Мәсіхтің шәкірті екенін айтқан кезде, Петір Мәсіхті білмейтінін айтып, ант су ішті. Бірақ Петір ең кішіпейіл адамдардың біріне, Иса Мәсіхтің жарылқанған елшісіне айналды. Ол өзінің кішіпейілділігін қайдан алды екен?

Исаға бет бұрғанға дейін Пауыл елші де кішіпейіл болған жоқ. Ол тәкаппар болатын және мәсіхшілерді қатігездікпен қуғындап, тұтқындаған еді. Ол дандайсыған, менмен, діншіл болатын, бірақ мәсіхшіге айналған кезде Ғалаттағы қауымға былай деп хат жазды: «Ал Киелі Рух өмірлеріңде жетілдіретін игілікті жеміс мынадай: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық... ешбір заң бұларға қарсы тұрмайды» (Ғалат. 5:22,23). Елші Пауылдың кішіпейілділігі өзінің күш салуының нәтижесі емес, Құдайдың сыйы болатын.

Күнәлі болмыстағы біздер кішіпейіл емеспіз. Керісінше, тәкаппар, менменбіз. Сондықтан да Иса яһудей жетекшісі Никөдемге ғана емес, әрбір адамға: «Қайтадан туылуға тиіссіңдер» (Жохан 3:7), – деді. Сіз өз мінезіңіздің өзгерісін сезінуіңіз керек. Егер бақытты болғыңыз келсе, онда сіз көктен қайта туылуыңыз керек. Бұл бірінші қадам!

Егер осы қадамды жасауға тым тәкаппар, қырсық, бас имейтін болсаңыз, сізге мұраға жер алу құқығы берілмейді. Адам Мәсіхтің осы шақырылуынан бас тартқан кезде Оның келесі уәделеріне құқығын жоғалтады. Егер біз дұрыс бастамасақ, игі мақсаттарға да дұрыс жете алмаймыз. Егер қайта жаңару болмаса, онда көктен жіберілетін кішіпейілділік туралы сөз қозғауға да болмайды. Ал егер кішіпейілділік болмаса, онда шынайы бақыт та жоқ. Керісінше, өркөкіректікте жасырын жатқан қасірет бар. Өркөкірекадам басқаларды ызаландырады, бірақ ол өзі көбірек зиян шегеді. Бірде

мені ара шағып, ауыртты, бірақ одан да жаманы – араның өзі зиян шекті. Ол уын жоғалтып, өзі өліп қалды,

Иса Мәсіх бұл өсиетін бұйрық ретінде берген жоқ. Ол: «Сендер кішіпейіл болуға тиіссіңдер» деген жоқ. Егер біз бақытқа барар жолды тапқымыз келсе, өмірден қанағат алғымыз келсе, оның кілті кішіпейілділікте екенін айтты.

Кішіпейілділік – көптеген қыры бар лағыл тас іспетті. Көпшіліктің көзқарасы бойынша, Ол – рухани қасиет. Рухани сұлулықтың тасын көтеріп, Ақиқаттың жарығына қойып, оның көп сан қырлы әсемдігіне көз жіберейікші.

Біріншіден, кішіпейілділік жанашырлықты білдіреді.

Жанашырлық деген сөз мәсіхшілік сенімге дейін сирек айтылған. Бұл мәрттік мінез мәсіхшілік сенімнің қосалқы жемісі еді.

Бірақ, меніңше, соңғы жылдары әлем жабайылық дәуіріне қайта оралып жатқан сияқты. Жақынына деген сүйіспеншілік азайған сайын қатыгездік пен жабайылық көбейе түсті. Бұзақылық, қатыгездік әрі қан төгіс соғыстарға апарған жаны ашымаушылық атаулының бәрі барлық ізін ұрпақтарға қалдырды. Көршілер бір-бірімен ұрсысуда. Мектептерде төбелес үлкен мәселе болып отыр. Әке мен шеше дауласуда, ұрсысуда. Жанұялар күйреуде. Шенеуніктер бір-бірімен айтысып, өз беделдері жайлы ұмытып, қызу дауға кіріседі.

Осы жабайылық қоғамға, өмірімізге неге және қалайша еніп кетті? Бұл біздің Иса Мәсіхтің: «Кішіпейілдер бақытты, өйткені олар жерді иемденетін болады» деген сөзін білмейтінімізден немесе оны жүрекпен қабылдамағандығымыздан. Біз ізгілікті істерді емес, көбіне кінәратты істерді дәріптейміз. Жанашырлық, әдептілік, адамгершілік атаулы төмендетілді. Адамдар дәрежелікті, анайылықты, кінәраттықты жарнамалауда. Біз «тістер мен тырнақтардың» варварлық дәуіріне,

«күш дегеніміз – бұл құқық» дейтін пасық философияға қайтып оралдық. Қазір білімге бай болғанмен, даналыққа жарлымыз. Біз соғыс жүргізу өнеріне жетікпіз, алайда бізге ізгілік пен кішіпейілділік және сенім жетіспейді. Біз кекшіл, кінәмшіл, түңілген адамдарға айналдық, ал Киелі кітап былай дейді: «Көктен келген даналық адамды, ең алдымен, пәк таза қылады, содан кейін оны ынтымақшыл, төзімді, ымырашыл, қайырым мен игі істер жасағыш, ешкімді алаламайтын әділ қылып, екіжүзділіктен арылтады» (Жақып 3:17).

Дөрекі сезімнен жұрдай еркектердің Мәсіхті өз Құтқарушым деп қабылдап, сеніммен жүректері жаңарғанын, жаңарып жатқандарын, олардың жанашыр да шыдамды адамдарға айналғанын өз көзіммен көрдім де, көріп те жүрмін.

Лондонда болған жағдай әлі есімде. Автокөлік шығаратын бір зауыт бізге екі жаңа көлікті жалға берді. Олармен біздің уағыздаушы топ керек жаққа бара алатын еді. Көлік жүргізушілердің бірі осы қоғамның дөрекі адамы болатын. Ол біздің жиналыстарымызға келіп, төңірегіндегілерге ызалана қарап отыратын. Бірақ бір күні кешке ол жиналыста отырып, сол жерде Мәсіхті қабылдады. Ол адам танымастай өзгерді?! Оның дөрекілігі басылды, енді ол «жаңадан жаратылған» еді. Тіпті тәртіпсіз журналдарын лақтырып тастады да, Жаңа Өсиеттің мәтіндерін жаттай бастады. Сөйтіп, лайықты мәсіхшіге айналды. «Киелі Рух өмірлеріңде жетілдіретін игілікті жеміс: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық... Ешбір заң бұларға қарсы тұрмайды» (Ғалаттықтарға 5:22).

Екіншіден, кішіпейілділік өзіңді арнау дегенді білдіреді.

«Өзін арнау» деген сөзді екі түрлі мағынада қолдануға болады: біріншісі – бұрыс ұғым, ал екіншісі – дұрыс ұғым. Бір жағынан бұл «бас тарту, тастау, кету» дегенді білдірсе, басқа жағынан «беру» дегенді білдіреді. Бұл



Мәсіхтің сөздеріне сай келеді: «Өмірін Мен үшін қиған оған мәңгілік иелік етеді» (Матай 10:39).

Шынымен-ақ, кішіпейіл жандар өмірге қарсы күреспейді. Олар өздерін Құдайға арнаудың құпиясын ұғады, ал олар үшін Құдайдың Өзі шайқасатын болады. Киелі кітап бізге былай дейді: «Бұрын сендер дене мүшелеріңді әділетсіздіктің құралы қылып, арам да заңсыз нәрселерге қызмет еткізгендерің сияқты енді Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүру үшін дене мүшелеріңді әділдікке қызмет етуге арнаңдар!» (Римдіктерге хат 6:19).

Ақыл-ойыңызды наразылықпен толтырып, денеңізді күнәмен ластап, сосын мәңгілікжаныңызды қасарысумен тоздырғанша, бәрін де Құдайға сеніп тапсырыңыз. Сонда іште кернеген күресіңіз жоғалып, өміріңіз шынайы құндылықтарға толып, жеміс әкеле бастайды. Зерігуден арыласыз. Жүрегіңізде үміт оты жанады. Осылай кішіпейіл адамға айналғандықтан, сіз «жерді иелене» бастайсыз, яғни барлығын Оған тапсырғандар үшін Құдайдың Өзінде сақтаулы жақсылық атаулының барлығын ала бастайсыз.

Ғылымда бізді Жаратушыға бағынудың анық терминдерін үйретеді. Бірде Томас Гексли Чарльз Кингзлейге былай деп жазыпты: «Ғылым былай дейді: дәлелді балаша мойындап, төкаппар пікірді ұмыт және табиғат жетелеген жаққа қарай жүруге дайын бол. Егер мұны істемесең, ештеңе үйрене алмайсың».

Кішіпейілділер бақытты. Бағынғандар бақытты. Өмірді, бақытты және болашақты Құдайдың қолына сеніп тапсырғандар бақытты. Барлығын тастап, Құдайды қабылдағандар бақытты.

Үшіншіден, кішіпейілділік – мойынсұнушылықты білдіреді.

Асау аттан гөрі мініс аты адамға көбірек пайда әкеледі. Бостандықтағы қуат көзі қауіпті, ал бақылауда тұратын қуат – ұлы игілік. Құдай бізді мұқату үшін емес, пайдалы әрі бақытты өмірге жетелеу үшін тәртіпке шақырады. Ол Өз бақылауында жоқ өмірдің бақытсыз өмір екенін даналығымен біледі. Құдай еркіндіктегі біздің жанымызды «шындықтың қадамдарына» бағыттау үшін тізгіндейді. Құдай бізді қолға үйретіп, ықпалы тиетін жерге апарады. Ғылымның ықпалымен көзге көрінетін физикалық аймақтағы біздің істейтіндерімізді Ол рухани аймақта басқарады. Ғылымның көмегімен біз буырқанған ұлы өзендердің күшін электр энергиясының көзіне айналдырып, миллиондаған үйлерге жарық жеткіземіз және өнеркәсіпті дамытамыз.

Құдай Петір елшіні таңдап алып, оның қайраты мен таусылмайтын епінділігін ірі мақсатқа әлемді өзгерту үшін тиімді пайдаланды. Иса Мәсіх Матайды таңдап алып, Өз рақымына бөлеп, оны көпшілікті жарылқаушы етті. Иса шәкірттерінің әрқайсысын тәрбиелеуге тиіс болатын. Тәрбиелеу – күшің мен қуатыңды алып кою емес, адамның қабілеттерін дұрыс арнаға бұру дегенді білдіреді.

Әркімде іңкәрлік сезімі бар. Онда тұрған ештеңе жоқ. Құдай сізден іңкәрліктен арылуды талап етпейді, бірақ Ол сіздің бақытты болуыңыз үшін осы іңкәрлікті тізгіндеп, оны дұрыс арнаға пайдалану жолына, бағыттауыңыз керек дейді. Сырттай мәсіхші болып көрінетін адамдар көп; олар әділетсіздікке, әділетсіз істерге немесе адамдардың жаны мен тәнін сататын арам саудаға ешқашан ашуланбайды. Олар барлық нәрсеге немқұрайлы қарайтындықтан, Құдай оларды Өз істеріне қолдана алмайды.

Сіздің өз ойыңыз, санаңыз, өз «меніңіз» бар – өзіңіздің жеке тұлға екеніңізді ұғу – табиғи түйсік. Бірақ бұл – тек

өзіңізді ғана ойлап, өз игіліктеріңіз үшін өмір сүру дегенді білдірмейді. Мұндай жолмен жүрер болсаңыз, өміріңіз адам төзгісіз болады. Бақытты болуыңыз жайлы сізден гөрі Құдай көп ойлайды. Ол былай дейді: «Әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей... Менің жолыммен жүрсін» (Матай 16:24).

Бүгін де психиатриялық ауруханаларда көптеген науқастар бар, олар өздері жайлы шексіз көп ойлап, Құдай туралы немесе жақындары жайлы ойламаған. Тек қана өз денсаулықтарын ерекше ойлайтын ипохондриктердің сырт бейнелері көзге жақсы көрінгенімен, ішкі дүниелері ешқашан сау болмайды.

Сіздің тіліңіз бен даусыңыз бар. Бұлар не күйретуге, не бір нәрсе орнатуға қолданылуы мүмкін. Сіз тіліңізді жала жабуға, күңкілдеуге, тілдеуге және дауласуға қолдана аласыз. Немесе тіліңізді Киелі Рухтың билігіне тапсырып, Құдайды мадақтаудың құралы ете аласыз. «Мініс атын өз еркімізге көндіру үшін жай ғана ауыздық салып, бүкіл денесін бағындырып, бағыттаймыз» (Жақып 3:3).

Осылайша, Мәсіхке бағынған кезде біздің жабайы болмысымыз Оның бақылауына қойылады. Біз Тәңір мен адамдарға қызмет ету үшін кішіпейіл, жақсылап тәрбиеленген, іске жарамды адамға айналамыз.

Төртіншіден, кішіпейілділік – өзін төмендету дегенді білдіреді.

Бұл сөз қазіргі күні біздің сөздік қорымыздан қалып бара жатыр. Оның мағынасы – басқаларды айыптаудан, айналадағы адамдардың әрекеті мен ниеттерін айыптаудан тартыну. Киелі кітап айтады: «Барлық жағдайларда кішіпейіл, ілтипатты, бір-біріңе төзімді болып, сүйіспеншілік көрсетіңдер» (Ефестіктерге 4:2).

Айналадағы адамдарды сынап, оларға айтқан әділетсіз үкіміңіз олардың көңілін-күйін түсіреді, ал

сіздің істегендеріңіз өзіңізге соққы әкеледі. Басқаларға айтылған әділетсіз үкім бумеранг сияқты әрекет етеді. Сіз басқаларды жарақаттағыңыз келіп айыптайсыз, алайда бір өкініштісі – өзіңіз олардан әлдеқайда көбірек жарақат аласыз. Қазіргі күні көптеген адамдар жалғызбасты, өйткені олар өздері зәру болған дос-жарандарын зұлымдықтарының салдарынан алыстатқан. Көптеген әйелдер ұрыс-керіс пен шекісуден күйеулерінің жүректерін ешқашан жаулай алмайтындарын біледі, мұндай жағдайда әйелі де, күйеуі де ажырасу үшін сот залында отыруы әбден мүмкін. Егер сіз бақытты отбасын құруды қаласаңыз, кішіпейілділік танытып, өзіңізді төмен тұтуыңыз қажет.

Киелі кітап былай дейді: «Сонымен қатар олар ешкімді қаралап, жанжал туғызбай, жұрттың бәріне бірдей мейірімділік пен ілтипаттылық танытуға тиіс» (Тит 3:2). Егер сіз басқалардың кемшілігін өсіріп, жақсы қасиеттерін кемсітер болсаңыз, бақытты бола алмайсыз. Дос-жарандарды кері итеріп, отбасы бақытын құрбан етіп бақытқа қол жеткізе алмайсыз. Інжіл бізге ұрыс-керістен, отбасылық кикілжіңдер мен дау-жанжалдардан қалай алшақтауға болатыны жайлы кеңес береді: «Өзара төзімді болыңдар. Кешірімді болыңдар. Егер біреуге реніш сақтап, тағатын кінәларың болса, кешірімді болыңдар. Сендерді Иеміз Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіңдер» (Қолостықтарға 3:13).

Тақуа қария жайлы бір әңгіме бар. Ол қарияға қарсы бір адам үнемі шабуыл жасайды екен. Алайда қария қарсыласына жауап ретінде оны жоқ қып жіберетіні жайлы айтады. Қарсыласы да осы жауапты естіп, момын, әділ қарияның не істейтінін күтеді. Жамандыққа жамандықпен жауап берудің орнына, қария қарсыласына жақсылық жасаудың әрбір мүмкіндігін құр жібермей

пайдаланады. Бастапқыда бұл көңіл көтеретін жай нәрсе іспетті болып, қарсыласы біраз мазасызданады. Ақыр соңында әлгі қария қарсыласының суға батып бара жатқан әйелін өз басын қатерге тіге отырып, құтқарып алады да, тығырыққа тіреліп тұрған жағдай осылай шешіледі.

Иә, – дейді қарсыласы, – сіз уәдеңізді орындадыңыз. Сіз мені, дәлірек айтқанда, бұрынғы «мені» жоқ қылдыңыз. Енді мен сізге қалай көмектесе аламын?

Бүгінгі әлем мәсіхшілікке емес, өзін төмен тұта алатын әрі кешіре алатын мәсіхшілерге мұқтаж болып отыр.

Бесіншіден, кішіпейілділік шыдамдылық туралы айтады.

Біз жүйкесі тозған, ауру, шыдамсыз ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Көбіне асықпайтын жерде асығамыз. Осы ұшқыр ғасыр бұрынғы ғасырларға қарағанда әлдеқайда асып түсіп, көптеген мәселелер тудырды. Ол бізге жұқарған жүйке берді. Шыдамсыздық көптеген отбасыларын талқандап, дертке душар етті. Енді ол бізді жаңа соғыстың қаупіне қарай тықсырып барады. Біздің өміріміздің басқа ешқандай саласы отбасы шеккендей үлкен зардап шеккен жоқ. Бұл жерде бәрінен бұрын шыдамдылық керек. Киелі кітап былай дейді: «Төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақып 1:4).

Мен діндар әйел туралы мына әңгімені естідім. Ол мейірімді, бірақ төзімді емес екен. Бірде бағушы сол әйелдің күйеуімен, оның жан дүниесі жайлы әңгімелеседі, сонда күйеуі: «Менің әйелім үнемшіл жан, бірақ егер мені дін әйелім сияқты төзімсіз етер болса, онда мен мұндай дінді қаламас едім», – депті. Бағушы әйелмен де сөйлеседі, әйел өзінің күнәсі – төзімсіздік

екенін мойындайды. Бірнеше күн өткен соң күйеуі балық аулаудан келіп, ас бөлмеден өтіп бара жатқанда, қымбат бір құмыраны абайсызда құлатып, сындырып алады. Әйелі бөлмеге жүгіріп кіреді, күйеуі долданған әйелінің тілдеген сөздерін естуді күтеді. Бірақ әйел сабырлы кейіппен: «Ештеңе етпейді, қымбаттым, ыдыстар барлық отбасында сынады», – дейді.

Әңгімені ары қарай жалғастырудың қажеті жоқ, бірақ арада көп уақыт өтпей-ақ, әйелдің күйеуі Мәсіхке келді және нағыз мәсіхшіге айналды.

Әлем кейде мәсіхшіліктің «жақсы» екеніне сенуге дайын, алайда мәсіхшілердің өздері Мәсіхтің ұлы ісіне жиі зиян келтіреді, өйткені жеке өмірлерінде кішіпейілділік пен төзімділікті аз көрсетеді.

«Кішіпейіл жандар бақытты, олар жерді иемденетін болады». Құдайға тәуелді екендіктерін кішіпейілділікпен және көнбістікпен сезініп, мойындайтындар ғана бақыт, қуаныш пен ризашылықты осы дүниеге мұра ете алады.

Құдай біздің текке әуре болатын дауларымызды тоқтатып, наразылықты басып, Оның еркіне сүйенгенімізді және жанашыр әрі төзімді болғанымызды қалайды. Біз сонда ғана бақытты боламыз, сонда айналамыздағы адамдар бізден Мәсіхті көреді де, Оны сүйетін болады.

Кішіпейілділік университетте оқытылмайды. Тәжірибе жасайтын зертханаларда да болмайды. Кішіпейілділік – Құдайдың сыйы. Мәсіх былай деді: «Қамытымды бірге киісіп, үйреніңдер Өзімнен, өйткені жуас, кішіпейілмін шын жүректен, тыныштық табады сонда көңілдерің» (Матай 11:29).

Электр заттарын сататын кез келген дүкенге кіріп, сөредегі самсаған әдемі шамдарға қараңызшы. Олар былай дейтін сияқты: «Мен өзімнің электр шамы

екенімді білемін, бірақ неліктен мен жоғарыда патрондағы шамдар сияқты жарық шығармаймын?» Мұның себебі – шамдардың тоқ көзіне жалғанбағандығында.

Құдай адамның бет-жүзіне қарамайды. Сіз бақыттан өз үлесіңізді ала алмайтындай себеп жоқ. Мәсіхтің қамытын өзіңізге киіңіз, сонда ғана жаныңызға тыныштық табасыз.

Біреу: «Бұл – менікі емес. Мәсіхші болуды маңдайыма жазбаған», – деуі мүмкін.

Иса былай деді: «Қамытымды бірге киісіңдер». Қамыт сіздікі емес, Онікі, сондықтан ең ауыр жағын Оның көтеріп алатынына толық сенуіңізге болады.

Сеніңіз! Оның ақиқатын сеніммен қабылдаңыз. Ол сіздің жан дүниеніңізге еніп, кішіпейіл болуға көмектеседі. Ол сізге Өз жемістерін, Киелі Рухтың жемістерін береді: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық. Егер өміріңізді Мәсіхтің қолына сеніп тапсырсаңыз, Ол сізге кішіпейілділікті береді. Ал сіз бұдан бақыт табасыз.

## **Бақыттылық – шындық үшін шөліккеуде**

*«Әділдікті аңсап зарыққандар бақытты: олар қанағат табатын болады!» (Матай 5:6).*

«Екі сөзбен тұрғызылған екі империя бар», – деді Августин. Бұл екі сөз: иелену және болу. Бірінші империя – дүние мүлік пен биліктің империясы, екіншісі – жоғалмайтын рухтың империясы.

Бақыттылықтың төртінші өсиеті негізгі шындықты білдіреді. Мәсіхтің Таудағы уағызы тек шәкірттеріне ғана емес, бір топ халыққа, яғни қазіргі заманның ұрпақтарына да арналған.

Сол замандағы адамдардың мұқтаждықтары зор болатын. Бірақ бәрінің ішіндегі ең үлкен мәселе – рухани мұқтаждық еді.

Сіз адамға экономикалық және әлеуметтік бостандық бере аласыз, алайда оның Құдаймен қарым-қатынасқа деген шөлін қанғаттандырмасаңыз, онда ол өзін хайуан іспетті ұстайтын болады. Мысалы, қазіргі біздің «гүлдену» заманымыздағы техника дәуірі бере алатынның бәрін берді, бірақ жалғыздық пен бақытсыздық құлақ естіп, көз көрмеген деңгейге жетті. Адамдық қасиеттер тақырға отырды. Мұның барлығының себебі неде? Себеп – адамдардың рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауы.

Бірде ерлі-зайыптылар бала асырап алмақшы болып, жетімдер үйіне барады. Назарлары түскен бір баламен әңгімелесіп отырған кезде, олар балаға не бере алатындарын айтады. Бірақ бала оларды қайран қалдырып, ақылды жауап қайтарады: «Егер сіздер үй, ойыншық және киімнен басқа еш нәрсе бере алмайтын болсаңыздар, онда менің осы жерде қалғаным жөн».

– Бұдан басқа сен нені қалайсың? – деп сұрайды әйел.

– Мен өзімді біреудің жақсы көргенін қалаймын, – деп жауап қайтарады бала.

Міне, шындық дегеніміз осы! Тіпті бала да адамның нанмен ғана өмір сүрмейтінін біледі. Ойыншық, киім, дәмді тағамдар жанның сұранысын қанағаттандыра алмайды. Біздің жанымыз осы дүниенің қалған-құтқандарымен азықтанбайды. Биік талаптарымыз бен арман-тілектеріміз Құдаймен жаңарған қарым-қатынастардан ғана қанағаттанады.

«Әділдікті аңсап зарыққандар бақытты: олар қанағат табатын болады!» (Матай 5:6). Осы жерде Мәсіх



қолданатын метафора бізге түсінікті. Оны «зарығу» деп бір сөзбен ғана берген. Көпшілігіміз аштық дегеннің не екенін білеміз. Ал әбден ашығу, зарығу деген одан әрмен. Ал енді әділдікке зар болуда қандай бақыт бар?

Ең алдымен, аштық пен шөл – тіршіліктің белгілері. Өлілерге тамақ керек емес және олар су да ішпейді. Рухани қажеттіліктің жоқтығы – жанның аса қатерлі ахуалдарының бірі. Күнә адам жүрегін қатайтып, оны Құдайға қарсы қоя алады, сонда ол Құдайға деген барлық талпыныстарын жоғалтады. Киелі кітап бұл туралы: «Құдай оларды тастап кетті», – дейді.

Егер сіздің жүрегіңізде Құдайға, Оның Шындығына деген титімдей шөл бар болса, жағдайыңыздың үмітсіз болмағаны. Сіз Киелі Рухтың даусына әлі де сезімталсыз.

Құдайға деген шөлі, Мәсіхке деген талпыныстары жоқ адамдар өз күнәлары мен қылмыстары үшін кеткендер ғана емес, олар Киелі Рухтың жетегіне деген сезімдерін жойып жібергендер. Мұндай ахуал адамды мәңгілік өлімге апарды.

Бір адам маған өзінің солтүстікте үсіп кете жаздағанын айтып берді. Оның қол-аяғы мұздап, ұйқы баса бастайды. Ол, тіпті, қар үстіне жата кеткісі келді. Кенет, ол өзінің суықтан өліп бара жатқанын түсінеді. Орнынан атып тұрып, жүгіре жөнеледі. Сол-ақ екен, бойына қан жүгіріп, жылынады. Егер осы адам өзінің өліп бара жатқанын түсінбесе, әрекет етпесе, суықтан қатып қалар еді.

Киелі Рухтың шақыруына үн қатқандар бақытты. Олар – Құдайдың дастарханында тойынуға үміттері барлар.

Аш адам – дені сау адам. Тәні ауырғандар мен жаны ауырғандар тамақ ішуден бас тартады. Осы мағынада біз аштықтан да бақыттылықты көреміз. Ақыл-есі түзу адам рухани да ашығады. Забур жыршысы былай деп

жазады: «Марал қалай аңсаса мөлдір суды, о, Құдай, жаным солай Сені аңсайды» (Забур 41:2).

Ишая пайғамбар былай дейді: «Жан дүнием аңсайды Сені түнде, рухым да сағынады таңсәріде. Сен дүниеге сот жүргізген кезінде жердің халқы үйренеді әділдікке» (Ишая 26:9).

Сіз Құдайдың бейнесіне және Оның болмысына ұқсас етіп жаратылған жансыз. Құдаймен нақты қарым-қатынас үшін жаратылдығыз, сондықтан Онымен қарым-қатынаста болмасаңыз, жүрегіңіз қанағаттанбаған күйі қала береді. Темірдің магнитке тартылатынындай, рухани ашыққан жан Құдайға қарай ұмтылады. Егер мыңдаған басқа адамдар сияқты сіздің де Құдаймен қарым-қатынасыңыз жоқ болса (өйткені, осы дүние қызықтырақ), осы жолдарды оқи отырып, сіздің ішкі дүниеңізде әлдебір терең сезімнің барын және оны осы дүниелік жылтырақтармен толтыра алмайтыныңызды ұғатын боласыз. Олай болса, Забур жыршысымен бірге өзіңіз де былай айтарсыз: «Уа, Ием, Сен сиынатын Құдайымсың, таңсәріде мен Саған бет бұрамын, сусыз жердемін, кеуіп, құлазыған. Жан тәніммен Сені аңсап сағынам» (Забур 62:2).

Адамдардың көбі жоғары, асқақ әрі ізгі мақсатты іздеуден гөрі жердегі бақытты өздерінің басты мақсаты етеді. Бақытсыздық – дерт. Ол негізгі себептің сырттай көрінетін бейнесі ғана. Себепті құртпай, ауру да жазылмайды. Дерт пен ауру қатар жүреді: дерт – себеп, ауру – соның сыртқы көрінісі. Адамның барлық бақытсыздықтарының себебі – күнә. Жұмақ бағына күнә өрмелеп кіргенше, онда барлығы мінсіз болатын. Сол кезде бақыт ол жерден кетіп қалды. Себебі: бақыт пен күнә қатар жүре алмайды.

Ал біз аңсауға тиісті шындық қандай? Әлде Таудағы уағызында, Мәсіх айтқан шындық – әлдеқандай

ерекше діни уайым ба? Бұл әлдебір спиритикалық сеанстарда кейбіреулер бастан кешетін құпия бір экстаз ба? Әділдікке бағыттамайтын діни ағымдар айтуға тұрмайды. Мен Құдай күшінің саясында сезетін толқудың мәнін кішірейткім келмейді. Бірақ не адами қасиеттің жақсаруына, не мінез-құлықты Мәсіхке ұқсатуға ықпал етпейтін діни үндеулердің түкке пайдасы жоқ. Олар пайдадан гөрі кесірін көбірек тигізе алады. Құдай – Киелі және Оның құн төлеу жоспарының да мақсаты бар, негізгі мақсат – біздің киелі болуымыз.

Иса Мәсіх айтқан әділдік – ойланбастан діни рәсімдерді орындай беру емес. Ол іс жүзінде тәжірибесі жоқ, діни теориялардың пайдасыз екенін көрсетіп берді. Иса былай деді: «Егер Құдайдың әділ еркін дін мұғалімдері мен парызшылдардан артық орындамасаңдар, Оның Патшалығына кіре алмайсыңдар» (Матай 5:20).

Бұл қазіргі күні дүниеде маңызды орында тұрған абстрактілі ілім ретіндегі адамгершілік емес. Бұл – іс жүзіндегі адамгершілік. Көптеген адамдар күнәні қатты айыптайды. Бірақ оны өз өмірлерінен байқамайды. Олар өкіметтегі және қоғамдағы күнәні айыптайды, бірақ өз жүректеріндегі күнәні елемейді.

Иса Мәсіх бізге іздеуге кеңес берген Шындық қандай?

Киелі кітап бізге «Құдай – Киелі, әділ, әрі кіршіксіз Тұлға» деп үйретеді. Сондықтан Ол Өзінің көз алдында күнәнің етек жаюына жол бере алмайды. Алайда адамзат көктің заңдарын, жарғыларын және талаптарын сыйламауды, тіпті, олармен санаспауды ұйғарды. Осы пиғылдары үшін адам күнәкар атанды. Күнә адамның Құдаймен қарым-қатынасын бұзады. Киелі Құдайға лас пікір, моральді таза емес ниет жақындай алмайды. Киелі кітап адамды күнәкар табиғатына бола Құдайдың қарсыласы деп атайды. Құдаймен араласу үшін өз

бақытыңа апарар жалғыз жол – жоғалтып алған шындық пен киелілікке оралу.

Көп адамдар Құдаймен қарым-қатынаста болу үшін, Оның ықыласына бөлену үшін өздерін түзетуге тырысады. Олар, тіпті, өздерін кемтар етіп, жандарын азапқа салады, сөйтіп, бұл Құдайға ұнайды деп ойлайды. Алайда Киелі кітап Құдайлық деңгейден ада болған әділдігіміз «лас киім» сияқты деп үйретеді. Тіпті ең таза деген адамның өзі Құдай алдында күнәкар. Бірде әйелім кір жуды, ол үй ішінде таза, әрі аппақ сияқты. Бірақ оны жаюға сыртқа алып шығып, жаңа жауған аппақ қармен салыстырғанда сұрғылт болып көрінді.

Әйтсе де Құдай бізді күнәкарлығымыз бен моральдік ластығымызға қарамастан ерекше жақсы көреді. Ол бізге әділдікті сыйлауды ұйғарды. Осы мақсатпен Ол Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті жіберді, ал Иса Мәсіх айқышта өліп, адамда жоқ әділдікті азап шегу арқылы алып берді.

Айқыш ағаш неліктен мәсіхшілердің белгісіне айналды екен деп ойлаған кезіңіз болды ма? Себебі Мәсіх айқыш ағашта біздің құнымызды төлеп, әрбір күнәкарға, егер ол қаласа, Құдаймен татуласуға мүмкіндік алып берді.

Иса Мәсіхтегі мәңгілік өмір – Құдайдың берген сыйы. Бұл – Құдай біздің күнәларымыз бен сәтсіздіктерімізді кешіреді деген сөз. Ол ескіні жояды. Ол біздің барлық күнәларымызды теңіздің тұңғиығына тастап, шығыс батыстан қалай қашық болса, солай оны бізден алыстатады (Миха 7:19).

Барлығын жетелеуші Құдайдың айрықша қасиеті бар, ол қасиет адамда жоқ: Құдай барлығын ұмытуға құдіретті. Егер күнәкар адам Иса Мәсіхтің атымен күнәсін мойындап келсе, рақымдылық атаулының Құдайы барлық күнәларды ұмытып, оларды өз жадынан мәңгіге өшіріп тастай алады. Сонда Құдай кешірім алған

күнәкарға ешқашан бір де бір күнә жасамаған адамдай қарайтын болады. Бұл – ақталу дегенді білдіреді. Киелі кітап былай дейді: «Сонымен, Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татуымыз» (Римдіктерге хат 5:1).

Құдаймен татуласқанға дейін бізге бақытты болу мүмкін емес және Тәңіріміз Иса Мәсіхтің айқышынсыз осы қатынасты орнататын да мүмкіндігіміз жоқ. Басқаша айтқанда, Құдай былай дейді: «Мен сені кешіремін, бірақ айқыштың алдында ғана. Мен сенімен рухани қатынас жасауға дайынмын, бірақ ол тек қана Менің Ұлым Иса Мәсіхтің айқышы арқылы жүзеге асады». Біздің айқышқа келіп, күнәларымызға өкінуіміз, құтқарылу мен кешірім алуымыз осы үшін қажет.

Әділдік – Құдайдың сыйы. Оған қол жеткізуіміз керек. Құдай Ұлының шындығы біздің ақталуымыз үшін жіберілді. Бұл шындық әрбір сенушінің жүрегіне ену керек. Осылайша, Құдай Өзінің кіршіксіз болмысын бізбен бөліседі, ал біз Құдайдың болмысының бөлшегіне айналамыз. Жазба осы шындықты шөлдегендер ғана ала алады дейді. Бұл манна наны іспетті, Оны Құдай ешкімге тықпаламайды. Оны өзіңіз басқаның бәрінен артық аңсауыңыз керек. Ол аштық немесе шөл сияқты болуы тиіс.

Сіздің Құдайлық әділдікке деген талпынысыңызға кедергі жасай алатын әр түрлі себептер бар.

Біріншіден, күнәкар құмарлықтар адамның Құдайға жақындауына бөгет жасайды. Елші Пауылдың Димас есімді жас досы болды. Осы дүниенің ләззаты оны Мәсіхтің Ізгі Хабарынан гөрі көбірек әуестендірді. Елші Пауыл ол туралы былай дейді: «... Димас осы күнәкар дүниені жақсы көріп, мені тастап... кетті» (2 Тимоте 4:10).

Егер адамның рухани өмірге бейімділігі болмаса, онда оның осы дүниелік күнәкар ләззатқа әуестенгені. Ол өзәзілдің алдамшы асына алдануда.

Жақында мынадай қызық оқиға естідім: бір адам жолда кетіп бара жатады, ал оның соңынан бір шошқа еріп, қалмай қояды. Досы одан: «Шошқаны соңыңнан қалай ертіп жүресің?» – деп сұрайды. Сонда ол былай деп жауап береді: «Оп-оңай, мен жүрген сайын бұршақ тастап отырамын, ал шошқа оны өте жақсы көреді».

Өзәзіл де осы сияқты біздің өмір жолдарымызға өзінің тозаққа апарар бұршақтарын сеуіп отырады – адамзат оның соңынан мәңгі өлімге ілесіп кетіп барады.

Екіншіден, өзіне деген сенімділік – Құдайға деген талпынуға бөгет болуы мүмкін. Өлім халінде жатып, өзін саумын деп ойлайтын адамнан асқан ауру жоқ. Тақырға отырғанына қарамастан өзін бай санайтын адамнан асқан кедей жоқ.

Киелі кітап былай дейді: «Мен баймын, ауқаттымын, еш нәрсеге мұқтаж емеспін», – дейсің. Ал өзіңнің шынында сорлы, бейшара, рухани жарлы, жалаңаш әрі соқыр екеніңді білмейсің» (Аян 3:27). Өзін ғана сүйетін адамның жүрегінде Құдайға орын жоқ.

Үшіншіден, жасырын күнәлар – шынайы ақиқатқа барар жолдағы үлкен бөгет.

Қымбатты бауырым, жасырын күнәларыңыз сізге қымбатқа түседі. Сіз өз күнәларыңызды ешкім байқамайды деп ойлап жүрсіз, алайда өкініштісі – өз жадыңыз оларды ұмыта алмайды. Жақынына қарсы жүрегінде сақтап жүрген кек – адамның жан дүниесіне кірген тікен. Өзіңізге қарсы күнә жасаған адамды кешірмесеңіз де ешқашан Құдайға жақындай алмайсыз. Жүрек кешірмейтін рухқа толы болса, онда Құдайға орын қалмайды.

Адам өмірі ырымдар мен кекшілдіктің қоқысына толтырылған болса, ол әділдікке шөлдемейтін болады. Егер жүрегіңіздің шайтанның азығымен толуына жол берсеңіз, көктен келген манна сізді ешқашан қызықтырмайтын болады.

Төртіншіден, сіздің рухани өміріңіздегі тиянақсыздығыңыз өзіңіздің шынайы ақиқатқа деген талпынысыңызды жоюы мүмкін. Мәсіхшілердің барлығы да Құдайға сенеді, бірақ Құдайға уақытты өте аз бөледі. Олар аса жұмысбасты. Киелі кітап оқу мен мінажатқа уақыттары аз. Егер осылай болса, бұл өте қауіпті. Егер сіз қауымға Құтқарылу мен Туылу мейрамдары кезінде ғана барсаңыз, онда дүниенің әбігершілігі сіздің өміріңізден Құдайға деген сенімді ұрлап, жүрегіңіз қатайып, жаныңыз су алып, немқұрайлы болып кетесіз.

Құдай шындығын іздеу, оған шөлдеу, яғни өз сәтсіздіктеріміз бен өз-өзімізге көмектесуге дәрменсіз екендігімізді мойындау – бұл Құдайдың еркіне бағыну.

Адасқан ұл да тамұқтың жеңсік асының дәмін алыс елде жүріп татып көрді. Жердегі «қоқыс» біздің жанымызды қанағаттандыра алмайды. Егер адам мұны түсінер болса, онда адасқан ұлдың сөзін қайталап: «Әке, мен көктегі Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін. Мені жалшыңыздай қабылдасаңыз екен» (Лұқа 15:18б, 19), – дер еді.

Адасқан ұлдың әкесіне қайта оралуы шошқа қорандан басталды. Сол жерде ол өз өмірі жайлы ойға беріліп, былай деді: «Қой, жолға шығып, әкеме қайтып барайын». Міне, сол сәттен бастап Құдай рухани табысу дастарханын дайындай бастады. Адасқан ұлдың ең үлкен талпыныстары мен аңсағаны тамақ емес, әкесімен татуласу болатын.

Рухани қанағат табудың кілті – Құдаймен татуласу. Біз Құдайға Оның ұл-қыздары ретінде келгенде, Құдайдың зор байлығы – біздің байлығымызға айналады; Құдайдың ағыл-тегіл молшылығы – біздің де, ағыл-тегіл молшылығымызға айналады, Құдайдың күші де біздің күшімізге айналады. Құдаймен қарым-қатынасы қалпына келген кезде адамның рухани әлемі, бақыты мен ризашылығы оның өз жәдігеріне айналады.

Сіз «неден бастаймын? Мен не істеуім керек?» – деп сұрайтын шығарсыз.

Иса былай деген: «Сендердің бет бұрғандарың керек». Бұрылу деген сөз – күрт айналу, оралу, өмірдің барлық салаларында өзгеріс жасауды білдіреді. Тәубе ету арқылы адам өмір жолын өзгертуді, Құдайға бет бұруды және Құдай заңына сәйкес өмір сүруді қалайтынын білдіреді.

Яғни мұның мағынасы мынау:

1. Құдай алдында өз күнәсін жасырмай айту;
2. өз күнәларынан бас тарту;
3. күнәдан жиіркену;
4. Мәсіхті жүрекке сеніммен қабылдау.

Егер бұл шынымен іске асса, онда Өз тарапынан Құдай қайта тууды, Киелі Рухтың жетегіндегі өмірдің сыйын тарту етеді.

Дәл осы жерде көптеген адамдар қарсылық білдіруі мүмкін: «Мен Иса Мәсіхке сенемін ғой. Қауымға және Киелі кітапқа да сенемін. Әлде бұл жеткіліксіз бе?» Жоқ. Сіз Иса Мәсіхті жүрегіңізге сеніммен қабылдап, Оның сөзіне толықтай бағынуыңыз керек. Айталық, мен әуежайға барамын. Менің ұшақта орным да, қалтамда билетім де бар. Ұшақ ұшу алаңында тұр. Ол мені жетуім қажет жерге жеткізетініне нық сенімдімін. Ұшақтың ұшатынын үш рет хабарлайды. Бірақ мен оған кірмеймін. Есік жабылады. Ұшақ ұшып кетеді. Ал мен ұшақта



жоқпын. Неге? Мен ұшаққа «сендім», бірақ оған отыруға еңбектеніп барған жоқпын.

Сіздің Құдайға, Мәсіхке, қауымға, Киелі кітапқа сенгеніңіз жақсы, бірақ Мәсіхті жүрегіңізбен қабылдамайтын болсаңыз, сеніміңіз бос әурешілік болады, өйткені сіз өзіңізді Мәсіхке сеніп тапсырған жоқсыз.

Сіз Мәсіхті жүрегіңізге саналы түрде қабылдаған сәттен бастап Құдай сізді қайта тудырып, жаңа өмір береді. Құдайдың болмысы сіздің жаныңызға енеді, сіз Құдайдың баласы болып, Онымен рухани қарым-қатынасқа түсесіз.

Бұл – бірінші қадам.

Егер сіз күнеларыңызды Тәңірдің алдына әкелгеніңізге, тәубе етіп, Оны жүрегіңізге қабылдағаныңызға сенімсіз болсаңыз, бұл кітапты әрі қарай оқудың мәнісі жоқ.

Біздің рухани қорегіміз бен күшіміз жоғарыдан келеді. Бұл тұрғыда адам трамвайға ұқсас. Трамвай көлденеңінен жүру үшін тігінен қуат көзіне жалғануы тиіс. Біздің Құдаймен қарым-қатынасымыз түп-түзу болуы керек, сонда адамдармен де түп-түзу, тікелей байланысамыз. Құдай алдында дұрыс болмасақ, адамдармен де дұрыс бола алмаймыз.

Музыкада дыбыстардың заңдылығы бар: «үндері бір дыбысқа келтірілген екі аспап бір-бірімен үйлесімде болады». Ұқсас заңдылық математикада да бар: «екі көлемнің әрқайсысы үшінші көлемге тең болғанда, олар өзара тең болады». Осылай, Мәсіхті сүйетін екі адам бір-біріне сүйіспеншілік көрсетеді.

Әділдіктің біз ұмтылуға тиісті тағы бір қыры бар. Бұл бізге күнделікті өмірде жеңіс әперетін әділдік. Сіз Мәсіхті өзімнің жеке Құтқарушым деп қабылдаған сәтте Ол Киелі Рух арқылы жүрегіңізге енеді. Жазба сенушілерге

былай дейді: «Мәсіх сендерде даңқталады». Сіз Оны жай тәни көзбен көре алмайсыз және сезіміңізбен де Оның қолдауын сезіне алмауыңыз мүмкін, ал Оны сеніммен қабылдаған болсаңыз, Ол жүрегіңізді толтырады.

Әділдіктің бұл түрі киелілену деп аталады. Бұл сөзден шошымай-ақ қойыңыз. Бір мағынасында киелілену қасқағым сәтте жүзеге асады, ал басқа мағынасында ол үдемелі болады. Сіз Иса Мәсіхті танып білуде және Оның рақымы арқасында өсе бересіз. Мәсіхшілік өмір жай ғана Мәсіхті қабылдап қоя салу емес, күнделікті даму барысында күн сайын Мәсіхке ұқсап бағу. Сіз осы өмірге қадам басқан кезде әлі сәби едіңіз. Сондықтан жазбаның қарапайым ақиқаттарымен қоректенуіңіз керек. Солай бірте-бірте мәсіхшілікшілік өмірге де үйренесіз. Бастапқыда құлайсыз, қателіктер де жібересіз, бірақ сізге өсу керек. Әйтпесе өмір бойы бала болып қалу қаупі бар.

Жүрегіңіз бен өміріңізді Мәсіхке бұрған күніңіз есіңізде ме? Сіз сол күні күнәні жеңгеніңізге көз жеткіздіңіз ғой.

Сол кезде Мәсіхтің күшімен күнәні жеңу оңай сияқты көрінді. Ешқашан жеңіліп көрмеген Көсем басқарса, жеңіліс туралы сөз қозғауға бола ма?

Құдайдың баласы болып өмір сүрмесеңіздер, жеңіліс табасыздар. Бұл жөнінде бір елші қарындасымыз былай деп жазыпты: «Мәсіхшілік доктрина туралы, бәлкім, сізде анық түсінік болған шығар, бірақ оның жарығы мен күші сізде болмады. Сіз Иса Мәсіхке сенесіз, Ол жайлы айтасыз, Оған қызмет етесіз, бірақ Ол сізді сағат сайын толтырып тұрған жоқ. Сіз Мәсіхті күнәңіз үшін жазадан құтқарған Құтқарушы ретінде таптыңыз, бірақ күнәнің билігінен тұтастай Құтқарушы ретінде тапқан жоқсыз. Осы себепті мәсіхшілік өмірдің қуанышы мен шаттығы басылып қалды».

Үлкен өрттен бықсыған шоқтар ғана қалатын кездер бар. Сондай-ақ жүрегіңіздің түкпірінде өз өміріңізге разы болмаушылық жасырынып жатыр. Егер мәсіхшілік – арылмайтын сәтсіздіктер мен жеңілістер болып көрінсе, сізге бір нәрсе жетіспейді деген сөз.

Елшілердің істері ертедегі мәсіхшілік қауымдардың Киелі Рухқа кенелгендерін айтады. Ол кезде үлкен қауымдар болған жоқ, Киелі кітап басылып шыққан жоқ, ұшақтар мен автокөліктер, теледидар мен радио да болған жоқ. Сөйте тұра, бірінші ғасырдың мәсіхшілері жалған сенімге табынған бүкіл дүниенің астын үстіне төңкерді. Олар адамдардың жүректерінде төңкеріс жасады, ал бұл Көне Римнің негізін шайқалтып жіберді. Олар әр күні Мәсіх үшін өмір сүрді, Мәсіх үшін және Мәсіх деп өлді.

Сенбеушілер бұл күнде Мәсіхке сенудің мағынасын түсінбейді, өйткені олар діни ұйымдардың ішінде болып жатқан талас-тартыстарды көреді. Екпіндеп өсуге тиісті қауымдардың орнына шекісулер, дау-дамайлар, кінәмшілдік, сараңдық, рухани жалқаулық көрінеді.

Неге бұлай болып жатыр?

Өйткені көптеген мәсіхшілер, тіпті, мәсіхшілік ұйымдардың жетекшілері күнделікті өмірде күнәні жеңудің құпиясын үйренбеген. Олар күресті өз іштерінде жүргізуде. Тәннің рухқа қарсы бұл күресі туралы елші Пауыл айтқан болатын. Пауылдың Құдайға қызмет еткісі келген, бірақ бұған ешқандай күш таппаған кезі де болды. Ол өзі қаламаған жамандықты жасап, ал қалаған жақсылықты жасай алмаған. Сонда ол шарасыздықтан былай деп айқайлады: «Сорлы басым-ай! Өлім әкелетін күнәлі тәнімнен мені кім құтқара алады?» (Рим. 7:25) Алайда келесі аятта жеңістің құпиясын тауып, Иса Мәсіхке рахмет айтады.

Римдіктерге арналған хаттың келесі тарауы – тәннің қоздырғыштарымен күрестегі рухтың жеңісі туралы ұран іспетті. Мәсіх сіздің де азат етушіңіз бола алады.

Бауырым, егер сіз үздіксіз рухани жеңілісте жүрсеңіз, жан дүниенің сенушіге жат жағдай болып жатса, жүзіңізде нұр жоқ болса, жаныңызда махаббат оты өшіп қалса, онда бұл тек қана рухтың жетегіндегі өмірге енбегендігіңізден, жүрегіңізге сеніммен Мәсіхтің орнығына ерік бермегендігіңізден болып жатыр.

Айналаңызға қараңызшы, сіз басқаша бір мәсіхшілерді көресіз. Бұл олардың жүздерінен, істерінен, әңгімелерінен көрініп тұрады. Олар Киелі Рухтың жемісі – сүйіспеншілікті алып жүреді. Олардың сыры неде?

Бірде менен бір тәртіп сақшысы: «Жеңімпаз өмірдің құпиясы неде?» – деп сұрады.

Мен оған мұнда ешқандай сиқырдың жоғын айттым. Біріншісі – тәубе ету, екіншісі – мінажат. Мұнсыз жеңісті өмір сүру, жігерлі және бақытты болу мүмкін емес. Киелі кітаптан бірде-бір аятты жатқа білмейтін мәсіхшілер бар, бірақ олар өткен аптадағы футбол жарысында кімнің жеңгенін анық біледі. Егер адам үй, көлік, теледидар жайлы тынбай айтып, бірақ Құдайдың істерінде надан болса, онда ол махаббат пен қуанышқа толы жеңімпаз өмір сүруге қалайша дәмелене алады? Қауымның мүшесі болу жеткіліксіз, кейде Құдайдың ісі үшін құрбандыққа бару керек.

Бәріміз пенде болғандықтан, Құдай алдындағы уәделерімізді мезгіл-мезгіл жаңартып отыруымыз керек. Өзімізді тексеріп, Киелі Рухқа кенелуіміз керек, ал бұл біздің Құдайға және адамдарға деген сүйіспеншілігімізді жаңартуға алып барары сөзсіз.

Мәсіх бүгін де сенбеушілерді сенімге, құтқарылуға шақыруда. Бірақ Ол мәсіхшілерді тазаруға, бағышталуға, өз сенімдерін жаңартуға шақырады.

Көпшілік қалай және неден бастаған жөн деп сұрайды.

Менің ұсынысым мынау: ойланып-толғанып, сізге жиі шабуылдайтын күнелардың тізімін жасаңыз. Содан кейін оларды Тәңірдің алдында дұғада бүкпей айтыңыз. Жазба былай дейді: «Егер де күнеларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан, оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (1 Жохан 1:9).

Осыдан соң бүкіл жеке өмірімізді, отбасы, жұмыс, арман-тілектерімізді Құдайдың қолына беруіміз керек. Ештеңені бүгіп қалмаңыз. Жаратушының қолына ойларыңызды, жүрегіңізді, денеңіздің барлық мүшелерін тапсырыңыз. Сіздің берген нәрселеріңізді Құдайдың қабылдағанына сеніңіз. Елші Пауыл: «Мен... Мәсіхпен бірге айқышқа шегеленіп өлдім, сондықтан өзім бұдан былай өмір сүріп жатқаным жоқ, қайта, бойымда Мәсіх өмір сүруде» (Ғалаттықтарға 2:19, 20), – дейді. Біз өзімізді күнә үшін өлі деп санай аламыз. Киелі кітап әрқайсымызға бізді сүйген Құдіреттінің күшімен барлығын да жеңе алатынымызды айтады.

Мәсіхтің ілімімен өмір сүру – ұлы бақыт. Ояна кетіп, осы бөлмеде Мәсіхтің де бар екенін сезіну қандай қуаныш десеңізші?!

Әр кеш сайын, күн батып бара жатқан шақта, ұйқыға жатар алдында, Оның аялағанын сезіну қандай керемет!

Осындай шындық пен керемет өмірді аңсайсыз ба? Киелі Рухтың жетегінде жүріп, Оның жемістерін: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, төзімділік, ізгілік, жанашырлық, сенім, кішіпейілділік, ұстамдылық өміріңізде толыққанды болуы үшін осы қуанышқа, тыныштыққа, еркіндікке, бақытқа сіз ұмтылып жүресіз бе?

Мәсіхтің шарттарына бағынуға дайын болсаңыз, сіз осы сәттен-ақ солай өмір сүруді бастай аласыз. Ол сізді Киелі Рухымен толтырады, тойындырады, Құдайдың шындығына деген шөліңізді де қандырады: «Әділдікті аңсап, зарыққандар бақытты: олар қанағат табатын болады». Құдай орындай алмайтын уәделер жоқ.

Құдай Өзінің шындығымен сізді толтырады, өйткені Ол қанағаттандыра алмайтындай адамның ешқандай қасиетті арман-тілектері мен талпыныстары жоқ, тіпті, бола да алмайды.

Біз – мәсіхшілерміз. Оның есімін алып жүргендерден көктің құдіреті тарап тұрғанда, дүние өзінің күнәлілігін сезінуі және түйсінуі керек.

Адамға азық керек, сондықтан Құдай астықтың алтын алқабына күн мен жаңбырды жібереді. Бидайдан ұн жасайды, ұннан нан пісіріледі, сөйтіп, адам өзінің тәндік аштығын басады. Адам ғашық болады, сонда Құдай басқа жүректе махаббат отын тұтатады, сөйтіп, екі жүрек некемен бірігеді. Адам білімді аңсайды, ал Құдай ғылым мекемелерін тұрғызып, оның білімге деген шөлін қандырады. Егер Құдай адамға материалдық молшылықты бере алған болса, онда рухани азықты беруден Ол қалайша тартынар еді? Ол былай дейді: «...Мені мұқият тыңдап, рухани нәрді қабылдандар» (Ишая 55:2).

Біздің мәңгілік құтқарылуымыздың бағасының тым зор екендігінің өзі Құдайдың біздің рухани аштықта өлгенімізді қаламайтынын көрсетеді. Біз тек қана аңсап, шөлдеуіміз керек, қалғандарын Құдай Өзі реттейді. «Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады» (Філіпіліктер 4:19).

## Бақыттылық – жанашырлықта

*«Мейірімділер бақытты, Құдайдың мейірімі соларға түседі» (Матай 5:7).*

Қауымның қартаң қызметшісінен әлдекім: «Іс жүзінде мәсіхшісіз бе?» – деп сұрапты. Қартаң адам: «Жартылай ғана», – деп шынын айтыпты.

Көптеген адамдар өздерін дәл осы мағынада жартылай мәсіхшіміз деп атайды.

Көптеген адамдар мәсіхшілікті жалпы мақсаттар мен армандарға лайықты және өздеріне қалаулы деп қабылдайды. Басқалары кейде қауымға келеді, өйткені осылай ету оларға дұрыс болып көрінеді. Бірақ бізден тікелей: «Сіз мәсіхшісіз бе?» – деп сұрай қалса, бас изеп жауап беруге қиналасыз. Өйткені біз мынаны мойындауға даярмыз: егер Мәсіхтің алғашқы шәкірттері біздікі сияқты сенімді иеленген болса, онда Ізгі хабардың біздің заманымызға дейін жетуі екіталай болар еді. Істің мәні мынада: мәсіхшілердің көбі Мәсіхті шынайы қабылдаған жоқ. Олар Тәңірге тұтастай бағышталуды бастарынан өткізген жоқ. Егер біздер Мәсіхті айқышқа керген күні сол жерде болсақ, сірә, біреуіміз Мәсіхтен бас тартқан Петірдің жанында, тағы біреуіміз сатқындық жасаған Яһуданың қасында болар едік. Мүмкін кейбіреуіміз жауласқан жақтың қатарында тұрар едік. Өлімге кесілген Мәсіхтің жанында аз ғана адам қалар еді.

«Мейірімділер бақытты» деген осы өсиетте Иса осы заманғы мәсіхшіліктің өте әлсіз тамыр соғысын басып тұр. Осы бір қысқа сөйлем арқылы Сол Ұлы Дәрігер науқастың – ақсаңдаған мәсіхшіліктің дертін анықтап берді. Бұл өсиеттен біз мәсіхшілік өмірдің ең басты қиындықтарының бірі – өз-өзін ғана сүю екенін көреміз.

Әдеттегі әңгімелесу кезінде «мен» есімдігінің қалай қолданылатынын байқаған кезіңіз бар ма? «Менің үйім, менің мәселем, менің жанұям, менің қауымым, менің жүйкем т.б.» Исаның соңынан ергісі келген бай жігіт есіңізде ме: дүние-мүлкін сатып, жарлыларға таратып беруін айтқан кезде оның еңсесі түсіп, сол жерден тез кетіп қалып еді ғой. Бұл – ол үшін үлкен сынақ болды, оған төзе алмады. Ол өзінің жиғанын жарлылармен бөлісуге дайын емес еді. Егер біз басқаларға жанымыз ашымаса, бұл – Құдайдың рақымына ие болғанымыздың нақты белгісі емес.

«Мейірімділер бақытты» деген сөз басқаша айтқанда – Құдайдың мейіріміне ие болып, бақытты болғандар, сондықтан олар басқаларға жанашыр бола алады. Біздің жақындарымызға деген қатынасымыз Құдайға біздің қалай қарайтынымыздың көрсеткіші. Біздің дінімізді жарық етуіміз өзгелерге кешірім беріп, мейірімділік танытқан кезде ғана күшіне енеді. Бірде Эмерсон жиналыс соңында жас уағыздаушыға былай деді: «Сіздің жеке өміріңіздің айқайы басым болғандықтан, не уағыздағаныңызды есту мүмкін болмады».

Мәсіхшілік – бұл, ең алдымен, тірі судың арнасы – Мәсіхті қабылдау, екіншіден, осы судың алыс-жақындарымызға сүйіспеншілік, кешірім, жанашырлық түрінде берілуі.

Әрдайым өзен құйып тұрмаса, көл де борсыған көлшікке айналады. Мәсіхшілікті жеке қуаныш пен сенім және жарылқану деп сипаттап жүріп, жақындарыңызға жанашырлық көрсетпей, кешірімсіз болсаңыз, онда босқа тырысасыз. Сіз тірі мәсіхшілікті емес, өзімшілдігіңізді мақтан етіп жүрсіз. Тіпті ең бастысын – жақыныңызға деген сүйіспеншілікті анық білмейсіз.

Киелі Жазбаның не айтатынын тыңдаңызшы: «Жарлы мен жетімнің мүддесін қорғаңдар, бейшара кедейге



әділдік жасаңдар!» (Забур 81:3). Сонымен қатар: «Жарлының зарына құлағын жабатын, таппас өз зарына құлақ асатын» (Нақыл 21:13), – делінген.

Иса былай дейді: «Сұрағанға мұқтажын бер, қарыз алғысы келгеннен де теріс айналма» (Матай 5:42). Тағы да: «Беріңдер, сонда сендерге де беріледі: шайқап, нығыздап, толтырып, тасып төгілген мөлшерде салынып беріледі. Сендер өзгелерге қолданған өлшем өздерің үшін де қолданылмақ» (Лұқа 6:38), – делінген.

Егер сіздің сеніміңіз күнделікті өміріңізде іс жүзінде көрініп отырмаса және жақындарыңызға деген қарым-қатынасыңызды жақсартуға көмектеспесе, онда «мейірімділер бақытты, Құдайдың мейірімі соларға түседі» деп айтқан Исаны білмейтініңізге еш күмәніңіз болмасын.

Біздің қас жауымыз шайтан үшін, сіздің мәсіхшілік жайлы қаншама қағида түйгеніңіздің бәрі түк емес. Алайда Исаның жеке өмірімізден көрінуі, мәсіхшінің адамдарға деген жанашырлығы, аянышы мен сүйіспеншілігі, яғни Мәсіхтің жарығына айналғанымызды көрсету – шайттанды ашуландырады.

Егер біз көмескіленген эстетикалық, інжілдік ілімді қабылдап, жақындарымызға деген сүйіспеншілікті ескермесек, бәрін жоқ қыламыз. Киелі Рухтың тұқымы – кешірім мен жанашырлықта көрінген кезде ғана Інжіл өз мақсатына жетеді.

Жақын арада маған бір қария әйелден хат келді: «Менің жасым алпыс бесте, – депті ол – ұлдарым үйленіп кетті, күйеуім қайтыс болған, ал өзім дүниедегі ең жалғызбасты адамдардың бірімін». Мен оған жолын тауып, өз дүние-мүлкін басқа адамдармен, мәсіхшілік сүйіспеншілікпен бөлісу туралы ұсыныс жасадым. Бірнеше аптадан кейін әлгі кісіден мынадай жақсы хат

келді: «Мен дүниедегі ең бақытты әйелмін, басқаларға қуаныш сыйлап, жаңа қуаныш пен бақытымды таптым». Иса Мәсіхтің уәде еткені – осы.

Өз жақынына мәсіхші қай жерде және қалай жанашырлық көрсете алар еді? Бұл шектеусіз ұғым.

Сіз бүгін ұйқыға жатар алдында әлем халқының жартысынан астамының жартылай аш-жалаңаш екенін еске алыңызшы. Көбінің киімі жеткіліксіз, біразы мүлде сауатсыз, ал кейбір ауруларға медициналық көмек қажет. Мәсіх қалың тобыр алдында жиі-жиі уағыз айтатын. Ол діндарлардың жалған түсініктері жайлы да айтқан жоқ па еді? Ол былай деп еді ғой:

«Дін мұғалімдері мен парызылдар, екіжүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! Құдайдың Патшалығын халықтан жауып қоясыңдар... жесір әйелдердің үй-жайын ішіп-жеп тауысып, әдейі көзге түсу үшін ұзақ мінажат етіп жүрсіңдер. Сол үшін де бәрінен бетер қатаң жазаланатын боласыңдар» (Матай 23:13,14).

Біз өзіміздің сеніміміз жайлы небір пікірталастар өткізіп жатқан сәтте, мыңдаған адам ең қажетті нәрселерінің жоқтығынан, үмітсіздіктен азап шегуде. Көптеген мәсіхшілер – менмендер және ымыраға келмейтіндер. Біздің айналамызда діннен түңілген адамдардың көптігі таңданарлық нәрсе емес. Иса Мәсіхтің «мейірімділер бақытты» деген сөздері бүгінгі мейірімсіз ұрпаққа арналғандай.

Айналамызға мұқият көз тастасақ, материалдық мұқтаждықта жүрген көптеген адамдарды көреміз. Оларға сөзбен ғана емес іс жүзінде көмек көрсетуіміз керек. Тіпті достыққа мұқтаж адамдар да бар. Көбіне достық пейілмен қол алысу жат қылық. Олар – жалғызбастылар.

Бірде менің досым қонаққа барды. Ерні қоянжырық, бетін безеу басқан, бір бозбала бұрышта жалғыз өзі

отыр екен және оған ешкім назар аудармапты. Әлгі бозбала досыма еңсесі түскен, аянышты болып көрінеді. Досым оған жақындап келіп, онымен ұзақ әңгімелеседі. Қайтар кезде әлгі бозбаланың жүзі күлімдеп, нұрланып, қуанышқа кенеледі.

Талай ауруханаларда көптеген жалғызбасты адамдар жатыр, оларға ешкім бармайды. Мәсіхтің сүйіспеншілігі жайлы қуанышты хабарды оларға мәсіхшіден басқа кім жеткізеді?

Екіншіден, біз өзіміздің әдеттеріміз бен ырымдарымыздан бас тартып, айналамыздағы адамдарға жанашырлық көрсете аламыз.

Ұлтшылдық рухы бүкіл дүние жүзі бойынша күрт өсіп, тереңдеп бара жатыр. Біреулер бұрын қабылдамаған қара нәсілділерді өз қоғамдарына қабылдауда, басқалары бұған бөгет жасап, қарсыласып жүр. Қажетсіз әдеттер мен ырымдар – бүкіл әлем бойынша асқынған дерт.

«Білмей тұрып сын айту» дегеннің мағынасы – іспен таныспай тұрып-ақ алдын ала үкім айту дегенді білдіреді. Бұл күштілік емес, әлсіздіктің белгісі. Теріс пиғыл – шынайы мәсіхшілікке қарсы жауымыздың қолындағы құрал. Бұл біздің ұрпақтың үлкен мәселесі. Мәсіхшіліктің жанашырлық жолынан тайып кеткен адам ешкім төзбейтін жалған жолға түседі

Егер әрбір адам Құдай алдында адал болса, алдын ала үкімдеу де болмас еді. Өкінішке орай, көбіміздің алдын ала қалыптасқан пікірлеріміз бар, біз адамгершілік тұрғысынан бұзылғанбыз, сондықтан бізге зиян әдеттер жабысады. Бірде беймәлім журналист былай деп жазыпты: «Қазір шыншыл репортер деген жоқ: бәріміз қоршаған ортаның құлдарымыз».

Қазір білім беру жүйесінің жақсарғанына қарамастан, зиян әдеттер мен ырымдар көбейіп барады. Тіпті белгілі

жазушы Чарльз Ламм былай деп жазады: «Қысқасын айтқанда, мен зиян әдетке, өз ынтызарлығым мен теріс пікірлерге толымын».

Теріс көзқарасқа сену – ұрлық болып саналады, өйткені ол өз құрбандығын парасатты соттың әділ қарауынан айырады. Сонымен қатар Ол – кісі өлтіруші, өйткені ол алдын ала үкімдеудің құрбаны болған адамды өлтіреді.

Иса бұл жайлы не айтқанын еске түсірейікші: «Неге бауырыңның көзіндегі жаңқаны көре тұра, өз көзіндегі бөренені байқамайсың?» Ары қарай Иса Мәсіх былай дейді: «Құдай өздеріңе үкім шығармас үшін сендер басқаларға үкім айтпаңдар!» (Матай 7:3,1).

Теріс әдеттер бүгінгі күні қоғамға үлкен әлеуметтік зиян келтіруде. Егер біз біреу жайлы барлық шындықты білетін болсақ, оған алдын ала үкім шығармаймыз. Алайда біз істің байыбына бармастан, айыптауға шапшаңбыз.

Теріс әдеттерден бізді рухани қайта туылу ғана арылта алады. Мәсіхшінің жүрегінде әділдік, мойынсұну мен жанашырлық бірінші орында тұруы керек. Кез келген ғалым, тіпті, атомды қалай ыдыратуды білетін ғалым да, теріс әдеттерден қоғамды қалай арылтуды білмейді. Бұл операцияны Құдай ғана жүзеге асыра алады.

Елші Пауылдың, яғни Тарстан шыққан бұрынғы Саулдың сөздерін тыңдаңызшы. Ол өз заманында пиғылы жаман адам болатын. Бірақ Мәсіхтің сүйіспеншілігі оны тауып, өз жүрегінен орын алғанда, жаман әдетінен құтылып, былай деп жазды: «Сүйіспеншілік шыдамды да мейірімді, ол еш қызғанбайды, мақтанбайды, паңданбайды, әділетсіздікті құптамайды, қайта ақиқатқа қуанады. Дәйім қорған болып, ұдайы сенеді, үмітін еш үзбей, бәріне шыдайды» (1Қор. 13:4,5).

Гректің логикасы мен Рим мәдениетінің қолынан келмегенді өрімдей жас Саулға Құдайдың рақымы істей алды. Дамаскіге кетіп бара жатқан жолда өлімнен қайта тірілген Иемізбен кездескеннен кейін оның бұрынғы теріс пиғылдары өз-өзінен жойылып кетті. Ал жанашырлық оның хаттарындағы басты тақырыптардың біріне айналды: «Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын» (Рим.12:1). Исаның рақымына ие болып, кейін оның өзі жанашырлықтың уағыздаушысына айналды.

Теріс пиғылдарынан азаттық алған ол осы кемшіліктен басқалардың да арылғанын шын жүректен қалады. Құдай бізге соншама жанашыр болып тұрған кезде қалайша біз басқаларға жаны ашымайтын, теріс пікір қалыптасқан күйімізде қала бермекпіз?

Үшіншіден, біз Ізгі Хабардың таралуына да жанашырлық таныта аламыз.

Адамзаттың рухани мәселесі оның әлеуметтік мәселесінен әлдеқайда күрделі, әрі сұмдық. Құдай сөзі былай дейді: «Адамның жүрегі бәрінен бетер алдамшы, әрі жазылмайтындай бүлінген» (Ерем. 17:9). Әдепсіздік атаулының барлығы өзін сүю, жек көру, көлгірсу және тағы басқалардың туындайтын орны – жүрек.

Мәсіхшілік дүниеге екі мың жылдай уағыздалғанына қарамастан, әлем халқының жартысынан астамы Мәсіх жайлы әлі ештеңе естіген жоқ. Бұл жайт бізді, яғни мәсіхшілерді құрып бара жатқан әлемге Ізгі Хабарды жеткізуге күш салуға итермелеуі тиіс.

Иса Мәсіх: «Бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Ізгі Хабарды жариялаңдар!» (Марқа 16:15), – деді. Байқасаңыздар «Барыңдар!» деген сөз, қысқа екеніне қарамастан, бүкіл әлемді қамтып тұр. Осы

сөзде – Мәсіхтің Ізгі Хабарының мәні жатыр. Бұл сөз – әр мәсіхшінің ұраны болуға тиіс. Тәлімгер «Барыңдар!» деп айтып тұр және осыны екі мың жыл бойы айтып келе жатыр.

Адам табиғатының ахуалы жайлы екі ұғым, екі пікір бар. Біріншісі – адам табиғаты негізінде тамаша деп сендіруге тырысады. Ол жоғары моральдік деңгейге адам Құдайдың көмегінсіз-ақ «өздігінен жете алады» дейді. Бірақ Киелі Жазба адам табиғатының шыңырауға құлағанын әрі күнәкар екенін, оның табиғатын тек Иса Мәсіх қана жаңартып, қажетті деңгейге көтере алатынын айтады. Мейірімділікті себуге адамның өз күші жетпейді. Бұл – одан тысқары тұрған табиғи емес күш, ол Құдайға ғана тиесілі.

Кейбір адамдар жақсы ұйымдастырылған үкімет көптеген әлемдік мәселелерді шеше алады деп сенеді. Олардың ойынша тұрпайылық пен қылмыс атаулы тек надандық пен жарлылықтан шығатындықтан, молшылық пен білімділік барлық мәселені шеше алады. Бірақ тарих бұл тұжырымның дұрыс еместігін көрсетті. Адам табиғатының тазаруы мен жаңаруына конституциялық және жарғылық заңдар әсер ете алмайды. Бұл мәселе адамның санасынан, тіпті, діни заңдардан да тыс жатыр. Киелі кітап былай деп үйретеді: «Себебі Таурат заңын орындау арқылы бірде-бір адам Құдай алдында ақтала алмайды» (Рим.3:20) және «Біздің ескі күнәкар болмысымыз дәрменсіз болғандықтан, осы заң істей алмағанды Құдайдың Өзі істеді; Ол Өзінің Ұлын... күнәлі біздердің денеміздей денемен жіберді. ...Құдай Оған үкім шығарып, Оның денесіне өлім жазасын тартқызды» (Рим. 8:3).

Бір үкіметтің екіншісіне қарағанда жақсырақ болуы мүмкін екенімен барлығы келісетін болар, бірақ олардың

ешбіреуі тұпрайылықты жойып, ізгілікке жол ашып бере алмайды. Цицерон патшаның билігінің тұсында өмір сүрген көне Рим тұрғындарының содан жүз жыл кейін өмір сүрген қатыгез, жауыз Неронның билігі тұсында өмір сүргендерден асып түскен ештеңесі болған жоқ.

Тарихтың көрсеткені – тұпрайылықты жойып, түп тамырын құрту – адам құқықтары саласынан тыс дүние. Сөйтсе де, көпшілік жұрт біздегі демократияның әлемдегі бүкіл жауыздық атаулыны емдеудегі тамаша құрал екендігіне сенеді. Біз шет елге, кейде жалған тәңірлерге табынушыларға барамыз, сөйтіп, оларды өзіміздің өмір сүру салтымызға бейімдегіміз келеді, ал олар бұған мүлде дайын емес.

Қоғамның хал-ахуалын азаматтық құқық реттей алады, бірақ ол біздің өмірімізге тыныштық сыйлайтын қағидаларды жасай алмайды. АҚШ-та мемлекет басқару ең жақсы деңгейде.

Егер үкіметіміз мәсіхшілік ар-ожданның қағидаларына сүйенбесе, баяғыда құрып кетер еді. Егер мәсіхшілік жойылып кетсе, біздің өміріміздің мақсатын айқындайтын ар-ожданның мәні де жойылады.

Кемшілік атаулының барлығына қарсы тұра алатын ілім универсалды білім жүйесінде деп санайтын ғалымдар бар. Олардың ойынша, мәдениет пен білімнің көмегімен адам бақытты және таза ниетті бола алады.

Айталық, білім – адамзаттың барлық мәселесінің жауабы болсын делік. Сананы қаншалықты кеңітіп, қаншалықты тереңдетсе де, ізгілікке ие болу мүмкін емес. Білім Сүлейменді күнәдан, Байронды әдепсіздіктен құтқарған жоқ. Өнер мен білім жүректерді тазартып, жанды қайта жаңғырта алмайды. Бүгінгі әлем тек білім мен өркениетке мұқтаж емес, қайта ар-ұяттан тұратын білім мен өркениетке мұқтаж. Мен өркениетті

зұлымдар әлемінен гөрі өркениетсіз жабайылар әлемін артық көремін. Жүгенсіз кеткен өркениетті елден гөрі игерілмеген тың шөл артық. Жиырмасыншы ғасырдың өркениетті құзғындарынан гөрі Тынық мұхиты аралындағы адамжегіштер тайпасы артығырақ. Менен «сіз өркениетті жоқ еткііз келе ме?» деп сұрауыңыз мүмкін. Жоқ, мен оны халықтың рухани қайта жаңғыруымен түзетер едім. Мен теріс пиғылды қуып, оның орнына әділдік әкелер едім. Менмендікті қуып, орнын мейірімділікпен ауыстырар едім. Бірақ бұл менің қолымнан келмейді. Мұны тек әркімнің Иса Мәсіхті жеке басымның Құтқарушысы деп қабылдауы арқылы ғана істеуге болады, басқаша өзгеру мүмкін емес.

Әрбір қаланың көшелерінде мектеп пен университет аша беруге болады, бірақ мұнымен елдің ар-ожданлық ажалына бөгет жасай алмайсыз. Білім адам табиғатының рухани сұранысын ескермей қараса, оның жалған болғаны. Біздің жан дүниемізді емес, ақылымызды дамытатын шектеулі білім сауатсыздықтан анағұрлым жаман.

Білімді адамға ерік беріп, қолына шексіз билікті тапсырдыңыз делік. Егер ол Көктің билігін мойындамайтын болса, құбыжыққа айналады. Ол адам жартылай ғана білімді және қараңғы адамнан әлдеқайда қауіпті. Ол рельстің бойымен зулап келе жатқан машинист пен тежегіші жоқ пойыз сияқты; дауыл кезінде компасы мен капитаны жоқ кеме сияқты. Қой терісін қанша кигісек те, қасқыр қозыға айналмайды.

«Мейірімділер бақытты: Құдайдың мейірімі соларға түседі!» Әлем мұқтаж болып отырған мейірімділік – рақымдылық, махаббат және біздің Иеміз Иса Мәсіхтің мамыра-жай тыныштығы. Мәсіхтің рақымдылығы – адамды қайта туғызып, оның мінезін өзгертуге қабілетті.



Иә, бізге материалдық заттармен қатар Мәсіхтің қайта жаңғыртатын күші де керек. Біз бір осы қолымызбен дүниеге бір шыны су берсек, екінші қолмен рухани ашыққандарға Мәсіхті көрсетіп, нұсқауымыз керек. Бұрын адамзаттың мұқтаждығы тек материалдық тұрғыда деп ойлайтынбыз. Ал қазір рухани тұрғыда екенін көріп жүрміз.

Ізгі Хабар адамның физикалық жағын да қамтиды. Материализм біздің денеміздегі жасушалардан басқа еш нәрсені байқамайды. Ал Киелі кітап одан да зорын айтады: «Сендер өздеріңнің «Құдайдың киелі үйі» екендіктеріңді және Құдайдың Рухы өздерінде тұратынын білмейсіңдер ме?» (1Қорынт. 3:16). Бұл, әрине, сенушіге айтылып тұр.

Сондай-ақ Ізгі Хабар адамның ақыл-ойын да қамтиды. Ол адамның санасын өзгертіп, ізгілік пен әдептілікті талап етеді. Тіпті «шындықпен белді бекем бууға» шақырып, адамның алдынан Көктің шындығының ұлы әлемін ашады.

Ізгі Хабар адамның сезімдерінде қамтиды: «Көңілдерің толқымасын». «Қайғырғандар бақытты: Құдай оларды жұбататын болады». Бұл жұбанышты біз Мәсіхтен ғана таба аламыз.

Ізгі Хабар адамның еркін де қамтиды. Ол адамға өз еркін Құдайдың ұлы құдіретімен байланыстыруға, Оның жоспарымен келістіруге көмектеседі.

Ізгі Хабар ар-ожданды да жанап өтпейді. Ар-ождандық қасиеттер – мәсіхшінің негізгі мінез-құлқы.

Тек Ізгі Хабар ғана адамның рухын қанағаттандыра алады. Ол күнәнің бар екенін дәлелдеп, соны емдейтін дәріні де ұсынады. «Құтқарылу үшін не істеуім керек?» дейтін ескі сұрақтан да жалтармайды. Тіпті құтқарылуға мүмкіндік беріп, адамды тұңғыықтан шығарып алады.

Ізгі Хабар біздің табиғатымыздың күнәкар екенін жасырмайды, ар сотын да алып тастамайды, бірақ оның тазаруына жол ашады.

Ізгі Хабар адамдарға олардың жараларын көрсетіп, сүйіспеншілік береді. Ол бір жағынан құлдықты көрсетеді, басқа жағынан құлдықтың құрсауынан босанатын құрал да береді. Ол жан дүниенің жалаңаштығын көрсетіп, ар-ожданның таза киімін де береді. Сонымен қатар жанның сорлылығын көрсетіп, оған Көктің байлығын құяды. Ол адамның күнәсінің бетін ашып, Құтқарушыға ықыласын аударады.

Адасқан әлемге жеткізуге тиісті Ізгі хабар, міне, осыларға келіп саяды. «Мейірімділер бақытты»: олар әлемнің мұқтаждықтарын естерінде ұстайды.

### **Бақыттылық – тазалықта**

*«Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады» (Матай 5:8).*

Киелі Жазба жүректі адам денесінің жай ғана бір қарапайым мүшесі деп қарамайды. Жүрек – сезімдер орталығы болып саналады. Қорқыныш, махаббат, батылдық, қаһар, қуаныш, мұң, ыза жүректен шығады. Жүрек адамның ар-ожданының, рухани және ақыл-ойлы өмірінің жиынтық нүктесі болып табылады.

Иса Мәсіх былай деді: «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады». Егер жүрек біздің сезімдеріміздің орталығы болса, онда Құдайға деген сүйіспеншілігіміз таза болуы тиіс. Егер жүрек біздің әрекеттеріміздің орталығы болса, онда іс-әрекеттеріміз ұнамды болуы тиіс. Егер жүрек ерікті

жинақтауыш болса, онда еркіміз Мәсіхке бағынуға тиісті. Біздің сүйіспеншіліктеріміз, іс-әрекеттеріміз, арман-тілектеріміз таза болуы шарт.

Бірақ «жүрегі таза» деген нені білдіреді? Мұнымен Иса Мәсіх біздің күнәсіз кемелділікке – күнә жасауға болмайтындай рухани күйге қол жеткізуіміз керек деп айтқысы келді ме? Әрине, олай емес.

Себебі жүректің таза болуы – азапты күйге түсіп, тақуаның кейпін киіп, қоғамнан алыс өмір сүру емес. Иса парызшылдардың жүрек тазалығы жайлы ұғымдарының жалғандығын әшкереледі. Иса оларға былай деген еді: «Дін мұғалімдері мен парызшылдар, екіжүзділер, сендер қасіретке қаласыңдар! Әктелген молаларға ұқсайсыңдар: олар сыртынан әдемі болып көрінеді, бірақ іштері өліктердің сүйектері мен түрлі шірікке толы» (Матай 23:27).

Иса Мәсіхтің парызшылдарды әшкерелеуінің негізі бар болатын. Олар Құдайдың ықыласын «ыдыстың сыртқы жағын тазарту» арқылы, яғни діни іс-шараларды орындап, Мұсаның заңының әрбір әрпіне бағыну арқылы Құдайға жағуға болады деп үйрететін. Басқаша айтқанда, олар ішкі жан дүниелерімен емес, қайта сырттай іс-әрекеттермен айналысатын. Мұндай табыну – Құдайдың жоспары емес еді. Ол адамдың жүрегін тазартқан жоқ, оны бақытты да ете алмады.

Құдайға деген үстіртін қарым-қатынас жүректі ар-ожданның ластануынан тазартып, жанға тыным бере алмайды. Парызшылдар бақытты болған жоқ, олардың маңдайларын әжім шимайлап, жүйкелері жұқарып, жүректерін мұң басқан еді. Олар кек алуға ашу-ызаға, арам пиғыл мен жек көрушілікке толы еді. Неге дейсіз бе? Жүректің тазалығы туралы қам жемегендіктен. Олар Мұсаның заңының әрбір әрпін бұлжытпай орындау жеткілікті деп ойлайтын.

Құдай адамның сыртқы әрекетіне емес, одан әлдеқайда тереңге үңіледі деп үйретті Иса шәкірттеріне. Құдай адамның жүрегіне еніп, оны сынайды. Құдайға сіздің жүрегіңіздің тілектері, ойлары мен ниеті өте маңызды.

Менің кішкентай сүйкімді қызым бар. Ол қазір әкесіне қатты көмектескісі келетін жаста. Мен не істесем де, қызым: «Әке, берші, мен саған көмектесейін», – дейді. Оның ниеті дұрыс болғанымен, тигізер көмегі шамалы. Егер бақтың арам шөбін жұлу керек болса, қызым арам шөптің орнына егілген гүлді де жұлып тастайды. Егер әкелінген азық-түлікті түсіруге көмектескісі келсе, қолынан бағалы нәрсені түсіріп алады. Кабинетімді жинасса, астаң-кестеңін шығарады. Бірақ оның пейілі жақсы болғандықтан, қызымның ізгі қасиетін қолпаштауға тырысамын. Мен оны пейіліне қарап бағалаймын.

Құдай да дәл осылай істейді, беткі жағына ғана қарамай, жанымызға терең үңіледі.

Адамның жүрегі туралы Құдай былай дейді: «Адамның жүрегі бәрінен бетер алдамшы әрі жазылмайтындай бүлінген. Оны танып біле алатын кім бар?» (Иеремия 17:9).

Иса Мәсіх жүрек туралы тағы былай деді: «Жүректен шығатындар мыналар: жаман ойлар, кісі өлтіру, неке адалдығын бұзу, азғындық, ұрлық, өтірік, жамандау. Осылар адамды арамдайды» (Матай 15:19, 20а).

Иса адамның жүрегі Құдайдан алыс жатқанын: түнерген, сенбейтін, көр соқыр, дандайсыған, бүлікшіл, пұтқа табынушы, әрі қатыгез екенін басып айтты. Ол адам жүрегі табиғи күйінде кез келген әрекет пен қылмыс жасауға қабілетті екенін атап көрсетті.

Бір бозбала адамды аямай өлтіргені үшін тұтқындалды. Бірақ оның анасы айналадағыларды бала-

сының сүйкімді, тәртіпті екеніне сендіргісі келді. Өз-өзін ұстай алмайтын адамның жүрегі кез келген қылмысқа қабілетті екенін әйел ескермеді.

Міне, сондықтан да көптеген халықаралық келісімдер орындалмай, ақыры соғыстарға ұласты. Шайқас алаңдарында миллиондаған адамдар өлді, қазір де өліп жатыр, өйткені адам жүрегі табиғатынан көлгірсіген әрі әбден бүлінген. Соның салдарынан біз дандайсұға, алданған армандар мен шатасуларға толымыз. Иса Мәсіх жүрегіміз тазармаса, ешқашан бақытты бола алмайтынымызды айтты. Егер жүрегіміз таза болмаса, онда не істеуіміз керек? Жүректі қалай түзетіп, жақсартуға болады?

Өкініштісі – бұл адамның қолынан келмейді.

Адамның ластанған жүрегі Құдайға тәуелді болғысы келмейді, ол білім мен қоғамдық орта жүректі тазартып, оны түзете алады деп санайды. Көбінің айтатыны да осы: «Адамға жақсы орта, жайлы жағдай жасалса, ол қайырымды жанға айналады».

Адамның ой-санасының басқа да көптеген теориялары сияқты бұл ойға қонымды естіледі, әйтсе де іс-жүзінде сын көтермейді. Маймылды адамдар баратын салондардың біріне алып барыңызшы. Ол өзін адам сияқты ұстау үшін қанша уақыт керек болар еді? «Бұл дегеніңіз қабылдауға келмейтін қарсылық», – деулері мүмкін біздің гуманистер.

Мен бұл қарсылықты қабылдауға дайынмын. Біз сыртқы мәселелермен емес, рухани мәселелерімен айналысамыз. Қоршаған орта хайуанға әсер ете алуы мүмкін, бірақ оның болмысын өзгерте алмайды. Циркте аңды үйретушілер маймылдың жабайы табиғатын белгілі бір деңгейге дейін жуасыта алуы мүмкін, бірақ қанша жерден үйретіп, қанша жағдай жасаса да, оның маймылдық қасиеті жойылмайды.

Біреулер былай дейді: «Өмірге деген көзқарасты өзгерту керек. Егер дұрыс ойланатын болсақ, онда дұрыс өмір де сүреміз». Олар үшін мәселенің төркіні психологияда. «Позитивті тұрғыда ойланыңыз», – дейді олар. «Адамның жан дүниесіндегі ойлары қандай болса, өзі де сондай».

Бұл өзі өте қызық.

Мен адамдардың ақыл-ой сұрақтарына мән беріп жатқандарына қуаныштымын. Олар біздің ақыл-санамызды психологиялық құралдармен жақсартқылары келеді. Бірақ естеріңізде ұстаңыздар, бұл «Иә, біз өзімізді өзіміз құтқара аламыз!» дейтіндерді қолпаштайды.

Әйткенмен Құдай бізді өзімізден артық біледі. Ол адамның мұқтаждығы – сананың деңгейінен тым тереңде жатыр дейді. Иса: «Бақыт туралы ойлайтындар бақытты», – деген жоқ. Ол: «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады», – деді. Жүректің тазалығы – ол керемет. Мұндай тазалыққа тек қана әдеттегіден тыс жолмен қол жеткізіледі. Құдай: «Мен... біртұтас жүрек сыйлап, жаңа рух дарытамын» (Езекиел 11:19), – деп уәде берді.

Жүректің тазалығы – қайта туудың нәтижесі. Бұл Ізгі хабар айтқандай жаңадан жаратылу: «Бұлар табиғи жолмен, пенденің қалауы бойынша бұл дүниеге келгендіктен емес, Құдай оларға шынайы өмір бергендіктен ғана Оның балалары болды» (Жохан 1:13).

Қадірлі достым, сіз тазарған, кешірілген, ақталған жаңа жүрекке зәрусіз. Мұндай жүрек тек Құдайдың мейірімімен ғана алынады. Ал Оның рақымы күнәкар біз үшін айқыштағы Иса Мәсіхтің өліміне негізделген.

Бірде жексенбілік мектептің мұғалімі Құдайдың қолынан бәрі келетінін айтады. Алайда бір ер бала Құдай бір нәрсені істей алмайды дейді. Таңдаңған

мұғалім оның не екенін сұрайды. Сонда әлгі дана бала Құдайдың Иса Мәсіхтің қаны арқылы оның күнәларын көре алмайтынын айтады.

Иә, күнәларымызды Құдай алдында шынымен ақтарып, олардан бас тартып, Мәсіхті жүрекке қабылдаған кезде біздің жүрегіміз жаңарады. Тек сонда ғана біздің жүрегімізді таза деп айтуға болады. Тек сонда ғана біз бақыттың құпиясын біле аламыз. Тағы да айта кететін бір жайт – бұл нәрсе сезімдік негізде емес. Әлбетте, сезімнің маңызы бар. Біз жаңа жүрекке сезімдеріміз емес, сенімнің арқасында ие болдық. Сенім логикадан, ақыл-ой мен ұғым-түсініктерден әлдеқайда тереңде жатыр. Сіз, бәлкім, осы бетте жазылған сөздердің бәрін түсінбеуіңіз де мүмкін. Бірақ сізге бар жан дүниенің сенуге, мүмкін аса түсінікті емес нәрселерді сеніммен қабылдауға кеңес беремін. Егер біз бәрін түсіне алатын болсақ, онда сенудің қажеті болмас еді.

Жүректің тазалығы Аспан Патшалығына кірудің шарты ретінде қажет. Сіз жүрегіңізді жаңарттыңыз ба? Егер жаңартсаңыз, онда бақытқа апарар жолды таптыңыз. Енді Құдай сізден таза өмір сүруді күтеді. Бұл – киелілену деп аталады. Құдайдың қалауы – біздің Оның Ұлының бейнесіне ұқсас болғанымыз. Егер Мәсіх біздің ішімізде тұрар болса және біздің денеміз Киелі Рухтың ғибадатханасына айналса, онда біздің Оған ұқсас болатындығымыз таңданарлық жайт емес.

Инжіл былай дейді: «Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын» (Філіпіліктерге 2:5). Исаның жүрегі нағыз мойынсұнған жүрек болды.

Егер бізде сондай мінез болса, онда тәкаппарлық бізге ешқашан билігін жүргізе алмайды. Исаның жүрегі сүйетін жүрек болатын. Егер біздің жүрегіміз сондай болса, онда оны ыза мен кек иелене алмас еді. Исаның

жүрегі түсінгіш және жанашыр жүрек болатын. Егер бізде сондай жүрек болса, жақындарымызға деген жанашырлық үстем болар еді. Өйткені Оның жүрегі – өз пайдасын ойламайтын жүрек. Егер біздің жүрегімізде Иса болса, өзімшілдік болмас еді, керісінше, Құдайға және өз жақындарына қызмет етер еді.

Сіз мұны тым қиын жауапкершілік деп айтуыңыз мүмкін. Келісемін. Егер сіз Иса Мәсіхке өз күшіңізбен, өзіңіздің табиғи жүрегіңізбен ұқсауға тиісті болсаңыз, онда бұл мүлде мүмкін болмас еді.

Елші Пауыл өз күшімен жүректің тазалығына ешқашан қол жеткізе алмайтынын түсінді. Ол былай деп жазды: «Себебі, маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын» (Філіпіліктерге 4:13). Құдай сізді жападан жалғыз қалдырған жоқ. Иса Өз шәкірттеріне былай деген еді: «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін, әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын». Шәкірттер білімі жоқ, қарапайым балықшылар еді, алайда олар Иеміз Иса Мәсіхпен бірге жалған тәңірге табынушы дүниенің астаң-кестеңін шығарды.

«Тазалық» деген сөзге бір сөздікте мынадай анықтама беріліпті: «Бөгде заттың немесе зиянды қоспаның болмауы, ұқыптылық, кірдің, кінәнің немесе күнәдан ластанудың жоқтығы, пәктік, парасаттылық».

Осы белгілердің барлығы «тазалық» деген сөзді анықтағанымен, ол ненің бөгде екенін, ал ненің күнә немесе күнә емес екенін таразылайтын нақты өлшем емес. Тазалық – ең алдымен, Құдайдың киелілігі мен кемелді үйлесімділікті білдіреді.

Киелі кітап біздің тәни де, ақыл-оймен де және моральдік жағынан да тазалыққа ұмтылуымызды талап етеді. Құдай бізге: «Киелі болыңдар, себебі, Мен Киелімін» (1 Петір 1:16), – деді. Әрі қарай Киелі



Жазба былай дейді: «Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар! Мұнсыз Жаратқан Иені ешкім көре алмайды» (Еврейлер 12:14). Забурда Дәуіт былай деп жазды: «Жаратқанның тауына кімнің шығуына болады, Оның Киелі орнында кімнің тұруына болады? Бұл тек қолы мен жүрегі таза жанға болады, Жат тәңірге табынбай, жалған айтпайтынға болады» (Забур 23:3, 4).

Құдай біздің тәніміздің де таза болғанын қалайды. Ежелгі еврейлер тәндік тазалыққа рухани себептерге байланысты ұмтылды. Бүгін де Көне өсиеттегі ғибадатханаға кіру заңдары жеңілдегенімен, тәндік тазалықтың талаптары өзгерген жоқ. Тіпті түк жоқ болған жағдайдың өзінде адам су мен сабынды таба алады. Егер Мәсіхші салақ, әрі лас болса, онысын ештеңемен ақтай алмайды. Ал жүрегі таза адам тән тазалығына да ұмтылады.

Жуырда маған бір адам келіп, өзінің рухани өмірі жайлы куәлік айтты. Бірақ оның исі мені онымен келістірмеді, өйткені куәлік айтпас бұрын ол жақсылап жуынуы керек еді. Тағы бір діндар адамды білемін. Ол суға сирек түсіп, жейдесін де ауыстырмай, ұзақ уақыт киіп жүретініне мақтанады. Бұл оның жүрек тазалығында бір мәселе бар екенін көрсетеді.

Құдайдың тазалығы, сонымен бірге, нәпсіні жеңуді қамтиды. Елші Пауыл: «Құдай сендердің Өзіне бағышталып қасиетті өмір сүргендеріңді қалайды. Бұл азғындықтан аулақ жүрулеріңді де білдіреді» (1Сал.4:3), – деді. Киелі кітап бізге жыныстық күнә жайлы жиі ескертеді. Өйткені Құдай жүгенсіздікті жек көреді.

Жиырмасыншы ғасырдың басында көптеген философиялық ілімдер әлемге кеңінен тарады. Қазіргі күні біз сол ілімдердің нәтижесін бастан кешіп жатырмыз. Алайда Құдайдың мына сөзін есіңізде сақтаңыз:

«Алданбандар: Құдай адамды Оны елемей, өз бетімен жүруіне жол бермейді. «Адам не ексе, соны орады» (Ғалат. 6:7).

Келешектегі жетілген керемет адам жайлы философиясымен Ницше, психоанализге енгізген жаңалығымен Зигмунд Фрейд және ерекше теологиясымен Шлейермахер әйгілі есімдерге айналған еді. Осы аты аталған ғылымдардың адамға тигізген теріс ықпалдарын санау мүмкін емес. Көптеген адамдар Киелі кітап – Құдайдан келген ашылым емес, адамның құтқарылуы Мәсіхтен емес, адамның өзінен, ар-ождан абсолютті емес, шартты нәрсе деп үйрете бастады. Мәсіх былай деп айтқан еді: «Сендердің рухани аталарың – өзәзіл шайтан. Ол әуел бастан-ақ... ақиқат жағында тұрған да емес, өйткені онда ақиқат жоқ. Өзәзіл өтірікті өз болмысына сай айта береді, себебі ол – өтірікші, өтіріктің бастауы» (Жохан 8:44).

Гуманизмді қабылдаудың іс жүзіндегі салдары қандай болды?

Ар-ожданды елемей мен рухани идеалдардан бас тарту көбейді. Осы бір жалған философиялық идеялар толқыны біздің жоғарғы оқу орындарымызға ентелеп, мектептерімізді басып алды, тіпті, жастарымыздың өмір сүру салттарына да енді. Сөйтіп, парасаттылықты келемеждеп, ар-ожданды мазақ қылды. «Құдай ескірді!» – деп айқайлайды университеттерде. Мұндай жағдайда бізге аурумен толған психиатриялық емханалар мен «хиппилер» тобырын күту ғана қалады.

Киелі кітап бізге Құдайды өмірінен ығыстырып тастаған ешбір ұлттың ұзақ өмір сүре алмайтынын алдын ала ескерткен.

Көне Келісімдегі он өсиеттің жетіншісі былай дейді: «Жеңіл жүріске салынба» (*Қазақша Киелі кітапта: «Неке адалдығын бұзба» деп берілген*). Әлбетте, бұл

тақырыпқа сөз қозғау қиын, ол жайлы уағыздар да аз. Алайда газеттер ол жайлы жазып жатады, ол жайлы көршілер, тіпті, балалар да әңгімелейді. Киелі кітап мұны қорқынышты күнелардың бірі деп атайды. Мен Ізгі Хабарды уағыздаушылардың бәрін әділдік, тазалық және киелілік атаулымен қаруланып, мәсіхшілік моральді қорғауға үн қосуға шақырамын.

Жеңіл жүріс еврейлердің заңы бойынша ауыр күнә болып саналатын және өліммен жазаланатын. Гректердің заңы да солай жазалайтын. Ал Киелі кітап былай дейді: «Күнәнің беретіні өлім» (Римдіктерге 6:23). Киелі кітап бізді тәнімізді таза ұстап, нәпсіқұмарлықтан аулақ тұруға үйретеді. Бұл күнә өз тәнімізге ғана емес, Құдайға да қарсы күнә.

Құдай адамдардың ақыл-ойының да таза болуын қалайды. Парасаттылық жайлы сөз қозғай отырып, Иса Мәсіх былай деген еді: «Неке адалдығын бұзба» деген өсиетті де естідіңдер. Ал Мен сендерге былай деймін: кім бір әйелге құмарта қараса, оның өз жүрегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзғаны» (Матай 5:27, 28).

Адам оймен де жүгенсіз әрекеттер жасайды: «Жаратқан Ие адамдардың жер бетінде әбден азғындыққа салынғанын көрді. Олардың жүректеріндегі барлық ой-ниеттері әр уақытта зұлымдыққа бейім болды» (Жарат. бас. 6:5). Құдай сіздің ойларыңызға зер салады, өйткені сіздің ойларыңыз белгілі бір дәрежеде өзіңіздің кім екеніңізді көрсетеді.

Сүлеймен былай деп жазды: «Ол қара басының қамын ғана ойлайды, ішіп-же деп сені қолпаштайды, бірақ онысын шын жүректен айтпайды» (Нақ. сөз. 23:7). Егер сіздің ойларыңыз зұлым болса, онда іс-әрекетіңіз де зұлым болады. Ойларыңыз ізгі ниетті болса, өміріңіз де ізгі ниетті болады. «Ой – жан дүниенің әрекеті», – деді

Роберт Браунинг. Ал Эммерсон: «Ой – әрекет орталығы. Әрбір әрекеттің түпкі атасы – ой», – деп жазды.

Ерте заманда адамдардың зұлым ниеттері үшін Құдай бүкіл тіршілік атаулыны Нұхтың кезінде құртып жіберген еді. Алайда бүгінгі күні адамдар Құдайдың сондай қаһарынан қорықпай, Оған өздері күнә жасау арқылы қасірет шегуде.

Күнә әрқашан күнәлі ниеттен басталады. Сіз Мәсіхке бет бұрып, Құдайдың тазалығына ие болдыңыз, енді күнәлі ойдан сақтаныңыз. Сіздің ақыл-ойыңыздың тақтасына шайтан оларды күнде жазып кетеді, бірақ сіз оларды таза пиғылмен жеңе аласыз. Өзіңізге сенуші достар тауып алыңыз, рухани азық алатын кітаптар оқыңыз.

Бір адам былай дейді: «Жарқ еткізіп бір рет көз тастау кездейсоқ болуы мүмкін, алайда келесісі – күнә». Ақыл-ойыңыздың тазаруын Құдайдан сұраңыз және оны өзіңіз де таза сақтаңыз.

Бұған сізге Киелі Жазбаны күнделікті оқу мен мінажат ету көмектеседі. Дос-жарандарыңыздың кім екені де өте маңызды. Елші Жоханның сөздерін ұмытпайық: «Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: адамның күнәлі құмарлықтары, көзінің қомағайлығы, әрі тұрмысына мастануы көктегі Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған. Осы дүние мен оның ләззаты өткінші, ал Құдайдың еркін орындаушылар мәңгі өмір сүреді» (1 Жохан 2:16, 17).

Сіздің көздеріңіз жан дүниеңізді көруге мүмкіндік беретін нәрселерді ғана көре алады. Егер жүрегіңіз Құдаймен татуласпаған болса, көктен тууды бастан кешпеген болсаңыз, өмірге қате көзқараста болатыныңыз сөзсіз.

Адам тілмен де көп күнә жасайды. Киелі Жазба бізге ізгі ой-ниетті іріте алатын жаман ұйымдар жайлы ескертеді. Забур жыршысы да былай деп жазады: «Уа, Жаратқан Ие, тіліме күзет қоя гөр» (Забур 140:3). Мәсіхшінің өмірінде лас қалжыңдарға орын болмауы керек. Құдайдан сіздің тіліңізді тазартуын сұраңыз да, оны таза күйінде сақтаңыз.

Сондай-ақ біздің киімдеріміздің таза, әрі қарапайым болуы да өте маңызды. Егер әйел еркекті арбау үшін киінетін болса, онда ол Құдай алдында еліктіргені үшін айыпты. Бірде маған бір бойжеткен былай деді: «Мен сіздің уағызыңыздан кейін Мәсіхті жүрегіме қабылдап, үйге қайттым. Бірнеше күннен кейін кешкі отырысқа баруым керек болды. Киініп болып, айнаға қараған кезімде Иса да маған қарап тұрған сияқты көрінді. Мен бірден киімімді ауыстырдым. Қазір мен Мәсіхке ұнау үшін әдепке және талғамға сай киінемін». Сіз сәнге сай киіне аласыз, бірақ киножұлдыздарға ұқсамай-ақ қоюға да болады. Өйткені сол «жұлдыздар» түскен фильмдер жүгенсіздікті таратып, халқымыздың рухани ажал құшуына себепкер болып жатыр.

Осы жолдарды оқып отырғандардың көбі – жетінші өсиетті бұзып, күйеуіне немесе әйеліне адал болмай, күнә жасағандар. Көптеген үйленбеген жастар да осы азғырылуға салынды. Киелі кітап бұл күнә адамдарды тозаққа апарды деп ескертеді.

Алайда мұндай адамдарға да Ізгі Хабар бар. Жақып құдығының басында Исамен кездескен самариялық әйел осы өсиетті әлденеше рет бұзды, бірақ Иса оны кешіріп, оның жан дүниесін күнәдан тазартты. Иса Мағдалалық Мәриямға да осындай мейірім жасады. Күйеуінің көзіне шөп салып, қылмыс үстінде ұсталған тағы бір әйелді парызылдар Исаға алып келген болатын, алайда

Ол: «Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма!» (Жохан 8:11) – деді. Мәсіх күнәға көз жұмып қараған жоқ, бірақ Өзі әйелге үкім шығарған жоқ, өйткені әйел Оған сенім артқан еді. Иса әлгі әйелді тазарып, кешірілген күйінде қоя берді.

Егер сіз Исаға мүмкіндік берсеңіз, Одан сенім мен тазаруды, кешірімді табуға келсеңіз, онда Мәсіх сізге соның бәрін бере алады.

Құдай біздің тәніміздің ғана емес, ақыл-ойымыздың да таза болғанын қалайды. Елші Пауыл былай деп жазды: «Ауыздарыңнан жаман сөз емес, жақсы сөз ғана шығып, тыңдап тұрғандардың сенімдерін жетілдіріп, игілік сепсін» (Ефес. 4:29).

Иса Мәсіх дін мұғалімдері мен парызшылдарға мынадай сөздер айтты: «Улы жыланның тұқымдары! Сендер жаман бола тұра, қалайша жақсы сөздер айта алар едіңдер? Жан дүниең неге толса, аузың соны айтар. Ізгі адам жан дүниесіндегі игілікті қазынадан игілік алып шығады, ал зұлым адам арам жан дүниесінен арамдық алып шығады. Сендерге шын айтамын: адамдар өздері айтқан әрбір жағымсыз сөздері үшін қиямет сотында жауап береді. Сол кезде сендер айтқан сөздеріңе сай не ақталатын, не айыпталатын боласыңдар» (Матай. 12:34-37).

Ұрыс-керіс, лас оқиғаларды әңгімелеу, бөтен біреудің беделіне нұқсан келтіру – мәсіхшінің ісі емес. Біздің сөзіміз таза әрі дұрыс болуы керек.

Дәл осыны біздің достығымызға да қатысты айтуға болады. Елші Пауыл: «Араммен араласып жүрген жан, айырылар адал салтынан», – деп ескертеді. Мәсіхші сенбеушімен бірге бөгденің қамытын кимеу керек. Елші Жоханның сөздерін есте ұстайық: «Сондықтан да біреу келіп, осы ілімге қарсы бір нәрсе үйретсе, ондайды үйлеріңе кіргізбеңдер, тіпті, сәлемін де алмаңдар!

Себебі біреудің сәлемін алған адам соның жамандық істеріне ортақ болады» (2 Жохан. 10, 11).

Киелі кітап бізді шыншыл болуға да үйретеді. Иса дін мұғалімдері мен парызшылдардың екіжүзділіктерін қандай батылдықыпен әшкереледі! Біз өзіміздің жетістіктеріміз туралы айтқан кезде дәлелдеріміз де шындыққа сай болуы керек: не өсіріп, не кемітіп айтпауға тиіспіз. Іскер адамдармен байланысты мәселеде де өте шыншыл болуымыз керек. Чектерді, құжаттарды, есеп қағаздарын, т.б қолдан жасау – үлкен күнә. Мәсіхші барлық салада да адал болуы керек. Біз өз абырой-беделімізді қадірлеуге тиіспіз.

Иса Мәсіх: «Жүрегі тазалар бақытты», – деді. Бақытты болғыңыз келе ме? Онда бұл өсиеттерді жүрегіңізге қабылдаңыз. Жүрегі тазалар ғана бақыттың ең жоғарғы дәрежесін танып біле алады. Егер адам Құдай алдында таза болса, онда ол адамдармен қарым-қатынасында да таза болады. Мәсіхші ешкімге жау бола алмайтындықтан, басқаны да өзіне жау санамайды. Шынайы мәсіхші Құдаймен және айналасындағылардың бәрімен ынтымақта өмір сүреді. Оның күнәлары Құдайдың рақымдылығымен кешірілгендіктен, ол өзінің алдында жазықты болғандарды да кешіреді. Шынайы мәсіхші кекшіл емес.

Құдай бақыттылықтың құпиясын ашады. Ал бақыттылыққа апарар жол – таза жүрек. Достым, егер Құдайдың шапағатымен жүрегіңізді тазартар болсаңыз, өміріңіздегі барлық жағдайларда бақытты боласыз.

## **Бақыттылық – татуластырушылықта**

*«Татуластырушылар бақытты: олар Құдайдың балалары деп аталмақ» (Матай 5:9).*

Адамзат күресінің тарихы – адамның өзі сияқты көне. Ол өзінің бастауын Жұмақ бағынан алады. Онда күншілдік жанын жеген Қабыл өз бауыры Әбілді өлтірген еді. Сол сәттен бастап адамдар арасындағы күрес бір сәтке толастаған емес. Ол адамның күнәкар болмысына еніп алдаған.

Бір тарихшы адамзат тарихындағы төрт мың жыл ішінде адам үш жүз жылдай ғана соғыссыз өмір сүрген дегенді айтады. Тіпті жалындап тұрған оптимист те, адамда бір нәрсенің дұрыс емес екеніне келіседі.

Мысалы, егер марстықтар адамдардың немен айналысып жатқанын білу үшін жер бетіне өз ғаламшарларынан біреуді жіберер болса, ол өз еліне жердегілер айналысатын басты іс – соғысу екенін хабарлар еді. Олар өз еліне жерді мекендеушілердің достық пейілі жоқ, өзімшіл, өзара тату тұра алмайтындарын да хабарлар еді.

Мұның себебі неде?

Істің мәнісі мынада: біз Құдаймен татуласпайынша, жер бетінде бейбітшілік орнай алмайды. Бейбітшілік – соғыс қимылдарының тоқтатылуы ғана емес, одан да кең ұғым. Мамыра-жай тыныштық – адамның Құдайға деген нақты қарым-қатынасы. Мамыра-жай тыныштық – тірі де Ұлы Құдаймен байланысқа түскенде ие болатын адам жүрегінің ахуалы. Елші Пауыл Мәсіхті нұсқап, былай деп жазды: «Мәсіх – татулығымыздың Бастауы. Ол екі топқа бөліп тұрған қабырғадай өштестікті жойып, алып тастап, екі жағын біріктірді» (Ефестіктерге 2:14).

Бір кездері мен бір сурет көрген едім. Сол суретте телефон желісін жөндеп жатқан жауынгер бейнеленіпті. Жауынгер сымның үзілген жерін тапты, бірақ оны жалғайтын ештеңесі болмайды. Оның айналасында оқтар ұшып жатыр, ал жауынгер желінің екі ұшын ұстап тұрып байланысты қалпына келтірді.



Мәсіх Өзінің айқыштағы құн төлеу өлімімен адам мен Құдай арасындағы үзікті жалғады. «Мәсіх – татулығымыздың Бастауы».

Құдай адаммен ешқашан жауласпаған болса да, адамның өзі Құдайға жау болады. Құдайға қарсы адамның бүлігі Жұмақ бағында басталған еді. Ол кезде Адам ата Құдайға қарсы шығып, шайтанмен достасқан болатын. Содан бастап Құдай мен адамның арасындағы қарым-қатынас үзілді. Исраилдіктер Жаратушыға табынудан бас тартып, пұттарға табынуға көшкенде өз тыныштықтарын жоғалтып, соғыстарға тап болды.

Гитлер Киелі кітап пен мәсіхшілікті өркөкіректікпен сынады. Сонда Германияның қандай күйге ұшырағаны бәрімізге мәлім.

Иса Мәсіх былай деді: «Татуластырушылар бақытты, олар Құдайдың балалары деп аталмақ». Татуластырушылық қай жерде басталады? Қалай татуластырушы болуға болады? Мамыра-жай тыныштықтың қайнарын өз ішіңнен табуға бола ма?

Зигмунд Фрейд мынадай пікір айтады: «Тыныштық – ақыл-ойдың ахуалы. Жүйкеңді жұқартпа, сонда қалаған тыныштығыңа ие боласың».

Мен психиатрияны сыйлаймын. Оның көптеген адамдарға көмектескені күмәнсіз. Бірақ ол Құдай сыйлай алатын тыныштықты бере алмайды. Егер психиатрия Құдайды есепке алмаса, психиаторлар бір-бірінен емделетін болады. Мұны іс жүзінде көріп те жүрміз. Адам Құдаймен татуласпай, бейбітшілік жайлы сөз де қозғап керек емес.

Киелі кітап бізге мамыра-жай тыныштықтың мәнісін ашады. Мәсіх айқышта Өз қанымен мамыра-жай тыныштық орнатты. Ол адамзаттың күнәсін Өзіне қабылдап, құтқарылған әрбір адамның күнәні

ауырсынбауы үшін оны айқышқа көтеріп қойды. Маңдайына азап шегу жазылған адам мен Құдайдың қаһарының арасына Мәсіх Өзін қойды. Енді Ол бүгін де жан дүниенің Құдайға қасарысуының арасындағы біздің Делдалымыз болып табылады.

Материализм Құдаймен «дипломатиялық қарым-қатынасты» бұзуға мүмкін болатын әрекеттің бәрін істеп қойды. Енді адам өз қабыршағына табылған ұлу тәрізді. Біз шулы көшелердегі тасбақалар сияқтымыз: бүктетіліп, көзімізді жауып алғаннан басқа ештеңе қалған жоқ. Солай жүре берсек, құрып кетуге болады.

Егер біз татуластырушы болғымыз келсе, алдымен Құдаймен татуласуымыз керек. Киелі кітап былай дейді: «Әділетсіздерде амандық пен тыныштық болмайды! – деп ескертеді Құдайым» (Ишая 57:21). Ишая пайғамбар ары қарай былай дейді: «Олар татулық дегенді білмейді, жүрген жолдарында әділдік жоқ. Қайта олар жолдарын өз мүдделері үшін қисайтып, бұралаң етеді. Солармен жүрген бірде-бір жан тыныштықты білмейді» (Ишая 59:8).

Екі адамның жанжалы – бұл Құдайға қарсыласудың шағылысқан көрінісі. Адам Құдаймен татуласқанша басқа адамдармен тыныштықтың дәмін білмейді. Ал Құдайдың бұдан басқа тыныштығы бар. Забур жыршысы Дәуіт былай деп жазды: «Уа, Жаратқан, мен төсегіме жатып, ұйықтаймын енді қаннен қаперсіз, өйткені Өзің маған бердің сыйлап тыныш өмірді қауіп-қатерсіз» (Забур 4:9).

Бұрын сенбеуші болған бір танысым Тәңірге бет бұрғаннан кейін былай деген еді: «Біз әйелім екеуіміз әр таңды ұрыс-керіспен бастайтынбыз. Кешкісін жатар алдында да ұрысатынбыз. Бірақ Құдаймен татуласқалы бері шаңырағымызға береке кіріп, үйіміз жердегі жұмаққа айналды».

Құдаймен қалай татуласуға болады?

Құдаймен татуласудың бірінші қадамы – Онымен күресуді доғару. Құдай сіздің көзіңізді мынаған жеткізуді аңсап жүр: сіз мамыра-жай тыныштықсыз бақытты бола алмайсыз және сол мамыра-жай тыныштық Құдайдың қолында.

Екінші қадам: сіз өзіңізді Құдайға бағындырып, Оған мойынсұнуыңыз керек.

Құдайдың мамыра-жай тыныштығы – рухани қазыналардың ішіндегі ең ұлы қазына, әйтсе де ол жер бетіндегі мамыра-жай өмірге негізделмеген. Мәсіхті жеке Құтқарушым деп қабылдау – ұлы қазынаға қол жеткізу. Інжіл былай дейді: «Ең бастысы Құдайдың Патшалығының қамын ойлаңдар. Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді» (Матай 6:33).

Құдаймен татулық – шынар ағаштың түбінде қол қусырып отырып ән салу емес. Ол – Тәңірге қызмет ететін, әрекетшіл тыныштық. Біз тыныштыққа деген үш қадамды көрдік: Онымен күресуді доғару, Оған берілу және Оған қызмет ету. Сонда сіз елші Жоханның сөздерін айта аласыз: «Сүйікті бауырларым, қазір Құдайдың рухани балаларымыз» (1Жохан. 3:2). Құдайға беріліп, сіз Оның балаларының жанұясына кіресіз, сонда Киелі Рух сіз арқылы жұмыс істей алатын болады.

Құдаймен татуласқандардың бәрі Киелі Рухтың сыйлығын – Құдайдың тыныштық Рухын алатын болады. Иса Мәсіхтің шәкірттеріне қонған Рух – дәл осы Рух. Иса Мәсіхтегі Осы Рух жендеттер үшін былай деді: «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді» (Лұқа 23:34). Осы Рух Степанды өзіне тас лақтырып жатқандар үшін мінажат етуге жігерлендірді: «Ием, олардың бұл күнәсін мойындарына арта көрме» (Елшілердің істері. 7:60). Мұндай құрбандық Степанның

жан дүниесіндегі Құдайдың мамыра-жай тыныштығының әсері болды.

Құдайдың тыныштығы – діндарлар мен теологтардың абстрактілі идеясы емес. Мыңдаған адам Құдайдың мамыра-жай тыныштығының не екенін білетіндеріне, оны тапқандарына куәлік келтірген. Сіз де Иса Мәсіх арқылы Құдайдың мамыра-жай тыныштығының не екенін жақын тани аласыз. «Ол – біздің татулығымыздың бастауы».

Құдаймен тікелей қарым-қатынасыңыз сіздің күнделікті өміріңізге сәулесін түсіруі керек. Біз Тәңірімізді шын жүректен жақсы көріп, жақындарымызды өзімізді сүйгендей сүюіміз керек. Құдай мен адамға деген қосарлы махаббат батареяның екі шетіне ұқсас: егер оның екеуін де ұяшығына дұрыс қондырмаса, тоқ болмайды. Егер біз Құдаймен тату болсақ, онда өзімізде татуластырушыларға айналамыз. Тек жақындарымызбен тату болып қана қоймай, тыныштығы жоқ жандарды да шынайы тыныштық көзіне – Иса Мәсіхке келуге көмектесетін боламыз.

Мәсіхшілік біздің өміріміздің көкжиегін кеңейтеді. Ол бізді өзімізді ғана сүюден құрбандық жасай алатын махаббатқа жетелейді. Құдаймен татулықта өмір сүргенде өміріміз жаңа өлшемге ие болады. Тік бұрышты үшбұрыш сызайық: жоғарғы бұрышқа «Қ» әрпін жазамыз, бұл Құдай дегенді білдіреді. Төменгі сол жақ бұрышқа «М», яғни мен, ал оң жақ бұрышқа басқалар дегенді білдіретін «Б» әрпін жазамыз. Осылайша, үшбұрыштан өзіміздің Құдаймен және басқалармен қарым-қатынасымыздың бейнесін көреміз. Тыныштық Құдайдан бастау алып, Онымен татуластырушылар арқылы адамның жақындарына жетеді.

Біз татуластырушы бола алатын өмірдің көптеген қырлары бар. Жердің түкпір-түкпірінде тыныштыққа мұқтаж емес адам жоқ. Біріншіден, біз өз үйімізде

татуластырушы болуымыз керек. Бүгінгі күрделі заманда отбасылық тыныштықты сақтап тұру оңай емес. Қоғамдағы өзгерістер біздің бүкіл өміріміздің астан-кестеңін шығарды. Әкелер клубқа, шешелер әйелдер жиналысына, ал жастар кафеге кетеді. Отбасылық қарым-қатынас пен мінажат уақытының орнын мына дүниелік мүдделер басады. Қоғамның негізі – отбасы ыдырап бара жатыр. Неке қию кезінде бағушы салтанатты түрде: «Құдай қосқанды адам баласы ажыратпасын!» (Матай 19:6), – дейді. Құдай әрбір қиылған некедегі үшінші жақ емес пе? Әлде отбасылық өмірде Құдаймен санаспаушы ма еді? Бүгінгі күні көптеген отбасылар бүлінуде, өйткені олардың өмірінде Құдайдың маңызы жоқ. Иә, отбасында кейде пікір қайшылығы болуы мүмкін, бірақ онда біріктіретін күш те болуы керек. Бұл күш – тірі Құдай.

Бірде маған бір жігіт үйіндегі күрделі мәселемен келді. Ол ұсақ-түйек үшін әйелімен ұдайы ұрсысатын. Олар бір-бірін кінәлайтын. Жағдай айырылысуға дейін ушықты. Ал мен оған мынадай сұрақ қойдым (бірақ оның жауабын алдын ала білетінмін): «Сіз қауымға барасыз ба? Отбасыңызбен мінажат етесіз бе?» Ол: «Жоқ», – деп жауап берді. Сонда мен: «Сіздің мәселеңіз мынада: қазір сіз Құдаймен тату емессіз. Құдаймен татуласқан кезіңізде, отбасыңыздың барлық мәселесі бірден шешіледі», – дедім.

Ол менің айтқанымды істеді. Шынымен өкініп, өз күнеларын Құдайға ақтарды. Содан кейін оның өңінің қалай өзгергенін көрдім. Оның жан дүниесіндегі тыныштық көздерінен көрініп тұрды. Біраз уақыттан кейін оның әйелі де Исаға келді. Қазір олар – бақытты отбасы. Ол отбасының Басшысы – Мәсіх.

Көптеген ерлі-зайыптылар «жайлы үйіміз бен жақсы жұмысымыз болса, отбасылық өмір бақытты болады» деп есептейді. Алайда олай емес. Жанұя бақытына апарар жол – Құдайды жанұяның Басшысы деп мойындау.

Екіншіден, біз қоғамда татуластырушы бола аламыз. Қоғам көптеген себептерге байланысты құлдырап жатыр, бірақ басты себеп – жала жабу, күйе жағу және кәдімгі мылжыңдық. Мұның пайда болу себебі неде? Құдайға деген қарым-қатынасымыздың дұрыс еместігінде.

Киелі Кітап былай дейді: «Ескі күнәкар болмысымыздан туындайтын қылықтар белгілі: қаскөйлік, ұрыскеріс, қызғаныш, ашу-ыза, кісі өлтіру» (Ғалат. 5:19).

Адамзат Құдайсыз-ақ жақсы қоғам құруға тырысып жатыр. Көптеген мектептерде оқу бағдарламаларынан Киелі кітапты алып тастады. Бұл шайтанның жеңісі іспетті. Нәтижесі айдан анық. Біздің қоғамымыз тамырынан шіріп, батпаққа батып барады. Егер қоғам Құдайға дұрыс орын берсе, тыныштық пен махаббат өз орнына оралып, түрмелерде қылмыскерлер азаяр еді.

Үшіншіден, біз қауымдарда татуластырушы бола аламыз. Алауыздық қауымға да еніп алғанын бәріміз ашық мойындауымыз керек. Лұқа жазған Ізгі Хабарда Мәриям мен Жүсіптің бозбала Исаны жоғалтып алғандарын оқимыз. Олар Оны ғибадатханада жоғалтып алды. Сенуге қиын жағдай. Бірақ мен көптеген мәсіхшілердің Исаны дәл ғибадатханадағы даудамайларда жоғалтып алғандарын өз көзіммен көрдім. Иә, біз пендеміз. Мәсіхшілер де Исаны қауымның ішінде жүріп жоғалтып алады. Оны қалай қайта табуға болады? Оп-оңай: Оны шақыру керек, ал Ол жауап береді.

Төртіншіден, біз жұмыста татуластырушылар бола аламыз. Біздің экономикалық жүйенің басты

қиындықтарының бірі – жұмысшы мен жұмыс берушінің немесе басқарушының арасындағы қарым-қатынас. Ұрыс-керістер жұмысшылар үшін де, басқарма үшін де зиянды. Жақында бір бағушы өзінің үш фабрикада капеллан болып істейтінін жазды. Фабриканың иелері мынадай қорытындыға келіпті: олар жұмысшылармен бірге Құдай сөзін тыңдауға күн сайын аздаған уақыт бөліп отыратын болса, олардың қарым-қатынастары жақсарады екен. Егер өзіңіз жұмыс істейтін өндірісте татуластырушы болғыңыз келсе, басқарма немесе жұмысшы екеніңізге қарамастан, іске кірісе аласыз. Бірақ, ең алдымен, өзіңіз Құдаймен татуласыңыз, сонда Құдай сізді татуластырушы ретінде қолдана алады. Сонымен қатар біз халықаралық қатынастарда да татуластырушыларға зәруміз. Мен бір белгілі саяси қайраткердің құрылтай өткізердің алдында мінажат ету үшін тізе бүгіп отырғанын көрдім. Оның келіссөздер жүргізуге сұраған жарылқауын Құдайдың беретініне сенімді болдым, өйткені ол адамда шынайы татуластырушының рухы бар еді. Ол құрылтайға шынайы достық пейілмен барды, басқалардың көзқарастарына қызығушылық танытты. Тақырыпқа талдау жасауға да дайын болды. Сонда ол ешкімге сес көрсетпесе де, бәрі оны құрылтайдың көшбасшы батыры деп есептеді. Ол өзінің тыныштықты қалайтынына құрылтайға қатысушылардың көздерін анық жеткізді.

Мен халықаралық мәселелерге және мемлекет мәселелеріне жанталаса араласатын адам емеспін. Қала мен мемлекеттегі заң тәртібі – Киелі кітаптық және логикалық ұстаным. Қоғамды қылмыскерлерден қорғау – тәртіп сақшыларының жұмысы. Бірақ қылмыскерді түзету әрқашан жазалаумен ғана жүзеге аспайды.

Иса Мәсіх Никөдемнің қайта туылуы керектігі туралы айтқанда, мұны жалғыз Никөдімге ғана емес, Никөдім сияқты қайта туылуы керек адамдардың бәріне айтты. Өкініп, тәубе ету мен қайта туылу ғана бүліктің соңына нүкте қояды. Мұның нәсілдік мәселелерге де қатысы бар. Айқыштың алдында жер – барлығы үшін тегіс әрі бірдей. Құдай үшін екінші сұрыпты адам болмайды. Татуластыру – жақсы іс, бірақ адам өз күшімен татулық орната алмайды. Тас қалаушының күрексіз қабырға тұрғыза алмайтыны, ағаш шеберінің балғасыз іс тындыра алмайтыны сияқты адам да Көктегі Татуластырушының көмегінсіз тыныштық орната алмайды. Татуластырушы болғысы келетін адамның өзі шынайы Тыныштық берушіні білуі керек. Жер бетінде тыныштық орнатқысы келген адам Көктің тыныштығын білуі керек.

Иса Өз шәкірттеріне материалдық құндылықтарды уәде еткен жоқ. Бірақ Ол ізбасарларына баға жеткісіз нәрсе – Өз тыныштығын сыйлады.

«Мен сендерге амандық пен тыныштық сыйлаймын, Өзімнің тыныштығымды беремін. Менің беретінім осы дүниенің өткінші тыныштығы сияқты емес, сондықтан... қорықпаңдар» (Жохан 14:27). Мәсіх татуластырушыларды бақытты етуге уәде етті.

### **Бақыттылық – қуғындалуда**

*«Әділдік үшін қудаланғандар бақытты: Құдай Патшалығы сондайларға арналған» (Матай 5:10).*

Кім қуғындалғысы келеді дейсіз? Оның несі жақсы? Ешкім де өзіне жала жабылғанын қаламайды ғой. Бәріміз



де өз көршілерімізбен достық қатынаста болғымыз келеді. Әділдік үшін қудалануға қалайша қуануға болатынын түсіну бізге қиын.

Бір қарағанда мәсіхші болу – айналамыздағылардың мойындауы мен қолпаштауына ие болу сияқты болып көрінеді. Шынайы мәсіхшілік мейірімділікпен, адалдықпен, басқаның қамын ойлаумен сипатталады. Өмірін Мәсіхке бағыштаған адамды ықыласқа бөлеу заңды нәрсе сияқты болып көрінеді. Бірақ бұл солай ғана көрінеді. Мәсіхтің «әділдік үшін қудаланғандар бақытты» деген сөздері бізді ойлантып, «не себепті мейірімді адамдар қудаланады» деп сұрауға мәжбүрлейді. Бәлкім, езіңіз де солай сұраған шығарсыз. Мүмкін сізге әділдік үшін қудаланған адамдар – түсінуге қиын, жанталасқан біреулер болып көрінер?

Бірақ бұл әрқашан шынайы себеп бола алмайды.

Физикалық әлемдегі заңдылық сияқты өзгермейтін рухани заңдылық мынау: «Мәсіх Исамен жүріп, Құдайға ұнамды өмір сүргісі келетіндердің бәрі де, қуғындалатын болады» (2 Тимоте 3:12).

Біз моральдік жағынан іріп бара жатқан әлемде өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Адамдар өздері сүйеге тиісті нәрсені жек көреді, келісуге тиісті жерде ұрсысады, тату болу керек жерде төбелеседі. Олар емдеуге тиісті жерде бір-бірін жарақаттайды, бөлісетін жерде ұрлайды және шындықты айтар жерде өтірік айтады.

Жақында бір ойыншық көрдім. Ол басында кір тасы бар кішкене сайқымазақ болатын. Оны қалай қойсаң да, аяғын жоғары, басын төмен қаратып тұра қалады.

Көктен қайта туылмаған адам дәл осы ойыншық сияқты. Ол не істесе де, аяғын жоғары көтеріп тұра қалады. Адам бала кезден-ақ жамандық жасауға бейім.

Бұл – біздің табиғатымыз. Біздің басымызда «кір тасы» бар. Тепе-теңдікті көктен қайта туылған кезімізде Исаның Өзі орнатады. Ол бізді аяғымызға тұрғызады.

Міне, сондықтан да Мәсіхтің шәкірттері аяғын жоғары көтеріп тұрған адамдар үшін беделді болмады. Олар үшін қалыпты жағдайдағы адам аяқтарымен жоғары қарап тұруы керек. Күнәкар үшін әділ адам – жарымес секілді. Мейірімді адам өзінің дұрыс әрекетімен күнәкар адамның теріс әрекетіне сәгіс береді. Сондықтан да жанжал мен қуғынның болары сөзсіз. Бұл өмірге деген әр түрлі көзқарастан туындайды.

Мәсіхтің шәкірттері адамдарды «аяқтарына» тұрғызуға тырысқан кезде кейбір адамдар айқайға басты: «Бүкіл әлемде төңкеріс жасаушылар мұнда да келіпті!» (Елшілердің істері 17:6). Мәсіхшілерді қуғындаудың негізгі себебі де осы. Мәсіхтің әділдігі – адамзаттың өмір сүру салтынан мүлде басқа, қарама-қайшы болғандықтан, осы дүниенің өшпенділігін тудырады.

Егер адамдар әділ болса, Исамен жүріп, Құдайға ұнамды, қуанышты өмір сүрер еді. Бірақ әзірше өзәзіл дүниені еркін кезіп, зұлым ниеттерімен адамдардың жүрегінде билігін жүргізіп тұр, сондықтан да Мәсіхтің соңынан еру оңай болмайды.

Елші Петір былай деп жазды: «Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нұрына шақырған Құдайдың қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, Оған бағышталған қасиетті ұлт – Құдайдың меншікті халқы болдыңдар!» (1 Петір. 2:9).

Кіркелерді бөтен елде ешкім де қуана қабылдамайды. Біз көктің азаматтығын алған келімсектер, әрі кезбелер болғандықтан, бізді Мәсіхтің избасарлары ретінде жат жерлік жарыместер деп санайтындары сөзсіз. Біз әзірше жерде тұрып жатқанымызбен, «біздің отанымыз көкте»

(Філіп. 3:20). Иса Мәсіх былай деген еді: «Өздеріңе байлықты көкте жинаңдар!.. байлықтарың қайда болса, жүректерің де сонда» (Матай 6:20, 21).

Елші Пауыл былай деп жазды: «Содан Құтқарушымызды – Иеміз Иса Мәсіхті сағына күтеміз. Ол әлемдегі күллі нәрселерді де жеңіп бағындыру үшін қолданатын құдіретті күшімен біздің өткінші тәнімізді салтанатты денеге айналдырады» (Філіп. 3:20, 21).

Сонымен, кез келген көзқарас тұрғысынан біз бұл әлем үшін жұмбақпыз. Біз осы әлем адамдарының өмір сүру салттарын талқандаймыз. Иса Мәсіхтің қарсыластары сияқты әлем бізден әрқашан: «Сен де Оның шәкірттерінің бірі емессің бе?» – деп сұрайтын болады.

Кейде бізге күдікпен қарайды. Өйткені бұл дүниенің адамдарына өзі үшін өмір сүргісі келмейтін адамды түсіну өте қиын. Сенбеуші адамдар бізді өтірік әділ болып көрінгісі келеді, бірақ бұл екіжүзділік деп санайды.

Мынаны ұмытпауымыз керек: сенушілер мен түнек билігінің арасындағы үздіксіз соғыстар – қуғындауға себеп болып жатыр. Мен рухани соғысты айтып отырмын, себебі рухқа қарсы рух қана күресе алады. Біздің дұшпандарымыз – әбігершілік рухы, тәннің қалауы және өзәзіл. Соғыс кезінде қарсыластың мейірбандылық танытуын күтуге бола ма? Сондықтан Құдай сөзі бізге былай дейді: «Сенімнің ізгілікті мүддесі үшін жан сала күресіп, мәңгілік өмірді берік ұстан» (1 Тімоте 6:12). «Ешбір сарбаз тұрмыстық істермен шырмалмайды, қайта қолбасшысының көңілінен шығуға ұмтылады» (2 Тімоте 2:4).

Өмір – бұл күрес. Дәрігерлер, тіпті, біздің денемізде де үздіксіз күрес жүріп жатады дейді. Қандағы ақ түйіршіктер біздің денемізге ауру жұқтырғысы келетін

бактерияларға қарсы ұдайы соғысады. Рухани соғыс та үздіксіз жүреді. Елші Пауыл былай деп жазады: «Біз адам баласына қарсы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілеріне әрі дүниені билеп-төстеушілеріне: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз» (Ефес. 6:12).

Түнек жарықты жек көреді.

Менің итім үйдегі дұрыс тамақты жеудің орнына өлген малдың иістеніп кеткен етін қазып алып жегенді жақсы көреді. Адамдар өздерінің күнәлі болмыстарының себебінен нәпсіқұмарлық пен лас нәрселерге сондай бейім. Естеріңізде ме, Мәсіх айтып еді ғой: «Кім айқышын арқалаған кісідей... Менің соңымнан еріп жүрмесе, сол Менікі болуға лайықты емес» (Матай. 10:38). Бұл айқыштың белгісін мойнымызға немесе киімімізге тағып жүруді білдіре ме? Жоқ. Әлде ағаштан айқыш істеп, арқалап жүру ме?

Мұның мағынасы – Мәсіх жер бетіндегі өмірінде қалай азап шеккен болса, біз де Оның айқышының азабын көруіміз керек. Бізге Құдайға бет бұрмаған адамдардан мақтау күтуге болмайды. Сенбеушілердің сенушілерді жек көруі – сенушінің бұл дүниелік емес екенінің айқын белгісі. Мәсіхті қуана-қуана соққан соққылар, Құдайды қорлау үшін істеген істерінің бәрін, олар бізге де көрсетуде. Мәсіх айқышқа біз үшін барды. Енді Мәсіх үшін біздің азап шегетін кезегіміз келді. Елші Пауыл былай деп жазды: «Мен болсам Иеміз Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімінен басқа еш нәрсеге мақтанбай-ақ қояйын. Себебі Оның айқыштағы құрбандығының салдарынан осы күнәкар дүние мен үшін, ал мен ол үшін жоқпын» (Ғалат. 6:14). Пауыл Мәсіх үшін қуғындалуды үлкен құрмет деп санады. Ол Мәсіхтің азаптарын аз да болса көтерісуге мүмкіндік алғанына қуанды.

Енді әділдік үшін қудаланғандар бақытты дейтін өсиетке оралайық: «Әділдік үшін қудаланғандар бақытты: Құдай Патшалығы сондайларға арналған! Адамдар сендерді Маған бола қорлап, қудалап, әр түрлі жала жауып жамандаса, бақыттысыңдар!» (Матай 5:10, 11).

Өкінішке орай, біз өзіміздің қате пікірлеріміз бен аңғалдығымыз, абайсыздығымыз үшін жиі азап шегеміз. Бұдан бақыт таба алмаймыз. Мен мәсіхшілікті дұрыс ұстанбай жүрген талай сенушісімақтарды білемін, олар ешкіммен тіл табыса алмай, керісіп жүреді. Оларға ұдайы қарсыласу рухы билігін жүргізеді. Ал кейбіреуі басқаларды сыйлауды білмейді. Біз тәртіпті болуымыз керек, жақсы қасиеттерімізбен адамдардың назарын өзімізге аударатындай ұқыпты, таза болып, талғаммен киінуіміз қажет. Ал егер бәрі керісінше болса, бұл Ізгі Хабарға абырой әкелмейді.

Елші Пауыл былай дейді: «Біз... тірі Құдайға сенімімізді арттық. Сол себептен... қорлыққа төзудеміз... Сенушілерге сөйлеген сөзің, мінез-құлқың, сүйіспеншілігің, сенімің және пәктігіңмен үлгі бол» (1 Тімоте 4:10, 12).

Біз Мәсіхке сенушілердің неліктен қудаланатындарын қарастырдық. Қудалануда қандай бақыт бар? Бақыт жайлы осы соңғы өсиет былай деп аяқталады: «Қуана шаттаныңдар, себебі көкте сендерді зор сыйларың күтіп тұр! Жұрт сендерден бұрынғы пайғамбарларды да солай қудалаған».

«Қуаныш» деген сөз бүгінгі мәсіхшілердің сөздік қорынан мүлде жойлған. Мұның бір себебі – адамдар бақыт пен қуанышты жердегі өмірдің рахатымен, салтанатымен байланыстырады. Бірақ бұл олай емес. Елші Жақып: «Жұмсақ орындарға отырғанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар», – деп жазған

жоқ, керісінше: «Алуан түрлі сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар» (Жақып. 1: 2), – деді. Бұл мүлде басқа әңгіме.

Қуғындалғандар бақытты, өйткені Тәңір оларды осындай жолмен Аспанға дайындауда. Егер қиындық болмаса – өсу болмайды, жетілу де болмайды. Азап шегусіз даңқ болмайды. Күрессіз жеңіс болмайды. Иса үшін қуғын көрмесек, не үшін және қай бетімізбен марапатты күтеміз?

Елші Петір былай деп жазды: «Барлық рақымның бастауы – Құдай, біразырақ уақыт азап шегіп жатқан сендерді қайтадан жетілдіріп, нығайтып, қуатты да табанды етпек. Себебі Ол Мәсіх Иса арқылы сендерді Өзінің салтанатты ұлылығын мәңгі бөлісуге шақырды» (1 Петір. 5:10). Біз, адамдар, елші Пауылдың мына сөздерін оп-оңай ұмытып кетеміз: «Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді».

Менің таныстарымның бірі экономикалық дағдарыс кезінде жұмысынан, көп ақшасынан, әйелі мен үйінен де айырылды. Бірақ ол өзінің Тәңірдің рақымына деген сенімін берік ұстанды. Оның қолында қалған бар байлығы сол болатын. Бірде ол қауым үйінің мұнарасында жұмыс істеп жатқан тас қалаушыларды көреді. Олардың бірінен:

– Бұл тасты не істемексіңдер? – деп сұрайды. Тас қалаушы былай деп жауап береді:

– Жоғарыдағы істіктің маңайынан кетік көріп тұрсыз ба? Сол кетікке дәл келуі үшін тасты қашап, қажетті пішінге келтіремін.

Оның қасынан кеткен кезде менің досымның көзіне жас үйірілді. Себебі Құдай сол тас қалаушы арқылы Оған мұндай сынақты неліктен басынан өткізіп жатқанын айтып тұрған сияқты болып көрінді.

Әділдік үшін қудаланғандар бақытты, өйткені олар Мәсіхпен бірге. Егер дүние бізге қарсы болса, бұл – біздің Тәңірімізбен бірге дұрыс жолда екендігіміздің дәлелі. Иса біздің Оған деген адалдығымыздың әлемді ашуландыратынын айтқан: «Менің атымды мойындағандарыңа бола барлық жұрт сендерді жек көретін болады. Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады» (Матай 10:22). Сірә, елші Пауыл римдіктерге арналған хаттың 8-тарауы, 19-аятты жазған кезде дәл осы туралы ойлаған болса керек: «Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне әбден сенемін». Егер, тіпті, мәсіхшіге өмір бойы азап шегуге тура келсе де, бұл мәңгілікпен салыстырғанда түк емес. Мәсіхші мәңгілікте Мәсіхпен бірге бай мұраны иеленеді.

Біз Патшаның баласы екенімізді білсек, онда өмір біз үшін мәнін жоғалтпайды. Құдайды сүйетіндер өмірден түңілмейді. Олар өмірдегі барлық жағдайларды қабылдайды. Құдай жол берген нәрсе деп қабылдаған кезде қайғы жарылқауға айналады. Бұл – хирургияның біздің әрбір жарақатымызға тигізетін септігі сияқты. Біздің өміріміздің айқышындағы қашалған жазулар – аспандағы гүл тәжінің белгісі.

Ақыр соңында қуғын да бізге бақыт әкеледі, өйткені ол – мәсіхшілік өмір сәулесінің күңгірт фоны. Өнердің барлық керемет туындыларында жарық пен көлеңке бар. Бақытты ғұмыр жарыққа ғана емес, көлеңкеге де толы: ол – осылай ғана өз сұлулығын паш ете алады. Ең ұлы сазгерлердің әндері қайғы-мұңнан туады. Забур жырларын айтатын әнші Фанни Кросби зағип болатын, алайда оның Мәсіхке деген сүйіспеншілігі зор еді. Ол зағип көздерімен көп нәрсені жанары барлардан артық көретін.

Елші Пауыл мен Сыйлас Філіпі түрмесінде құрсауға таңулы күйде түн ортасында Тәңірге арнап ән салды. Бұл – жалған тәңірге табынушы күзетшіні Құдайға тәубешілікке алып келді. Азап шегуші мәсіхшілердің қаны өркениеттің тастарын бекітуге арналған ыдыста араласты.

Құдайдың қызметкерлерінің жасаған құрбандықтары біздің мәдениетімізге, этикамызға және сенімімізге зор әсерін тигізді. Бз жүрегіміздің терең түкпірінде өлуге тұратын себептер барын білеміз.

Уа, Құдайдың балалары, сіздерге азап келген кезде үміттеріңіз үзілмесін. Мынау бір жазушының сөзі: «Ауыр жарақат алмай дірілдеген даусыңыз, адамдардың жүрегін селт еткізетіндей күшке қалай ие болуға болады? Тек жаралы сарбаздар ғана сүйіспеншілікпен қызмет көрсете алады».

Азап шегуші Сандерс 1555 жылы бағанаға байлаулы тұрып былай деген екен: «Саған сәлем беремін, Мәсіхтің айқышы. Мен оттың азабын сезіп тұрған жоқпын, дәл бір мамықта жатқан сияқтымын». Міне, бақытты рух деп осыны айт! Міне, бақыттың жоғарғы шыңы!

Басқа бір азап шегуші өзі байлаулы тұрған бағанды сүйіп: «Менің шынжырларымның дыбысы құлағыма әуен болып естіліп тұр. Ар-ожданыңның таза болғаны неткен жұбаныш десеңші! Мен өмірден айырылып жатқан жоқпын, керісінше, керемет өмірге ие болғалы тұрмын. Шоқтың орнына ұстағандарым маржандар болады», – депті.

Сіз сол азап шеккен адамдар сияқты қиындық көрмейсіз. Алайда біз басқа уақытта өмір сүрсек те, шайтан психологиялық тұрғыдан шабуыл жасауын тоқтатпайды. Тіл әдетте қылыштан да өткір. Егер сіз



Құдайды сүйсеңіз, бұ дүниелік адамдардың тілінен тамған ғайбат сөздерінен қашып құтыла алмайсыз.

Бәлкім, қазіргі заманда қуғынның жоқтығы біздің өміріміздің Құдайдың жоспарына сай еместігін көрсетеді деп санайтын боларсыз. Олай емес. Кейбір жерлерде бүгін де мәсіхшілік сенім қуғындалуда, мәсіхшілер азап шегіп, кейбірі, тіпті, өлім құшуда. Бірақ мен қуғын аз болатын мемлекетте тұрамын. Алайда өз бастарына қуғын шақырған мәсіхшілерді де білемін, олар басқаша құтқарыла алмаймыз, Құдайға басқаша ұнай алмаймыз деп қорыққан еді.

Естеріңізде болсын: мәсіхшілердің бәрі бірдей минут сайын азап шегуге тиіс емес. Одан гөрі Мәсіхпен бірге болу және Мәсіх үшін өмір сүру маңыздырақ әрі қиынырақ. «Мәсіх үшін өмір сүру» деген осы арманыңызды сақтаңыз. Болашағыңыз жайлы қам жемеңіз. Бір адам былай дейді: «Жеңілтектігіңнің кесірінен азап шекпес үшін не Мәсіхтің айқышынан алшақтап кетпес үшін жүріп келе жатқан жолыңнан бір қадам да шетке шықпа».

Мәсіхші үшін қуғындалудан гөрі атақ пен мансап әлдеқайда қауіпті. Барлығы қалыпты жылжып келе жатқан кезде тепе-теңдікті жоғалтып алу оп-оңай. Біз елші Пауыл сияқты өмір сүруді үйренуіміз керек: «Мен жоқшылықта да, молшылықта да... қанағат етудің құпиясымен жақсы танысып алдым» (Філіп. 4:12).

Мәсіхпен жүріп, Ол үшін өмір сүріп, Оған ұнамды болуды бар жан-тәнімізбен қалау – өте маңызды, сонда өміріміздегі түрлі жағдайларға қарамастан, өзіміз аса бір құнды нәрсені үйреніп жатқанымызды, Оның бізді бұдан да маңызды қызметке дайындап жатқанын білетін боламыз.

Даниял пайғамбардың кітапбында үш исраилдік бозбаланың жанып тұрған пешке тірідей

лақтырылғандары жайлы жазылған. Бірақ патша: «Қараңдар, мен от ішінде емін-еркін аман-сау жүрген төрт адамды көріп тұрмын! Ал төртіншісі Тәңірдің баласы іспетті екен!» (Даниял 3:25), – депті.

### **Бақытқа апаратын жолдар**

Ағылшын королі Георг бесінші бір досының Киелі Кітабының бірінші бетіне былай деп жазыпты: «Бақытқа апарар жол – сіздің арман-тілектеріңіздің орындалуында емес, сіздің өмірге келу мақсатыңызды орындауға деген құштарлығыңызда жатыр».

Көп адамдар арманына жетуді бақыт деп санайды. Оған үздіксіз ізденістер арқылы қол жеткізуге болады дейді. Бірақ бұл мүлде олай емес. Бақыт ізденіс арқылы табылмайды; бақыт – басты мақсат емес. Біз бала күнімізде ойлағанымыздай, бақыт құсы өзі ұшып келіп, қолымызға қонбайды. Алтын жер астынан қазылып алынады немесе сумен ағып шығады. Иса Өз шәкірттеріне: «Ең бастысы Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылыңдар. Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді», – деп айтқан еді. Мұндағы «бәрі» – бақыт пен қауіпсіздік сезімін беретін нәрселер: тамақ, су, киім, баспана. Мәсіх бізге бұларды өміріміздің басты мақсаты етпеуіміз керектігін ескертіп, ең алдымен, Құдай Патшалығын іздеуге кеңес береді, сонда күнделікті мұқтаждықтарымыз қанағаттандырылатын болады.

Бақыттың құпиясы – Құдай Патшалығында.

Мен алдыңғы беттерде бақытқа жетудің Иса Мәсіх берген формуласын түсіндіруге тырыстым. Көптеген көзқарастар тұрғысынан мазмұны жағынан да, айқындылығы жағынан да біздің түсіндірмелеріміздің

жеткіліксіз екенін білеміз. Таудағы уағызға берілген кіріспе сөздерді неғұрлым көбірек оқыған сайын Құдайдың даналығы да соғұрлым көбірек ашыла түседі. Егер біз өз өмірімізде бақыттылықтың өсиеттерін орындауға неғұрлым көбірек күш салар болсақ, онда бізді бай, әрі толыққанды өмір күтіп тұрғанына сеніміміз соғұрлым көбірек нығая түседі.

Мен Иса Мәсіхпен бірге қалай бақытты өмір сүруге болатыны жайлы бірнеше кеңестер ұсынамын:

## **1. Өзіңіздің рухани жарлы екеніңізді мойындаңыз**

«Мен баймын, ештеңеге мұқтаж емеспін» деп мақтанбаңыз. Есіңізде болсын: Құдай алдында сіздің тазалығыңыз ластанған киім сияқты. Ісіңізбен құтқарыла алмайсыз, құтқарылу – Құдай беретін сый. Онымен ешкім де мақтана алмайды. Бақыттылықтың бірінші өсиетін есте ұстаңыз: «Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты, өйткені Құдай Патшалығы сондайларға арналған».

Құдай адамның жетістіктері мен қабілеттерін емес, күнәларына қаншалықты өкініп, ақиқатты қаншалықты қабылдағанын өлшейді.

## **2. Иса Мәсіхті шынымен Құтқарушы ретінде қабылдағаныңызға сенімді болыңыз**

Есіңізде болсын: біз өзіміздің көз жеткізгеніміз немесе сіңірген еңбегіміз арқылы құтқарылған жоқпыз, біз Мәсіх арқылы құтқарылдық. Інжіл былай дейді: «Бірақ, Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (Жохан 1:12).

Айталық, сіз автобуспен бір жаққа барғыңыз келді. Сіз оның жақсы автобус екеніне сенесіз және оның сізді

барғыңыз келген жаққа алып баратынына да сенімдісіз. Бірақ осылардың бәріне қарамастан, автобуска өзіңіз отырмасаңыз, ешқайда бармайсыз.

Мәсіх жайлы біліп қана қою жеткіліксіз. Оның Құтқарушы екеніне сенімді болу да аздық етеді. Иса Мәсіхтің көптеген адамдарды құтқарғанына сену де жеткіліксіз. Өз өміріңізді Оның қолына тапсырып, Оны өз Құтқарушым деп қабылдаған кезде ғана сіз Оның мұрагеріне айналасыз.

Сіздің тәніңіз қатты ауырса, дәрігерге сенім артасыз. Егер сіз көлікке сенсеңіз, оған отырып, бір жаққа барасыз. Ал Иса Мәсіхке деген сеніміңізді Оған өз өміріңізді тапсырып, Оны Құтқарушы ретінде мойындаған кезіңізде ғана көрсете аласыз.

### **3. Мойынсұнғыш рухты сақтаңыз**

Забур жыршысы Дәуіт былай деп жазды: «Шын опық жеп, бағынған жүрекке Сен теріс қарамайсың, уа, Ием» (Забур 50:19). Шын жүрегіңізден өз айыбыңызды ақтарыңыз. Есіңізде болсын, елші Жохан мәсіхшілерге былай деп жазды: «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (1 Жохан. 1:9).

Мәдениетті адам біреуді жәбірлеген болса, сол сәтте кешірім сұрауға дайын тұрады. Егер адам қонаққа барғанда біреудің аяғын басып кетсе, сол кісіден кешірім сұрау үшін бір апта бойы күтпейді. Ол сол сәтте кешірім сұрайды.

Егер сіз Құдайдың заңын ащы сөзбен немесе оймен бұзған болсаңыз, онда бұл күнәні Құдайдың алдында бірден мойындаңыз.

Ол Өз уәдесіне сай сізді кешіріп, жүрегіңізді тазартады. Осыларсыз бақытты өмірді елестету де мүмкін емес.

#### **4. Басқалардың мұқтаждығына құлақ асуға дайын болыңыз**

Мәсіхшілік үшбұрышында Құдай – бірінші, басқалар – екінші, ал менің «менім» ең соңғы орында. Елші Пауыл: «Қуанғандардың қуанышына, қайғырғандардың қайғысына ортақтасыңдар!» – деп жазды (Рим.12:15). Басқалардың сезіміне түсінушілікпен қараңыз, елгезек болыңыз. Мәсіхтің сөздерін ұмытпаңыз: «Қайғырғандар бақытты: Құдай оларды жұбататын болады».

Басқалардың мұқтаждықтарына көмек қолын созудан асқан қуаныш жоқ. Миллиондаған адамдар баспанасыз жүргенде өзіңіздің молшылығыңызға мақтанбаңыз. Киелі кітапты оқыған кезіңізде миллиондаған адамға Құдай сөзі қажет екенін есте ұстаңыз. Жер беті тұрғындарының жартысынан астамы ешқашан Ізгі Хабарды естіген де жоқ. Көмек сұраған миллиондаған адамдармен қолыңызда бармен және өзіңіздің мінажаттарыңызбен бөлісіңіз.

#### **5. Жартылай мәсіхші болмаңыз**

Олар қазір тым көп. Әлем шынайы сенімдегі адамды сыйлайды. Біз Киелі кітаптан екі қожайынға: Құдай мен байлыққа бірдей қызмет етуге болатынын білеміз. Бұдан қорқу керек. Өздерін мәсіхшіміз деп атайтын көптеген адамдар хамелеонға ұқсайды: айналадағы жағдайларға қарап, терілерінің түсін өзгертіп жібереді. Тіпті қарамақайшы әлемнің өзі де нағыз мәсіхші мен жалған мәсіхшіні айыра алады.

## **6. Бүкіл өміріңізді Мәсіхке тапсырыңыз**

Киелі кітап бұл туралы анық айтады. Ол: «Сендер білесіңдер ғой: егер біреуге бағынып, оның еркін орындасандар, онда сол қожайындарыңның құлы боласыңдар. Сол сияқты сендер не мәңгілік өлімге апаратын құл боласыңдар, не Құдайға мойынсұнып, әділдікке қызмет етесіңдер» (Рим. 6:16), – дейді.

Зерттеуші Дәуіт Ливингстоунның бір досы былай депті: «Ливингстоунның өз өмірінде «өзіңнен бас тартып, Мәсіхтің соңынан ер» деген өсиетті қалай орындайтынын көргенімде, өзімнің теріс әдетіме қарамастан, мәсіхшіге айналдым.

## **7. Құдай Рухына кенеліңіз**

Өмірлерінде үлкен рухани жеңіске ие болған адамдар Иса Мәсіхтің Рухына толы болатын. Алғашқы шәкірттер Киелі Рухқа кенелді, сөйтті де, жалған тәңірге табынушылыққа үлкен тойтарыс берді. Он алтыншы ғасырда Реформация қайраткерлері Киелі Рухқа толды, сөйтіп, Оксфордтағы шағын университеттік топтан бастап бүкіл Англияны моральдік құлдыраудан құтқарып қалды. Муди мен Санки Киелі Рухқа кенелді, сонда олар екі құрлықты рухани ұйқыдан оятып, дүр сілкінтті. Тарих беттерін Киелі Рухқа кенелген адамдар жарқыратқан кезде өркениеттер жетіліп, ұлттардың тағдыры өзгерді. Киелі кітап арақ-шарап ішіп, жүгенсіздікке салынған біздің ұрпаққа былай дейді: «Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар, бұл жүгенсіздікке апарады! Қайта Киелі Рухқа кенеле беріңдер!» (Ефес. 5:18).

## **8. Өз өміріңіздегі Киелі Рухтың жемісін жетілдіруге тырысыңыз**

Жазбабылай дейді: «Киелі Рух өмірлерінде жетілдіретін жеміс мынадай: сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық. Ешбір заң бұларға қарсы тұрмайды» (Ғалат. 5:22, 23). Сіз былай деп айтуыңыз мүмкін: «Мен мұндай жемістерді өсіре алмаймын. Бұл мүлде мүмкін емес». Келісемін. Сіз мұны өзіңіздің күшіңізбен өсіре алмайсыз. Бірақ есіңізде болсын, Құдай сөзі: «Рухтың жемісі...» – дейді. Құдай Рухы сізде болса, ол жеміс тудырады. Сіз оны күтіп-баптап, өз жүрегіңізді Құдайға бағынуға дайындауыңыз қажет.

Бәлкім, сіздің жеміс ағашыңыз бар шығар? Егер топырақ тыңайтылмаған, зиянды жәндіктер құртылмаған болса, онда жақсы өнім де болмайды.

Мәсіхшілердің бойында Құдай Рухы өмір сүреді. Бізге қажеті – Киелі Рух Өз өнімін бізде өсіре алу үшін өз өмірімізді күнәдан сақтауымыз керек.

## **9. Киелі кітапты зерттеп оқыңыз**

Тағы да еске сала кетемін: мәсіхшілердің бір ғана компасы бар, ол – Киелі кітап. Авраам Линкольн бір танысына жазған хатында былай депті: «Менің қазір Киелі кітапты оқудан қолым босамайды және одан үлкен нәтиже көрудемін». Осы Кітаптан қабылдауға болатын нәрселердің барлығын санамен және сеніммен қабылдаңыз, сонда мәңгілікке бақытпен жетесіз.

Ұлы адамдардың көбі Киелі кітапты өздерінің басты кітабы және тұрақты жетекшілері етті. Менің бір танысым – халықаралық саясаттағы белгілі қайраткер, маған

өзінің әр күнін Таудағы уағызды оқумен бастайтынын айтты.

Әр күніңізді жазбадан шағын үзінді оқумен бастаңыз. Сонда, күннің соңында Құдай сөзі сізге тәлім беріп, жаныңызды тыныштандыратын болады. Құдай өзі – сіздің үмітіңіздің негізі және жаныңыздың наны болсын.

## **10. Мәсіх жайлы куәлік етіңіз**

Иса Мәсіх: «Сендер дүниеге нұрсыңдар» (Матай 5: 14), – дейді. «Сендердегі нұр адамдарға сәулесін төксін. Осылайша олар игі істеріңді көріп, көктегі Әкелеріңді мақтап дәріптесін» (Матай 5:16). Шынайы сенуші жалғыз өзі-ақ, үн-түнсіз сеніп жүргендерден артық куәлік береді.

Шотландиядағы белгілі жас уағыздаушы Том Аллен бір қара нәсілді жауынгердің «Менің Тәңірімді айқышқа керген жерде сіз болдыңыз ба?» деген әнді айтып отырған кезінде, өзінің Иса Мәсіхке сол арқылы бет бұрғанын мойындайды. Ол әнді де, дауысты да кейін еш жерден естімегенін, бірақ әнді айтып отырған жауынгердегі ерекше рухты сезгенін айтады. Қара нәсілді жауынгердің шын көңілмен ән салғандығы оны қайран қалдырды. Бұл оған жүгенсіз өмір сүріп жатқанын ашып көрсетіп, Мәсіхке Құтқарушы ретінде бет бұрғызды.

Біздің сеніміміз де әр түрлі куәліктер арқылы өседі. Егер біз сенімімізде өскіміз келсе, оны басқалармен бөлісіп, Мәсіх жайлы нақты куәлік келтіруіміз керек.

## **11. Құдайдың панасында екеніңізді ұдайы сезініңіз**

Иса Мәсіх былай деді: «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін, әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын» (Матай 28:20). Есіңізде болсын:



Мәсіх үнемі сіздің қасыңызда. Мәсіхтің панасында тұрып, жағымсыз сөздерді ешқашан айтпаңыз. Бірақ Мәсіх сіздің жаныңызда істеріңізді айыптау үшін немесе сізге үкім шығару үшін тұрған жоқ. Ол үнемі жұбату, бағу, басшылық ету, жігерлендіру, нығайту, тазарту, көмек беру үшін сіздің жаныңызда болады. Ол сізбен әр күні ғана емес, дүниенің ақыр соңына дейін бірге болады.

## **12. Мінажат етуді үйреніңіз**

Иса Мәсіх: «Құдайдан үміт үзбей сұрай беру...» керектігін айтты (Лұқа 18:1). Таудағы уағызында Мәсіх былай деген еді: «Көзге көрінбейтін Әкелеріңе сиыныңдар! Сонда құпия істердің бәрін көретін Әкелерің сендерге сыйын бермек» (Матай 6:6).

Мінажат – өтініш қана емес. Мінажат Құдайдың бұйрықтарына мойынсұнуды білдіреді. Осы заманның бір жазушысы былай дейді: «Мінажат – сөздің тура мағынасында – екеудің әңгімесі. Мен үшін ең бастысы – Құдайдың беретін жауаптарына құлақ салу». Мінажат – Құдай мен адамның арасындағы диалог. Әлемдегі ең белгілі мәсіхшілер өмірлерінде мінажатқа белгілі бір уақыт бөлген. Мысалы, Джон Уэсли таңғы төртте тұрып, күнді мінажатпен бастайтын, содан кейін Киелі кітапты оқитын.

Мен сізге Құдаймен әңгімелесуге уақыт бөлуге кеңес беремін. Онымен кездесуді белгілеңіз де, уақыттан кешікпей келіңіз. Сіз бұл үшін ешқашан өкінбейтін боласыз, өйткені, «әділ адамның Құдайға сиынуының күші орасан зор» (Жақып 5:16).

### **13. Рухани еңбекке деген бейімділігіңізді арттырыңыз**

«Әділдікті аңсап зарыққандар бақытты: олар қанағат табатын болады!» Рухани қабілеттер физикалық қабілеттер сияқты жетілдіріледі. Бір кездері маған ірімшік ұнамайтын, бірақ әйелім оның пайдасы зор екенін айтты. Осыдан кейін оның өзіме керек екенін айтатын болдым. Қазір ірімшікті жақсы көремін. Әуелі Киелі кітапты оқу да куәлік ету мен мінажат ету сияқты қиын болады, бірақ осы рухани жаттығулардың күшін сезгенде, олар тыныс алу мен тамақ сияқты сіздің өміріңіздің бір бөлігіне айналады. Бұл сіздің жан дүниеніңізге күш береді.

### **14. Басқаларды сынамаңыз**

Басқаларды сынап-мінеу – сіздің рухани жетілуіңізді тежейді. Адам өзгелердің есебінен өз пайдасын көздемеуі керек. Егер сіз басқаларды мақтасаңыз, өз кезегінде олар да сіз жайлы жақсы сөздер айтатын болады. Сыннан сын, мақтаудан мақтау туады. Иса Мәсіхтің айтқан сөздерін ұмытпаңыз: «Мейірімділер бақытты: Құдайдың мейірімі соларға түседі».

### **15. Басқаларды күндемеңіз**

Біздің заманымыздағы ең жұқпалы екі күнә – күншілдік пен дүниеқоңыздық. Басқаларды күндеу сіздің өміріңізді күйретіп, рухани күшіңізді сарқиды. Тіпті жалғызбасты етіп, мәсіхшілік атыңызға дақ түсіреді. Күншіл болмаңыз! Бұл жаман қасиет адамның түбіне жетеді.

## **16. Барлық адамдарды сүйіңіз**

Киелі кітап былай дейді: «Сүйіспеншіліктерің адал болу керек. Жамандықты жек көріп, жақсылықты берік ұстаныңдар» (Рим. 12:9). Сүйіспеншіліктерің... болуы керек. Мұның мағынасы – біздің өзімізге деген сүйіспеншілігіміз кедергі жасамайтын болса, жүрегіміздегі Мәсіхтің сүйіспеншілігі бәрін де сүйе алады және сүйетін болады.

## **17. Адал болыңыз**

Бір көпестің ұлы – Питкин Мәсіхке бет бұрған соң шет елге миссионер болып бармақ болады. Кешікпей ол достарына былай деп хат жазады: «Енді аз ғана уақыттан кейін біз өзіміздің Тәңірге қай жерде қызмет ететінімізді білетін боламыз: осы жерде ме, әлде аспанда ма?» Содан көп өтпей-ақ Питкин отырған мәсіхшілер отбасын бір тобыр басып кіріп, басқаларды қорғаған Питкиннің басын алыпты. Басты жалған құдайға табынушылардың ғибадатханасына әкеліп, денесін басқа тоғыз мәсіхшінің сүйегімен бірге орға тастайды. Оның биографы былай деп жазады: «Питкин тірі жүргенінен гөрі өлімімен көптеген жүректерге қозғау салды».

Бүгін де, Мәсіх Өзі үшін азап шегуге дайын адамдарға мұқтаж. Қандай жағдай болса да, шындықтан жалтармай, Исаға адал болыңыз.

## **18. Мәсіхпен демалуды үйреніңіз**

Бірде тәй-тәй басқан сәбидің жүруге қалай талпынғанын бақыладым. Анасына қарап тұрған кезде

ол тепе-теңдікті дұрыс ұстап, аяқтарын нық басты. Ал анасының көзі тайып кеткенде, құлап қалды. Елші Петір Ғалилея көлінің үстімен жүре аламын деп шешті және Мәсіхке қарап жүріп кетті. Ал Құтқарушыдан көзін тайдырған кезде, суға бата бастады.

Біз күрделі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Адамзат жүйкенің жұқаруы мен қорқыныштан қажыды. Адамды күнделікті өмірдің қысымынан Мәсіхке деген тірі сенімнен басқа еш нәрсе азат ете алмайды. Мен күніне екі-үш рет мыңдаған адамның алдында уағыз айтатын қызметімде шаршап, мазасызданып, толық тынығуға болатын оңаша жер іздеймін. Бірақ қысқа мінажаттан кейін өзіме былай деймін: «Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де тезе аламын». Мен Оның қуат беретін панасын анық сеземін. Кейде уағыздан соң жаңа туған сәбидей тыңайып, сергіп қаламын. Сіз де Мәсіхтен тыным табасыз.

## **19. Шектен тыс сезімтал болмаңыз**

Айтылған сынға шектен тыс сезімтал болмаңыз және қоғамдағы орныңызды биік деп санамаңыз. Көптеген өзімшіл адамдар осындай жаман қасиеттің құрбаны болды. Олар секемшіл. Мұндай адамдарға екеудің өзара әңгімесі өзіне қатысты сияқты болып көрінеді. Сонда адам өзінің «меніне» жасырынып қалады да, күдік пен күмәннің торына түседі. Оба сияқты мұндай сезімнен абай болыңыз.

## **20. Өз жаныңыздың мәңгілік екенін есіңізден шығармаңыз**

Бұл өмірде үнемі аман-сау, жақсылықта бола алмайсыз. Есіңізде болсын, біздің жер бетіндегі өмірі-

міз – тек мәңгілікке дайындық қана. Бақыттылық жайлы өсиеттерінде Иса Мәсіх бұл өмірде қуғын да, жала да, ғайбат та, өтірік те болатынын айтты. Бірақ Ол мына сөздерді де айтты: «Қуана шаттаныңдар, себебі көкте сендерді зор сыйларың күтіп тұр!» Мұнда, жер бетінде бізге тек мұра ғана уәде етілді. Ал көкте біз оған толық ие боламыз.

Мәсіхші мәңгілік өмір жайлы ойлайды, соған қарай әрекет етеді. Жағдай оның жоспары бойынша жүрмеген кезде, ол қатыгезденбейді. Ол «болашақта... анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігін» біледі. Мәсіхші Мәсіхте қуанып, шаттанады.

Бұрындары Батыс Америкада алтын көп болған кезде алғашқы қоныс аударушылар үлкен қиындықтарға және үндістердің аяусыз шабуылына ұшырады. Бірақ олар өздерін Калифорнияның алтыны күтіп тұрғанын білетін.

Бірнеше жыл бұрын бір байдың ұлы шет елге миссионер болып кетті. Оны көптеген достары ақымақ санады, өйткені ол енді өмірін бекер өткізеді деп ойлады. Бірақ Борден Мәсіхті сүйетін, адамдарды да сүйетін. Ол барған жерінде ұзақ өмір сүрген жоқ, безгекпен ауырып, қайтыс болды. Ал төсегінің жанынан өлер алдында жазған мынадай хаты табылды: «Сылтау жоқ! Шегініс жоқ! Өкініш жоқ!» Ол Тәңірге аз ғана уақыт қызмет етсе де, тапқан бақыты көп адамдардың өмір бойы іздеген бақытынан әлдеқайда артық болды.

Жер шарының сан мыңдаған мәдениетті және білімді тұрғындары өз бақыттарын Мәсіхтен тапты. Бұл бақытты сіз де таба аласыз. Бірақ есіңізде ұстаңыз, бақыттың өзін іздесеңіз, оны ешқашан таба алмайсыз. Мәсіх былай деген еді: «Ең бастысы Құдай Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді».

Ашығып, жаным іздесем,  
Нанымсың менің Тәңірім.  
Тозаққа мың жол апарса,  
Жұмаққа барар тек Өзің.

Қалдырма, досым, кейінге,  
Бүгін-ақ бет бұр Тәңірге.  
Тірі су ағар бұлақтың,  
Көздері Иса Мәсіхте.

Аз адам білер осыны,  
Білмейді көбі, басымы.  
Ақталып рахат табатын,  
Жұмақтың ашық есігі.

Шөлдесе жаның қысылып,  
Үндемей жүрме қымсынып.  
Сен үшін қиған Өз жанын,  
Қабылда, келші бас иіп.

Сенсең Оған иланып,  
Биікке жетіп самғайсың.  
Уақытында келмесең,  
Кеш қалып, талды қармайсың.

Исаның жолы – ақиқат,  
Әділ, дұрыс, шындық жол.  
Тозаққа мың жол апарар,  
Бауырым, өзің абай бол.

Қайғы-қамсыз балалық шақ байқатпай өте шықты.  
Ұзақ күттірген албырт жастық еркін өмірдің қақпасын  
кеңінен ашты. Ар-ождан даусы сені жақсылыққа,  
шындыққа, жарыққа шақырып тұрды. Ал сен жанның

бұл компасын тастай салдың да, жеңіл рахаттың азғын шоқтарына қарай беттедің. Аңсаған бақытқа апарар жол осылар деп ойладың, сөйтіп, күнәнің аяусыз құрығына түсіп кеткеніңді байқаған да жоқсың.

Күнә ерікті тұсап, ар-ожданды сөндіреді, тәнді қорлап, отбасын бүлдіреді. Өмір сүруге шақырылған балаларды өлтіріп, жанды мәңгілік азапқа салады. Бұл құрсаудан адам ешқандай күшпен шыға алмайды.

Бірақ Құдай әлемді сүйгендіктен, күнәдан арылудың жалғыз құралын – Өз Ұлы Иса Мәсіхті тегін ұсынды. Шынайы азаттық, нағыз бақыт, мәңгілік өмір – тек Исада ғана. Өз қойлары үшін жанын қиятын мейірімді бақташы секілді Мәсіх сенің құныңды төлеу үшін Өз өмірін қиды.

Зер салып тыңдашы, Мәсіх сені шақырып тұр: «Қиналып, қатты шаршап-шалдыққандар, еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіңдер бәрің, жандарыңды Мен рахатқа бөлеймін» (Матай 11:28).

Бұл шақыру сенің ар-ожданыңа үнқатып тұр: мәсіхшілік радиохабарлардан, сенушілердің жиналыстарынан, Киелі Жазбалардың беттерінен де таралып жатыр.

**БҰЛ ШАҚЫРУЛАРДЫ ЕЛЕМЕЙ ҚОЙМА,  
МӘСІХТІ СЕНІММЕН ҚАБЫЛДА.**

## Мазмұны:

Автордың кіріспе сөзі .....	4
Бақытты іздеу .....	6
Бақыттылық – жарлылықта .....	12
Бақыттылық – қасіретте .....	22
Бақыттылық – кішіпейілділікте .....	33
Бақыттылық – шындық үшін шөліккеуде .....	46
Бақыттылық – жанашырлықта .....	62
Бақыттылық – тазалықта .....	73
Бақыттылық – татуластырушылықта .....	86
Бақыттылық – қуғындалуда .....	95
Бақытқа апарар жолдар .....	105